Музыка жетекшісінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы №13 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

Топ:”Балапан” кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024оқу жылы.

№	ҰІӘ тақырыбы	ҰІӘ мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Қуыршақ Әйгерімнің барабаны	Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауға үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру.	1	05.09
2	Асыл әжем	Балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдауда зейіні мен есте сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту.	1	12.09
3	Сылдырмақтар сылдырлап	Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты ойната білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру.	1	19.09
4	Айгөлектей дөңгелеп	Балаларды еліміздің Әнұранын тыңдауда ерекше эмоциялық сезімде қабылдауға және әннің сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкалық аспаптарды ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	1	26.09
5	Ару күз	Балалардың жаңбыр туралы әнді тыңдауға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, ілесе айта білу	1	03.10

		дағдыларын жетілдіру; күз кереметтерімен таныстыру.		
6	Күз сыйлаған топ-топ	Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге	1	10.10

		жаттықтыру.		
7	Көңілді тоқаштар	Балалардың дәліз туралы әнді мұқият тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету;әнді қабылдау қабілеті мен шығармашылыққа баулу; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды педагогқа ілесе қайталай білуге машықтандыру; нанның қасиетімен таныстыру.	1	17.10
8	Торғайсың, тынбайсың!	Балалардың құстар туралы музыканы тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; әндегі дыбыс ұзақтығын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкадағы әсемдік пен нәзіктікті шынайы қабылдай білуге тәрбиелеу.	1	24.10
9	Жайсаң күз	Балалардың музыканы тыңдап, ілесе айтуға қызығушылығын арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды қайталай білуге машықтандыру; жомарт күздің мағынасын түсіндіру.	1	31.10
10	Пойыз	Балалардың әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін дамыту; музыка әлеміне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	07.11
11	Кірпі	Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды және сахналық рөлдерді қайталай білуге машықтандыру; жабайы табиғат әлемімен таныстыру.	1	14.11
12	Ормандағы бауырсақ	Балалардың мюзикл музыкасын тыңдап, кейіпкердің ерекшелігін түсіне білуге үйрету; мюзикл шығармасындағы кейіпкерлерді музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталай білу қабілетін дамыту; жаңа музыка жанрына қызығушылық сезімін білдіруге тәрбиелеу.	1	21.11
13	Аппақ қар	Балаларда музыка тыңдай отырып, шат-шадыман көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғаққа сай қимылдар жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің кереметтерімен таныстыру.	1	28.11
14	Елтаңбасы елімнің	Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	1	05.12
15	Әсем шырша	Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету; әнді тыңдап, ілесе айта білуге және жаттығулар жасай білуге үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасай білуге машықтандыру; жаңа жылдың әсерлі кереметтерімен таныстыру.	1	12.12
16	Аяз ата сыйлығы	Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен қарқынын ажырата білуге үйрету; ырғақтық қимылдарды музыка сипатына сай үйлесімді жасау қабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.	1	19.12
17	Қошақан	Балаларда музыканы тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезіміне үйрету; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу	1	26.12

		дағдыларына машықтандыру; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру; қоршаған орта туралы түсінік беру.		
18	Ұшқыш	Балаларды әнді тыңдау және дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; музыка сипатын ажырата білу және ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту; музыкалық талғам мен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.	1	9.01
19	Электроника әлемі	Балаларда әуенді есту, сезіну қабілеттерін қалыптастыру; табиғи дауыспен ән айтуға үйрету; әнді дұрыс қабылдай білу дағдыларына үйрету; қарапайым ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; техника туралы мағлұмат беру.	1	16.01
20	Домалайды доп	Балаларды әнді аспап сүйемелдеуімен дұрыс орындауға үйрету; әннің мағынасы мен сипатын қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топтық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.	1	23.01
21	Көңілді торғай	Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, орындай білуге үйрету; хорда айнала жүріп, өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылық тудыру; көктем және құстар туралы түсінік беру.	1	30.01
22	Таза бұлақ	Балаларды "Төлдер" әнінің сипатын ажыратып, дұрыс айта білуге үйрету; би ырғақтарын музыка әуеніне сай сай жасау қабілетін қалыптастыру; топпен жұмыс жасау дағдыларына тәрбиелеу.	1	6,02
23	Наурыз – жыл басы	Балаларды музыканың ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып,әуенмен орындай білуге үйрету; хорда өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру.	1	13,02
24	Нағыз қазақ – домбыра	Балаларды киелі домбырамен таныстыра отырып, күйді тыңдауда сипатын ажырата білуге үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру; ұлттық аспап домбыраны құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	1	20.02
25	Көңілді қыс	Балаларда көңілді музыканы тыңдай отырып, шаттық көңіл күйге бөлену сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақтық	1	27.02

		қимылдарды жасай білуге машықтандыру; қыс мезгілінің қызықтарымен таныстыру.		
26	Ақша қар	Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	1	05.03
27	Сұр көжек	Балаларда музыканы тыңдата отырып, қызығушылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды жасауда шығармашылыққа баулу; көжектің ерекшелігімен таныстыру.	1	12.03
28	Суық торғай	Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру.	1	19.03
29	Ғарыштағы ғажайыптар	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; ғарыш туралы түсінік беру.	1	26.03
30	Жер-ана, кең дала!	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету	1	02.04
31	Жасыл желек	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әндегі сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білу қабілеттеріне үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; би қимылдарын заттармен жасауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; саусақтардың қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол-саусақ қимылдарын педагогтың	1	09.04

		көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; шулы музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; көктемгі ағаштар туралы түсінік беру.		
32	Әлди-әлди, бөпешім!	Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауға дағдыландыру.	1	16.04
33	Отшашулар	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету; жеңіл адыммен өзін айнала адымдау және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру.	1	23.04
34	Нәзік гүлдер	Балаларды әннің әуенімен ырғақты қимылдай білуге үйрету; көңілді әннің сипатын қарқынынан ажырата білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық пьеса ырғағына сай топта және жұпта билеу дағдыларына жаттықтыру.	1	30.04
35	Еңбек түбі – зейнет	Балаларды әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білуге үйрету; ақырын және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде әннің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшеге және аяқ ұшына қоюға үйрету.	1	14.05
36	Жаз кереметтері	Балалардың өздеріне жыл бойына өткен әндерден ұнағанын тыңдату және қайталату; әннің ырғағына сай үйлесімді қозғалу қабілеттерін дамыту; топпен ән айту дағдыларын жаттықтыру.	2	21.05 28.05
			36 сағат	

Музыка:Қуыршақ Әйгерімнің барабаны

Күні 5.09

Оқуқызметінің мақсаты

Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сыр-сипатын ажырата білуді үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді есті отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық- ырғақтық қимылдарды жасауды үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру; балаларды дыбысты тыңдап, ажырата білу дағдыларына үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білу дағдыларын жетілдіру.

СӨЗДІКЖҰМЫС

"Саусақтарың көркем, былай-былай ойнат","Дыбыс қайдан шығады?","Бум- бум!", "Соқ-соқ!", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан қуыршақ Әйгерімнің қимылын бақылау; портфолио ,түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Бұл қандай дыбыс шығарады?" дидактикалық ойыны, "Барабандар" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Баннер немесе проектор, интербелсендітақта, музыкалық аппаратура, қуыршақ Әйгерім, барабан, дабыл.

ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай дабыл, 5барабан, 3түрлі бейнеден құралғант аңбалауыштар.

Оқуқызметініңмақсаты

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін музыка жетекшісі: Балалар,сендербүгінерекшеәдемісіңдер,оныңсебебінбілесіңдерме?Себебі, біздіңбақшағакөңілдіқуыршақӘйгерімкелді,олбізгеөзініңбесігіменойыншық барабандарын алып келіпті.

Бізге қандай қонақ келді? Қуыршақ Әйгерім келді. Сондықтан бізөзіміздің әдемі, көңілді екенімізді қуыршақ Әйгерімге көрсетейікші! Педагогтің айтқан тақпақ жолдарын балалар қайталап, қимылмен қайталап отырады:

- Көздерім менің әдемі,
- Күлімдейді, көр дейді (қолдарымен көзін басып, ашады),
- Құлағым менің әдемі,
- Жаңалық маған бердейді (қолдарымен құлағын сипап, қимылжасайды).
- Қолдарым менің әдемі,
- Би билейді майысып (қолбілезіктерінайналдырады),
- Саусақтарым әдемі,
- Қарашы маған дейді (саусақбастарынқимылдатады).
- Барлық бала ойнап,
- Бірге бәрің ойлап,
- Саусақтарың әйбәт,
- Былай- былай ойнат –деп мұғалім алақанға арналған психогимнастикалық қимылдар жасатып, балаларды шабыттандырып алады.

- Балалар, қуыршақ Әйгеріммен бірге «Бесікжыры» әнін тыңдап көрейікші!

Қуыршақ Әйгерім бесігінде жатып, осы әнді тыңдап, ұйықтаймын дейді. ҚуыршақӘйгерімдікімтербетеді?Кәне,сендерыңғайланыпотырып,әнді тыңдаңдар,қуыршақӘйгерімдіментербетейін.

НЕГІЗГІБӨЛІМ

"Бум-бум!" деген барабанның дауысы шығады.
Музыка жетекшісі: "Ненің дыбысын естідіңдер?", "Дыбыс қайдан шығады?", "Қуыршақ Әйгерім оянып кететінболды?"–дейді. Қуыршақ Әйгерім барабанын ұстап орнынан тұрады.
Педагог:
–Балалар,мына суреттерге қарайықшы, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Дұрыс, барабан мен дабыл екен.
Сол сәтте педагог балаларға «Барабан»әнін тыңдатады. Барабанның үнін балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен қайталатады. Содан кейін дыбыстау арқылы жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Әйгерім біздің қуыршақ,
- Ренжімейді ұрынсақ!
- Барабаны"бум"дейді,
- Емес екен ұрыншақ, деген өлең жолдарымен:
- Балалар, кәне ,алақанымызбен бәріміз "Бум-бум!"дейікші, өзі алақанымен көрсетеді.

Балалардың әрқайсысына дабыл (бала санына қарай барабан жеткілікті болғаны жақсы) беріп, алақанмен қалай соғу керек екенін үйретеді. Одан кейін балаларға түсінікті болу үшін бес баладан шығарып барабанды бірдей соғу дағдысына, қасындағы адамның соққан барабан үніне ілесе білуге жаттықтырады.Тапсырманы дұрыс орындаған балаларды байқаған сайын "Бум- бум!", "Соқ-соқ!", "Керемет!", "Жарайсың!" деп жігерлендіре түседі.

Педагог:–Балалар, тақтаға қараңдаршы ,некөріптұрсыңдар?Ендібіздесолар сияқты адымдап үйренуіміз керек.
Кәне, балалар, менің артымнан жүріп, бірге адымдаймыз. Бәріміз әдемі, кең адымдап жүрейікші? !А.Парловтың"Марш"әуені қосылып, музыкалық-ырғақтық қимылмен балаларды сап түзетіп жүргізу, жаттықтыру. Бейнежазба бойынша балаларды дұрыс сап түзеп жүруге үйрету. Егер балалар педагогпен бірге адымдаудан жалықса, балаларды қызықтыру үшін қосымша мына бейнероликті көрсетуге болады:

Интербелсенді тақтадан қуыршақ Әйгерімнің "Шөжелерім"әніне сары балапандармен бірге билеп жүргені көрсетіледі.

Сол кезде музыка жетекшісі:

- Сары,сары балапан,

- Жоқ қойсенде алақан?

- Би билейсің бұлтиып,

- Сүйкімдісің томпиып!–деге н өлең жолдарын айта отырып: Балалар, бізде Әйгеріммен бірге сары балапандар сияқты билейік деп, қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, ырғақтық қимылдарды орындайды. Педагог ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге билейді.

Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін "Барабанды тап!"дидактикалықойынын өткізеді. Педагог:

- Балалар, мына суреттердің ішінен барабанды тауып алуымыз керек. Суреттер балаларға таныс бейнелерден құрастырылады.Аударылып жатқан суреттерді 3- 4 пысық балаға алдыртып, суретке қарап, барабанды табу қажет екенін айтады.

- Кәне,маған кім тауып береді екен барабанды? Барабанды тауып алған балалардан педагог:
- Барабан қандай дыбыс шығарады? "Бум-бум-бум". Жарайсыңдар, балалар!Ойын 3-4 рет қайталанады.

"Барабан"ойыныны.

Мақсаты. Музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажыратуды үйрету.

Бала санына қарай 3 түрлі бейнеден құралған фишкалар үлестіріледі. Балалар залдағы орындықтарға жайғастырылады.
Педагог:

- Балалар,мен"Бум-бум-бум"дегендеқандайаспапекенінсуреттен көрсетесіңдер, жарай ма?

Педагогтің дыбыстауы бойынша балалар қолдарындағы фишкалардан қандай аспап екенін көрсетулері тиіс. Көп жағдайда балалар барабан мен дабылды шатастырып алады. Сондықтан педагог екі аспаптың айырмашылығын балаларға нақты түсіндіреді.
- Балалар, барабан сылдырмақсыз болады. Қараңдаршы, балалар, барабанды ұрмасақ, ол дыбыс шығармайды, ал дабылды қолмен қозғалтсақ, сылдырмағысылдырлайды. Барабандыдұрыстапқанбалаларфишканыөздерінеқалдырады,жиі шатастырған балалардың фишкалары кейін тапсырылады.

- Балалар,қуыршақӘйгерімқайтуымкерекдейді,сендергеризаболыпжатыр, сау болыңыз дейік. Сау болыңыз!

СоңындабалаларкуыршақӘйгерімменқоштасып,онышығарыпсалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін балаларға:
- Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?
- «Барабан»әнін.
- Қандай аспаппен таныстық?
- Барабан.
- Барабан қайдан пайда болды?
- ОлқуыршақӘйгерімніңбарабаны.
- Барабан қандай дыбысшығарады? "Бум-бум-бум".
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқуқызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет бәріңе!
-

Музыка: Асыл әжем

Күні 12.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру;музыканы сипатына қарай ажыратуды үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдау кезінде зейін мен еске сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

"Әже әлдиі", "Әжемнің таяғы", "Аппақ менің әжекем!", "Керемет!", "Жарайсың!"сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру мақсатында "Бүгін қандай әдемісіңдер!", "Отбасым менің" сөздерін пайдалану; ырғақтық қимылдар, көркемсөз, интербелсенді тақтадан әженің қимыл-әрекетін бақылау; портфолио, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Әжемнің заттары" дидактикалық ойыны, "Бәйтерек" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, таяқ, көзілдірік, камзол, орамал, тақия, шапан, сәукеле, көйлек, белдемше, шұлық, шалбар, кимешек, мәсі, күн бейнесі, қағаздан құрастырылатын бәйтерек ағашының қиындысы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Балалар санына қарай құрастырылатын қағаз қиындылар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін қандай әдемісіңдер! Бүгін отбасы туралы, соның ішінде

әжетуралы әнмен танысамыз. Сондықтан отбасымызға жақсы тілек тілейік!

- Мына күнді көрдіңдер ме? Сол күн біздің отбасымыз. Қәне, балалар, отбасынажақсылық тілейік!
- Отбасым менің – күн (балалар қолдарын жоғары көтеріп, айналдырып үлкеншеңбер жасап көрсетеді),
- Анам, әжем – гүл (қолдарын жоғары көтеріп, гүл болып тербеледі).
- Қасыңда болса бәрі (қолдарын төмен түсіріп, екі жаққа алақан жаяды),
- Ойна, шаттан, күл (қолдарын жоғары көтеріп, шапалақтайды). Педагог оқу қызметін мотивациялық-қозғаушы әрекетпен бастап, балалардың көңіл күйінкөтереді.
- Енді, балалар, «Ақырын-қатты» әнін тыңдап көрейікші! Орындықтың арқалығына шалқайып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Әнді тыңдаймыз.Әуеннің дауысы жай шыққанда көзімізді жұмамыз, әуеннің дауысы қатты шыққанда шапалақтаймыз. Жарайсыңдар, балалар!

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Ақ әжем» әнінің әуені естіледі. Музыка жетекшісі балалардың назарын музыкаға аударып, интербелсенді тақтаны қосады.
- Интербелсенді тақтадан әженің үй жанында таяқпен жүрген әрекетінбақылатады.

Педагог:

- Балалар, әже таяқты не үшін ұстайтынын білесіңдер ме? Олай болса, әжетаяғы туралы өлең шумақтарын тыңдайықшы!?
- Әжемнің таяғы,
- Екінші аяғы.
- Болмаса құлайды,
- Қолында таяғы – деген жолдарды айта отырып, балаларға әже туралы сұрақтар қояды. «Ақ әжем» әнін тағы да балаларға тыңдатып, әннің қандайсипатта орындалғанын өзі түсіндіреді, сөздерін жаттау үшін қайталатады.

Шапалақтау арқылы әндегі сөздерді буындап, балаларға жеңіл болуы үшін әуенмен бірге айтқызады.
- Ал, енді балалар "Марш " әуенімен адымдап жүруге үйренейік! Балалар, менің соңымнан шеңбер бойымен жүріп, адымдаймыз.
- Балалар, енді "Иә-иә-иә" әуеніне ілесе отырып, би билеуді үйренеміз.
- Кәне, бәріміз шеңберге тұрайық, музыка басталғанда менімен біргешапалақтап, "Иә-иә-иә" деп айтамыз.
- Аяқтарымызды еденге тарсылдатып, тағы да "Иә-иә-иә" деп айтамыз.
- Дайынбыз ба, балалар? Олай болса, бастаймыз!

«Иә-иә-иә" биіне музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып қойып, музыка сипатына сай шапалақтау, еденді тарсылдату, қолдарды жоғары сермеу,денені қозғау сияқты би қимылдарын жасап көрсетеді. Педагог ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге билейді.

Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін "Әжемнің заттары" дидактикалық ойынынөткізеді. Педагог:

- Балалар, мына заттардың ішінен әжеге заттарын тауып берейікші. Ол үшін алдымен тақтаға қараймыз, әжеде қандай заттар бар екен? Педагог өзі бастап, тақтадан балалармен бірге әженің заттарын анықтайды, содан кейін балаларғақайтадан тапсырма береді. Егер балалар заттарды анықтауда қиналатын болса,педагог бала қабылдауына қарай зат санын азайта алады. Мысалы, көзілдірік, орамал, көйлекті бір бөлек, камзол, кимешек, мәсі, таяқты бір бөлек жинақтауғаболады. Әженің заттарын анықтап, бәрін бір жерге жинау үшін таяқ, көзілдірік, камзол, орамал, тақия, шапан, сәукеле, көйлек, белдемше, шұлық, шалбар, кимешек, мәсі секілді заттар балаларға ұсынылады

Балалар үйдегі әжелерінің заттарын естеріне түсіріп, сол заттарды бөлек жинайды. Негізгі жиналатын қажетті заттар: көзілдірік, орамал, көйлек, камзол,кимешек, мәсі, таяқ. Ойын 3-4 рет қайталанады. "Бәйтерек" ойыныны.

Мақсаты. Отбасы мүшелерінің суреттерін бәйтерекке біріктіруді үйрету.

Бала санына қарай бәйтеректің қиындылары үлестіріледі. Әр қиындыда ата, әже, әке, ана, балалардың суреттері бейнеленген. Балалар залдағы орындықтарға жайғасады. Педагогтің түсіндіруі бойынша балалар қолдарындағы қиындылардыапарып ілулері тиіс.

Педагог:

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар? Балалар, бұл бәйтерек. Бұл біротбасының суреті.
- Енді осы бәйтерекке ата, әже, әке, ана, балалардың суретін ілеміз, кәне,менімен бірге бәріміз бірге ілейік! Атадан бастап, балалардан аяқтаймыз. Жарайсыңдар, балалар!

Балалар қиындыларды апарып ілген сайын педагог қадағалап, арасында балаларды мақтап, бүгін қандай әнмен таныс болғандары туралы сұрайды. Соңында педагог балалардан не пайда болғанын сұрап, пайда болған бәйтеректің мағынасын нақты түсіндіргені жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарынпысықтау мақсатында:

- Балалар, бүгінгі оқу қызметінде қандай ән айтуды үйрендік? Асыл әжем.
- Әже немен жүреді? Таяқпен.
- Әженің қандай заттары бар? Көзілдірік, орамал, көйлек, камзол, кимешек, мәсі,таяқ.
- Әженің болғаны қандай керемет, балалар, солай ма?
- Бүгін оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет!

Музыка: Сылдырмақтар сылдырлап

Күні 19.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты сылдырлатуды үйрету;музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді

тыңдау арқылы зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сыр-сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету; сылдырмақты сылдырлатуды қимылмен үйлестіре білуге баулу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

"Сылдырлайды сылдырмақ", "Сылдыр-сылдыр етеді, Сылдырмағым сылдырап", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан күз мезгілін және музыка сипатына сай билеп жүрген сылдырмақтар қимыл-әрекетін бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Кім жылдам?" ойыны, "Сылдырмақтар" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, сылдырмақтар, сары жапырақтар.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін музыка жетекшісі:

- Балалар, бәріміз күздің жылы күніндей жайдары болайықшы – деп, жайдарықүйге еніп, жайдары түр жасап, алақандарын шапалақтайды.
- Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар? Ағаш екен.

- Балалар, ағаштың жапырақтарының түсі қандай? Қызыл, сары, қызғылт екен.

- Балалар, жапырақтардың түсінің қызыл, сары, қызғылт болуы тек күз айындағана болады.

Олай болса, балалар, бүгін «Әлди-әлди» әнін тыңдаймыз. Сондықтан қолдарымызды тіземіздің үстіне қойып, еркін отырайықшы! Қәне, балалар, әндітыңдаймыз!

- Менімен бірге бөпе әлдилегендей қимылдар жасаймыз (қолдарын көкіректұстарына ұстап, тербеткен қимыл жасап көрсетеді).
- Мінекей, біздің балалар ұйықтап қалды. Тс-с ...

- Балаларды қалай оятамыз?

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Жақын жерден көп сылдырмақтың дауысы шығады.

Музыкажетекшісі балалардың назарын аударып:

- Балалар, ненің дауысын естіп тұрсыңдар?

«Сылдырмақ» әнінің әуені естіледі.

Музыка жетекшісі балалардың назарын музыкаға аударып, интербелсенді тақтаны қосады.

Интербелсенді тақтадан билеп жүрген сылдырмақтардың алдын ала дайындалған бейнероликтегі әрекеттерін бақылатып, музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, сендер осы сылдырмақтар сияқты билей білесіңдер ме?Олай болса, алдымен сылдырмақтар туралы өлең шумақтарын тыңдаңдаршы!

- Сылдырмағым сылдыр,
- Үнің сенің сыңғыр.
- Жұбатасың қуантып,

- Бөбегімді былдыр – деген жолдарды айта отырып, балаларға сылдырмақтар туралы сұрақтар қояды. «Сылдырмақ» әнін тағы да балаларға тыңдатып, әннің қандай сипатта орындалғанын өзі түсіндіреді, сөздерін жаттау үшін қайталатады. Шапалақтау арқылы әндегі сөздерді буындап, балаларға жеңіл болуы үшін әуенмен бірге айтқызады. Содан кейін интербелсенді тақтаны қосып,би билеген сылдырмақтардың қимылын өзі бірге балаларға көрсетеді. Музыка жетекшісі барлық баламен би біткенше билеп жүріп, "Тамаша!", "Бәрекелді!" деп айта отырып, шабыттандырады.

- Балалар, қараңдаршы, сылдырмақтар майысып, әдемі билеп жатыр, сендер де солай билей аласыңдар. Енді балалар, бәріміз себетте тұрған сылдырмақтарды аламыз, мені қоршап, шеңбер жасап тұрамыз. Жарайсыңдар, менімен бірге сылдырмақтарды сылдырлатамыз. Кәне, бәріміз бірге, балалар! Қандай керемет,сылдырмақтардың дауысы! Осылайша музыка жетекшісі балалармен бірге сылдырмақтарды сылдырлатып, балалар сылдырмақтың дыбысына үйренгенше, 4-5 рет қайталайды.

Музыкалық-ырғақтық қимылмен балалар бірінің артынан бірі жедел адыммен жүреді, музыка сипатына сай бірінің артынан бірі шеңбер бойымен жүгіреді, соңында орындарында тұрып, тізелерін үш рет шапалақтап ұрады. Қимылдар музыка жетекшісінің көрсетуімен орындалады.

«Сылдырмақтар» биінің алдында музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып:

- Балалар, сылдырмақтар қалай сылдырлайды? – деп сұрайды. Балалар қол білезіктерін айналдырып, сылдырмақтардың қалай сылдырлайтынын көрсетеді.

- Олай болса, балалар «Сылдырмақтар» биінің музыка ырғағына сай аяқтарымызбен топылдатып, қол білезіктерімізді айналдырайықшы?! Музыка жетекшісі балаларға барлық қимылды көрсетіп тұрады.

2.2. Музыка жетекшісі балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін "Сылдырмақтар" дидактикалық ойынынөткізеді.

Мақсаты. Музыкалық аспаптарды дыбысынан тануды үйрету. Зейін еске сақтау, ойлау, есту қабілеттерін дамыту.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар? Иә, дұрыс, дауылпаз, даңғара, сылдырмақ екен. Музыка жетекшісі дауылпаз, даңғара, сылдырмақтардың бәрінбір жерге жинап, ойнап көреді. Ол үшін алдымен музыка жетекшісі балалармен дауылпаз, даңғара, сылдырмақтардың дыбыстарын есте сақтау үшін 2-3 рет ойнап көргені дұрыс. Теріс қарап тұрған балалар сылдырмақтың дауысы шыққанда қолдарын бәрі бірдей көтереді. Ойын 3-4 рет қайталанады.

2.3. "Кім жылдам" ойынында балалар музыка жетекшісінің жақын араға тығып қойған сылдырмақтарын табуы керек. Музыка жетекшісі алдын ала көмекшісін ойын басталар алдында сылдырмақпен бірге жасырып қойып, ойын басталғанда:

- Балалар, бір жерде сылдырмақ жасырынып жатыр, соның сылдырын естігенде бәріміз іздеп тауып алуымыз керек. Сондықтан жасырынып жатқан сылдырмақтың дыбысы қай жерден шығатынын тыңдайықшы! Кәне, балалар, бәріміз бірдей іздейікші! Кім тауып алар екен? Балалар тынышталған кезде көмекші сылдырмақты сылдырлатады, балалар дыбыс шыққан жаққа қарай жүріп, сылдырмақты тауып алулары тиіс. Тез тауып алған балаларға

сылдырмақсыйға беріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманықандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін:
- Балалар, қандай ән айтуды үйрендік? Иә, сылдырмақтар туралы екен.Музыка жетекшісі:
- Балалар, бөпені қалай тербетеміз, қимылмен көрсетейікші?

- Сылдырмақтарымызды тағы да сылдырлатайық, балалар!

- Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды, жақсы қатысқандарың үшін көпрақмет!

Музыка: Айгөлектей дөңгелеп

Күні 26.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды Қазақстанның Әнұранын ерекше эмоциялармен қабылдауға машықтандыру, әннің салтанатты жағдайды білдіретінін түсіндіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенмен үйлесімді жасауға ынталандыру.

Сөздік жұмыс

"Айгөлек-ау, айгөлек, жарасады,әй көйлек!", "Айгөлек деп, ән шырқап, би билейміз дөңгелеп!", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан Қазақстан туралыкөрініс және Ата заң күніне әдемі бүрмелі көйлектерімен билеп жүрген бишілердің қимыл-әрекетін бақылату; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау,ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Кім жылдам қозғалады?" ойыны, "Әй-әй көйлек" дидактикалық ойыны. Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, қуыршақ Айгөлек, жалаушалар,түрлі-түсті шарлар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін музыка жетекшісі:

– Балалар, бүгін барлықтарың әдемі болып тұрсыңдар, көйлектерің қандай әдемі.

Педагог Әнұранды қосады. Әнұран қосылғанда балалар бірден орындарынан тұрып, оң қолдарын жүрек тұсына қойып әнұранды шырқайды.
Педагог балаларға жалаушалар таратады.

- Балалар, барлығымыз жалаушаларды ұстап менің артымнан жүреміз.
Педагогбалаларды қатармен жалаушаларды оң қолдарына ұстатып әннің әуеніне жүргізеді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Педагог:

2.1. – Балалар, үстел үстіне біреу қорап қалдырып кетіпіті, қораптың ішінде не бар екен, қарап көрейік? (Әдемі қуыршақты қораптан шығарады, оны балалар көре алатындай етіп көтереді)

- Балалар, бұл қуыршақтың аты қалай? Қанекей, кімнің есінде қалыпты, кімайтады?

- Иә, дұрыс айтасыңдар, Айгөлек қуыршақ.

Айгөлек қуыршағымызға байланысты қандай тақпақ білеміз?

- Айгөлек-ау,
айгөлек, Айдың
жүзі дөңгелек.
Айгөлек деп ән
шырқап,

Би билейміз дөңгелеп – деген жолдарды айта отырып, балаларға ән туралы сұрақтар қояды. «Айгөлек» әнін тағы да балаларға тыңдатып, әннің қандай сипатта орындалғанын өзі түсіндіреді, сөздерін жаттау үшін қайталатады.

Шапалақтау арқылы әндегі сөздерді буындап, балаларға жеңіл болуы үшін әуенмен бірге айтқызады. Содан кейін интербелсенді тақтаны қосып, би билеген қуыршақтың қимылын балаларға көрсетеді.

Педагог барлық баламен бірге би біткенше билеп жүріп, "Тамаша!", "Бәрекелді!"деп балаларды шабыттандырып отырады.

- Балалар, Айгөлек қуыршағымызға билеген ұнайтының білеміз, олай болсабәріміз Айгөлекпен бірге билейікші.

2.2. "Көңілді шарлар" музыкалық-ырғақтық ойын.

Мақсаты. Музыканың ырғағына қарай қимылдар жасауды үйрету.

Педагог көгілдір түсті шарларды әр баланың қолына ұстатады.

Екі қолмен
шапалақтаймыз,
Қолдарымызды
бұлғаймыз. Жоғары
көтереміз,
Екі жаққа сермейміз.
Жұдырықпен ұрамыз,
Белімізге қоямыз.
Қанатымызды қағамыз,

Жарықты жағамыз – деп музыка сипатына сай, сөздерін қайталап, қимылдарды балаларға көрсетеді.

- Балалар, кәне, бәріміз менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.

- Қолдарыңды көрсетіңдерші! Жарайсыңдар!

- Жұдырықтарымыз қайда екен? Қандай күшті жұдырықтар!

- Қанатты қалай қағамыз? Жарайсыңдар!

2.3. "Гопачок" халық биіне музыка жетекшісі балаларды бір қатарға тұрғызып,аяққа арналған қарапайым элементтерді көрсетеді. Педагог:

- Балалар, аяқтарымызды екі жанымызға кезек-кезек ұрамыз, енді мен сияқтықайшылап қоямыз, менімен бірге тағы да ұрамыз, жарайсыңдар! Аяқты екі жаққа кезек-кезек ұру, қайшылау, бір орында тұрып жерді ұру элементтері үйретіледі. Басында балалар аяққа арналған би қимылдарын

жасағанда қиналуы мүмкін, кейін жаттығулардың нәтижесінде меңгеріп алады. Музыка жетекшісі балаларға қарсы қарап тұрып, би элементтерін өзі бірге көрсетеді.

- Балалар, Айгөлек қуыршақ сендермен бірге ойын ойнаймын дейді. Олай болса,барлығымыз бірге ойнайық.
Балалар, ортаға шығады.

- Мына туымыздың түсімен бірдей көк шарларды ажыратып бөлек жинайық.

- Балалар, шарларды билеп жүріп жинайық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғында педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандайдеңгейде қабылдағандарын пысықтау мақсатында:

Балалар, бүгін біз қандай ән тыңдадық?

Әнұранды айтқанда қалай тұрамыз? Оң қолымызды жүрек тұсына қоямыз.

Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды.

Музыка: Ару күз

Күні 03.10

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды жаңбыр туралы әнді тыңдап, оның сыр-сипатын ажыратуды үйрету; әнді музыкалық жетекшімен ілесе айтуға жаттықтыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен жасау дағдыларын қалыптастыру.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

"Армысың, Алтын күз!", "Ару күз келді көңілді!", "Көгөністер", "Тамаша!","Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан Күз аруының қимылынбақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, миға шабуыл, керібайланыс тәсілдерін қолдану; "Жемістерді тап" дидактикалық ойыны, "Күз аруы қайда?" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, Күз аруы және екі қуыршақ Барби бейнеленген таңбалауыштар, жемістер.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай Күз аруы және екі қуыршақ Барби бейнеленгентаңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін "Күздей көңілдісіңдер!","Армысың, Алтын күз!" сөздерін пайдалану мақсатында музыкалық жетекші:

- Балалар, сендер бүгін ерекше әдемісіңдер, күздей көңілдісіңдер! Себебі, біздіңбақшаға көңілді Күз аруы келді, ол бізге өзінің жемістерін алып келіпті.

- Кім келді бізге қонаққа? Біз өзіміздің әдемі, көңілді екенімізді Күз аруынакөрсетейікші!

- Күз келді көңілді (қолдарын жайып, алға созады),

- Құлпыртып өңірді (қолдарын жоғары көтеріп, бұлғайды).

- Күз аруы әдемі (қол білезіктерін айналдырады),

- Біледі кәдені (саусақ бастарын қимылдатады) – деп, Күз аруына арналғантақпақты айтқызып, балаларды шабыттандырып алады.
- Балалар, енді біз ыңғайланып отырып, "Тамшылар" әнін тыңдаймыз. Тамшы қалай тамады, балалар? Там-там-там! Жарайсыңдар, балалар! Әнді тыңдасаңдар, тамшының қалай таматынын түсінесіңдер, балалар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Күз аруының дауысы шығады.

- Балалар қайда екен? Мен жемістерімді кімге беремін?

Музыкалық жетекші балаларға "Дыбыс қайдан шығады?" деп сұрақ қойып,интербелсенді тақтадан Күз аруының себеттегі жемістерді көтеріп тұрған бейнесі көрсетіледі.
Сол сәтте педагог балаларға «Күзгі жел» әнін тыңдатады.
Әнді тыңдап, балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен қайталатады. Содан кейін дыбыстап айтып жаттықтырады. Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:
- Шеңберге тұрамыз,

- Жапырақтай шулаймыз!

- Шук-шук-шук,

- Шук-шук-шук, – деген өлең жолдарымен :

- Балалар, кәне, алақанымызбен бәріміз "Шук-шук-шук!" дейікші, өзі алақаныменшапалақтап көрсетеді. Балаларға "Шук-шук-шук!" деп алақанмен қалай шапалақтау керек екенін үйретеді. "Шук-шук-шук!" деп, әннің әуеніне ілесе білуге жаттықтырады. "Шук-шук-шук" деп, балалар педагогпен бірге ақырын айналады.

2.2.

«Топ-топ, балақан» әні қосылып, музыка жетекшісі:
- Балалар, біз де Күз аруымен бірге аяқтарымызбен жерді ұрайық – деп қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, сап түзеп жүргендей ырғақтық қимылдарды орындайды. Музыка қысқа болғандықтан балалар 2-3 шеңбержасап, ырғақты адымдарын қайталайды. Педагог ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге қайталайды.

«Аю әні» биіне музыкалық жетекші балаларды қатарға тұрғызып қойып, музыка сүйемелдеуімен өзі бірге билеп көрсетеді. Педагог:

- Балалар, бәріміз аю болайықшы, кәне, кім маған аю болады екен, мен қараймын да нағыз аюсың деп айтамын! Бәрің де нағыз аю екенсіңдер ғой, жарайсыңдар! Енді аюға ұқсап, екі жанымызға теңселіп жүреміз, қолдарымыздыалдымызға ұстаймыз, маған қараңдаршы балалар? Музыкаға аю сияқты меніменбірге билейміз, қандай керемет қонжықтар!
Бидің негізгі элементтері – екі жаққа кезек-кезек теңселіп, екі қолды көкірек тұсында ұстап, аю сияқты билеу. Педагог балалардың өзімен бірге би элементтерін жасауларын қадағалауы тиіс.

2.3. "Күз аруы қайда?" ойыны.

Мақсаты. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Есту, еске сақтау, ойлау, сөйлеудідамыту.
Ойында бала санына қарай Күз аруы және екі Барби қуыршақ бейнеленгентаңбалауыштар үлестіріледі. Балалар залдағы орындықтарға жайғасады. Педагог:
- Балалар, мен сендерге "Күз аруы қайда?" деп айтқан кезде қолдарыңдағытаңбалауыштардан Күз аруын жылдам көрсету керек. Қай бала таңбалауышты жылдам көрсетеді, сол бала жеңген болып есептеледі. Жылдам

көрсеткен бала таңбалауышты өзіне қалдырады, жиі шатастырған балалардың таңбалауыштары кейін тапсырылады. Педагог Күз аруын балалармен қоштасқаннан кейін шығарып салады, Күз аруы әкелген себеттегі жемістерді балаларға үлестіреді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарынпысықтау мақсатында:
- Балалар, бүгін бізге жемістер қайдан келді? Күз аруы әкелді.

- Оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? Тамшылар туралы.

- Тамшылар қалай тамады? Там-там-там.

- Қандай ән айтуды үйрендік? Күзгі жел.

- Жарайсыңдар, балалар, бүгін сендер керемет белсенді болдыңдар, рақмет!

Музыка: Күз сыйлаған топ-топ

Күні **10.10**

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға тұлпар туралы әнді тыңдатып, сипаты туралы түсінік беру; кейіпкерлер арқылы музыкалық шығарманың мағынасын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды әуенге сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

"Күз сыйлаған топ-тобым!", "Топ-топ, балақан", "Топылдайды аяғым", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан құлыншақтың қимылын бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдері.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, қолдан жасалған, баланың үлкен аяқ киімі, төрт үлкен карточкалар қаздың, үйректің, тауықтың, құстың суреттері салынған; кішкентай карточкалар қаздың, үйректің тауықтың, құстың ұядағы балапандары.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін "Аяқтарымыз қайда екен?", "Күзгі топ", "Күз сыйлаған топ-тобым!", "Күзгі киімдер", "Топ-топ, балақан", "Топылдайды аяғым" сөздерін пайдалану

мақсатында музыка жетекшісі:

- Балалар, аяқтарымыз қайда? Мен сендердің аяқтарыңды көріп тұрған жоқпын дейді, балалар аяқтарына қараған кезде педагог:
- Мында екен ғой сендердің кіп-кішкентай аяқтарың!

- Кәне, көрсетейікші аяғымызды! Педагог балалармен бірге аяқтарын кезек-кезек алға шығарып, би қимылдарын жасайды.
- Бір аяғым міне (бір аяғын алға созады),

- Екінші аяқ міне (бір орында екі аяқпен жерді ұрады).

- Қос аяғым міне (бір орында екі аяқпен жерді кезек ұрады),

- Аяқтарым міне (аяқ бастарын қимылдатады) – деп педагог аяққа арналған қимылдар жасатқызып, балаларды шабыттандырып алады

Педагог:

- Балалар, мына суретке қараңдаршы, ненің суреті? Билеп тұрған тұлпардың суреті екен.
- Енді балалар біз тұлпар аяғымен жерді қалай ұрады екен, соны тыңдап көрейікші!
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, "Тұлпар" әнін тыңдаймыз.
- Тұлпар қалай жүреді екен, балалар? Қандай керемет ән! Тағы да тыңдап көрейікші!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог көлемі үлкен, қолдан жасалған баланың аяқ киімін алып шығады.
- Балалар, мына аяқ киімге қараңдаршы? Кімдікі екен? Сондай үлкен екен өзі! Музыка жетекшісі:

- Балалар, бұл үлкен аяқ киім сендерге ән алып келіпті. Сол әнді айтып үйренуіміз керек. Музыка жетекшісі балаларға "Топ-топ, балақан" әнін алдымен тыңдатады, содан кейін балалар музыка жетекшісімен бірге әнді айтады.

- Балалар, енді осы әуенді айта жүріп, орнымыздан тұрып, қол ұстасып, аяқтарымызды билетейікші!
Музыка жетекшісі алдымен аяқ қимылдарын қайталатады. Содан кейін дыбыстап жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып, алдымен өзі аяқ киімінің дыбысына балалардың назарын аударып, аяқты қалай қимылдату керек екенін көрсетіп, балалармен бірге ақырын айналады.

«Марш» әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылмен балаларды қарапайым адымдатып жүргізу және жаттықтыру. Музыка жетекшісі балаларды дұрыс адымдауға үйрете отырып:
- "Балалар, аяқ киімдерімізбен дұрыс адымдап жүрейік", деп қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, "Кімнің аяқ киімі қаттырақ жерді ұрады екен?" деп, балаларды орындарында тұрғызып, ырғақтық қимылдарды орындатады Педагог ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге билейді.
- Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар? Үйректер екен. Үйректердің аяқтары жалпақ, себебі, олар көп билегенді жақсы көреді.
- Кәне, бәріміз, үйректер сияқты музыка әуенімен билейікші!

«Үйректер биі» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды

шеңберге тұрғызып, музыкаға сай бір орында тұрып билеудің элементтерін көрсетеді. Бидің мазмұны еркін болады, аяқ-қол үйлесімділігі сақталуы шарт.

Музыка жетекшісі балалармен "Менің балапандарым қайда?" дидактикалық ойынын

өткізеді.

Мақсаты. Дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекіту.

Ойын құралдары: төрт үлкен карточка мен бірнеше кішкене карточкалар (ойыншылар саны бойынша). Үлкен карточкаларға қаздың, үйректің, тауықтың, құстың суреттері салынған; кішкентайларына қаздың, үйректің тауықтың, құстың ұядағы балапандары салынған.

Ойын барысы. Балалар музыкалық жетекшіге қарама-қарсы жартылай шеңбер жасап отырады, әрқайсының қолында бір – біреуден кішкентай карточка бар. Музыка жетекшісі:

- Бір аулада балапандарымен тауық, үйрек, қаз өмір сүріпті, ал ауланың сыртындағы ұяда құс балапандарымен тұрыпты. Бірде қатты жел соғып, жаңбыр жауды да, барлығы тығылып қалды. Ең бірінші болып өз балапандарын үйрек шақырады (үйректің суретін көрсетеді):

- «Менің балапандарым, сүйкімді балақандарым қайда? Кря, кря!»
(бірінші октаваның рес дыбысы бойынша ән салады). Карточкаларында үйректің балапандарының суреті салынған балалар оларды көтеріп, былай деп жауап береді:

- «Кря – кря, біз мұндамыз» (екінші октаваның ля дыбысы бойынша ән салады). Музыка жетекшісі былай деп жалғастырады: «үйрек өз балапандарын тапқанына қатты қуанады (карточкаларды жинап алады). Барлық құстар өз балаларын тауып алғанша ойын жалғасады.

Ойын 3-4 рет қайталанады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғында педагог балаларға:

- Балалар, қандай ән тыңдадық? Тұлпар туралы.

- Қандай ән айтуды үйрендік? Топ-топ, балақан.

- Балалар, енді аяқтарымызды қаттырақ ұрайықшы!?

Жарайсыңдар, балалар! Бәрің жақсы қатыстыңдар, рақмет

Музыка: Көңілді тоқаштар

Күні 17.10

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді мұқият тыңдай отырып, сипаты мен мазмұнын ажырата білуге үйрету; бесік жырын музыка жетекшісімен бірге айтуға дағдыландыру; топпен музыка мен қимылды үйлесімді жасауға жаттықтыру.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

"Жақсылық тілейікші бәрімізге", Көңілді тоқаштар", "Бесік жыры", "Қуыршағым, әлдиім!", "Әлди-әлди", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін

пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан "Көңілді тоқаштар" биінің қимылын бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Ол не?" ойыны, "Тоқаш неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, үлкен тоқаш, тоқаштар, қуыршақ бөпе, кішкентай бесік, суреттер топтамасы.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру үшін музыка жетекшісі:

- Балалар, бүгін бір-бірімізге қарап, жақсы сөздер айтайықшы!
- Мен сендерге жарық күндей болыңдар! – деп тілеймін.
- Алмас, сен қандай тілек айтасың маған?
- Бақытты болыңыз!

Педагог балаларды бір-біріне тілек айтқызып, нанның қадірі туралы айтады.

- Ас атасы – нан,
- Шырқалады ән.
- Береді нан,
- Дастарқанға сән – деп, қолмен қимылдар жасатқызып, балалардышабыттандырып алады.
- Балалар, біреулер дәлізге үлкен тоқаш әкеліп, тастап кетіпті.

Балалар, мына суретке қараңдаршы, ненің суреті? Үлкен тоқаштың. Ол тоқашты әкелген адам "Дәліз" орыс халқының халық әнін балаларға тыңдатыңыз деп өтініш жасапты. Алдымен сол әнді тыңдап алайық, кейін дәлізден тоқашты алыпкелемін.

Кәне, балалар, өлең тыңдауға дайындалып, жайланып отырайық!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ Педагог үлкен тоқаш алып шығады.

- Балалар, мына тоқашқа қараңдаршы? Қандай үлкен өзі! Тоқашты балаларғабөліп беріп, оқу қызметінен кейін жейтіндерін айтады. Музыка жетекшісі:
- Балалар, көңілді тоқаштар биін тамашалайықшы! "Дәліз" әуеніне көңілдітоқаштар билейміз дейді.
- Кәне, тамашалайық, тоқаштар биін!

Музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, ән тыңдадық, тоқаштар биін көрдік, енді өзіміз де ән айтайық! "Бесікжыры" әнін тыңдатады.
- Балалар, суреттен нені байқап тұрсыңдар? Бесікте бөпе жатыр екен.
- Балалар, бөпе ұйықтай алмай жатыр екен, біз бөпеге ән айтып берейікші!
- Балалар, менімен бірге "Бесік жыры" әнін айтамыз.

Әннің әуенін балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен бөпені бесікте қалай әлдилеу керек екенін көрсетеді. Содан кейін дыбыстап айту жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып, бесік

жырын бірге айтып, балалармен бірге ақырын айналады.

«Марш» музыкалық-ырғақтық қимылын қарапайым адымдатып балаларды жүргізу, жаттықтыру. Сурет бойынша балаларды дұрыс адымдауға үйретеотырып:

- "Балалар, музыка әуенімен дұрыс адымдап жүрейік", деп қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, балаларды орындарында тұрғызып, ырғақтық қимылдардыорындатады Педагог ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге билейді.

- Балалар, мына үйректер билейміз деп, тағы да келіпті ғой. Үйректердіңаяқтары жалпақ, олар шаршамай билей береді.
- Кәне, бәріміз, үйректер сияқты музыка әуенімен тағы да билейікші!

«Үйректер биі» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыкаға сай бір орында тұрып билеудің элементтерін көрсетеді. Бидің мазмұны еркін болады, аяқ-қол үйлесімділігі сақталуына көңіл бөледі.

Музыкалық жетекші балалармен "Тоқаш неге ұқсайды?" дидактикалық ойынын өткізеді.
Мақсаты. Тоқаштың пішініне ұқсайтын заттарды табуды үйрету.

Ойын басталмас бұрын тоқашқа ұқсайтын және ұқсамайтын суреттерді тақтаданкөрсетіп, балалардан сол суреттердің ішінен тоқашқа ұқсайтын заттарды атауларын сұрайды.

- Балалар, тоқаш қандай? Домалақ екен. Мына заттардың ішінде тоқашқаұқсайтын заттар бар ма?
- Кәне, кім көрсетеді? Иә, Марат, келе ғой, көрсетші бізге? Дұрыс, тағы да кімкөрсетеді? Жарайсыңдар, балалар!

Ойын 3-4 рет қайталанады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Әлди-әлди, бөпешім, әлдилеген көкесін, – деп әндетеді.

- Балалар, бұл қандай ән? Бесік жыры.

- Бұл әнді біз айттық, ал қандай ән тыңдадық? Дәліз.

- Балалар, біз бөпені қалай тербетеміз? Педагог балалармен бірге екі қолын алғақойып, бала тербеткендей қимылдар жасайды.
- Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка «Торғайсың тыбайсың»

Күні 24.10

Оқу қызметінің мақсаты : Ойын арқылы ауа райының құбылыстарын музыкамен сезінебілуге үйрету.

Міндеттері: Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстыра білу; күш салмай ән айту,сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру. Музыкалық фразаларға сәйкес

қимылдарды өзгерту; музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесін

сәйкестендіру, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанын тыңдау. Құстарға қамқор болуға, оларды аялауға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: түрлі құстардың және балапандарыныңсуреттері, балалар санына сәйкес қуыршақтар, нота хрестоматиясы.

Ұйымдастыру кезеңі

Көңілді әуен ырғағымен жұптасып музыка залына келеді. Шеңбер бойыменжүріп, жеңіл музыка ырғағымен қимылдар жасайды. Аяқты тізеден жоғары көтеріп (подскоки) жұбымен, жеке секіріп үйренеді.

Негізгі кезең

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. «Балалар полькасы» (М. Глинка). Музыканың биге тән сипатын қабылдауға, жеңіл қозғалу, ырғақты қозғалуға,жұппен би қимылдарын орындауға үйрету.

Кіріспе әңгіме. Түрлі құстардың және балапандарының суреттерін көрсету. Балалармен құстар туралы әңгіме жүргізу. Жыл құстары туралы мәлімет беру. Жыл құстары қыста жылы жаққа ұшып кетеді де, көктемде қайтадан оралады. Құстардың даусы жуандау болады да, балапандарыңдауыстары жіңішке болады.

Музыка тыңдау. «Бұлбұл» (Д. Нұрпейісова).

Музыканың сипатын анықтау, алған әсерлері туралы әңгімелеу.

Ән айту. «Көктем жыры» (Ж. Молдажанова).

Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді, дауысқа күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анық айту.
Таныс «Төлдер» (Д. Ботбаев) әнін еске түсіру. Қайталау.Жеке және
хормен орындау.

Билер. **«**Қуыршағым-ай» («Билеп үйренейік» жинағынан).
Балалар қимылдар жасайды: қуыршақты төстеріне қойып, оң аяқ өкшесін оңға қойып, оңға қарай, солға қарай қимылдатады. Тізе бүгіп, қуыршақты құшақтап, көзін жұмады. Сұқ саусағын шошайтып көрсетеді, қуыршақтыжатқызып шапалақтайды.

Ойындар, хоровод. «Күн мен жаңбыр» (Б. Антюфеев).
Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар күн шыққанда шаттана ойнайды,шеңберде
тұрып әндетеді, түрлі би қимылдарын жасайды.
“Жаңбыр” музыкасы ойналғанда қолшатырдың астына тығыла қояды.

Балалардың музыкалық аспапта ойнауы. «Сауысқан» (орыстың халық
әуені, өңдеген Т. Попатенко). Педагог металлофонда әр төрттік нотаға ұрыпкөрсетеді. Балалар қайталайды.

Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.Бүгінгі
оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады?

Музыка: Жайсаң күз
Күні 31.10

Оқу қызметінің мақсаты
Балалардың музыканы тыңдап, ырғақты қимылдар арқылы эмоционалды жауап қайтару қабілетін қалыптастыру; әнге ілесе айтуға және сипатын ажырата білуге үйрету; жомарт күздің жалпы мағынасын түсіндіру; әдемілікті қабылдай білуге тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС
"Жомарт күз келді жайдары!", "Жомарттай жайсаң!", "Жомарт көкөністер", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.
ӘДІС-ТӘСІЛДЕР
Мақтау, көркем сөз, интербелсенді тақтаны қолдану, объектіні бақылау, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, дидактикалық ойыны, музыкалық-ритмикалық ойын.
ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР
КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, жемістер, себет.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жапырақтар, сылдырмақтар.
Оқу қызметінің барысы
КІРІСПЕ БӨЛІМ
Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып өзіне көңіл аударады:

- Балалар, мінеки бізге, сары жапырақтарын ұшырып, жомарт күз де келіпқалды.
- Біз күзде піскен түрлі жеміс-көгөністердің дәмін татып, күзді "жомарт күз" деп атаймыз.

- Педагог балаларға қолдарын жандарына жайғызып, қолдарымен ұсақ шеңбер қимылдарын көрсетіп, өзімен ілесе жасауды ұсынады:
- Сәлем саған, күз мезгілі! Сәлем саған, жомарт күз!

Бұл қимылдарды педагогтің көрсетуімен 2-3 рет қайталайды.

Желмен желбіреген, желмен айдалған күзгі жапырақтардың сусылдағандыбыстары шығады.

Педагог балаларға бейнежазбаны қарауға, дыбыстарды тыңдауға белгілі уақытбереді. Балалар, естіп тұрсыңдар ма?

- Мына дыбыстар қайдан шығады?

- Иә, бұл жапырақтардың дыбыстары. Жел жапырақтарды желбіретеді.

- Біз де осы дыбыстарды қайталайықшы: "Ш-ш-ш ...".

- Тағы бір рет қайталайық: "Ш-ш-ш ...".

- Жарайсыңдар!

- Балалар, күзде ағаштың жапырақтары түсіп, желмен бірге ұшады.

- Күзгі жапырақтар туралы да ән бар екен, балалар.

- Бәріміз ыңғайланып отырып, әдемі әнді тыңдап көрейікші! «Күзгі жапырақтар»әні.

- НЕГІЗГІ БӨЛІМ
Музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, біз күзді неге жомарт деп айтамыз. Өйткені күзде жемістер піседі, мол болады.

- Балалар, күз туралы ән бар. Сол әнді айтып үйренейікші!
Әннің әуенімен балаларды таныстырады. Өзі бірге қосылып айтады. Арасында қол шапалақтау арқылы сөздерін қайталатады. «Күз» әнін тағы да тыңдатады.Әнді тыңдату арқылы балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен қайталатады. Содан кейін дыбыспен айту арқылы жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, алдымен қолдарымызды шапалақтай отырып, мына сөздерді қайталап алайық!
- Күз, күз,

- Көңілдіміз біз.

- Би билейміз біз,

- Көңілді ғой күз – деген өлең жолдарымен:
Балалар, кәне, бәріміз "Күз, күз!" дейікші, өзі алақанымен шапалақтап көрсетеді. Балаларға "Көңілдіміз біз!" деп алақанмен қалай шапалақтау керек екенін үйретеді. "Би билейміз біз!" деп, әннің әуеніне ілесе білуге жаттықтырады. "Көңілді ғой күз" дегенді балалар педагогпен бірге қайталайды.
- Балалар, тақтадан не көріп тұрсыңдар? Сылдырмақтар бізге тағы да келіпбилеп жатыр.

- Олай болса, біз де олармен бірге "Сылдырмақтар" әуеніне билейік!

"Сылдырмақтар" әніне билеу кезінде музыка жетекшісі барлық балаға сылдырмақтарды үлестіріп, өзі бастап, би қимылдарын көрсетеді.
Сылдырмақтарды жоғары көтере жүріп, айналу, екі жағына кезек сылдырлату,алға жүру, орнына бару сияқты қимылдар орындалады.
"Марғау анасын қалай тауып алды?" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың әртістік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; эмоционалдық мінезін тәрбиелеу.
Ойынның шарты:

Марғау анасынан адасып қалады. Марғау анасын іздеп жолға шығады. Кележатып, әтешті көреді:

- Сен менің анамсың ба? - деп сұрайды.
Әтеш:

- Ку-ка-ре-ку. Мен сенің анаң емеспін, дейді.
Марғау ешкіге келеді:
- Сен менің анамсың ба? - деп сұрайды.
Ешкі:

- Ме-ме-ме. Мен сенің анаң емеспін, дейді.
Марғау сиырға келеді:
- Сен менің анамсың ба?- деп сұрайды.

Сиыр:

- Мө-мө-мө. Мен сенің анаң емеспін, дейді.

Марғау анасын таба алмай, мұңайып келе жатқанда

- Мияу-мияу…деген дауысты естіді. Марғау қуанып, міне, менің анам деп анасын құшақтады.

2. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғында музыка жетекшісі балалардың бүгінгі тапсырманықандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау мақсатында:
- Балалар, жомарт күз қандай кейіпте болады? Балалар түрлерін жайдары жасайды.

- Оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Күзгі әуен» әнін.

- Жапырақтар қалай ұшады? Желмен.

- Қандай ән айтуды үйрендік?

Педагог балалардың жауабын тыңдайды.

- Балалар, біз сылдырмақтармен қалай биледік? Бәріміз орындарымыздан тұрып, билейікші?!
Балалар музыка жетекшісінің жетекшілігімен "Сылдырмақтар" әуеніне билеп көрсетеді.

- Жарайсыңдар, балалар, бүгін сендер керемет белсенді болдыңдар, рақмет! Оқуқызметі аяқталды

Музыка: Пойыз

Күні 07.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сипаты мен қарқынын есте сақтау қабілетін дамыту; музыка әлеміне деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Ойыншық пойыз келе жатыр әндетіп", "Пойызым менің пу-пу дейді", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл күйін көтеру мақсатында "Ойыншық пойыз келе жатыр әндетіп", "Пойызым менің пу-пу дейді", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану; ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтаданойыншық көліктердің жүрісін бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, ғажайып сәт, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Көліктерді топта" дидактикалық ойыны, "Қай көліктің дыбысы?" ойыны.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, көліктер, дидактикалық ойынғақажетті суреттер топтамасы.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Торғайлардың маскалары, тәрбиешіге автомобиль рулі.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін музыка жетекшісі:

- Балалар, сендер көліктің не екенін білесіңдер ме? Міне, жарайсыңдар, олайболса, көлік болып зырылдайықшы бәріміз! – деп, балаларды шеңберге тұрғызып, орындарында тұрып, машинаның рөлін бұрғандағы қимылды қолдарымен жасайды.

- Балалар, мына суреттен нені көріп тұрсыңдар?

- Сол машинаның рөліне қарап, қолымызбен рөлді тағы да бұрайықшы! Балаларды ортаға жіберіп, машина болып жүрулеріне еркіндік береді. Бұл қимылдарды музыка жетекшісінің көрсетуімен 2-3 рет қайталайды. Сонымен қатар "Ойыншық пойыз келе жатыр әндетіп", "Пойызым менің пу-пу дейді" – деген сөздерді айта отырып:

- Балалар, тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар? Пойыз екен.

Музыка жетекшісі пойызды балаларға көрсетіп, "пу-пу" деген сөздерін қайталатады.

Музыка жетекшісі балалардың назарын тағы да тақтаға аударады:

- Балалар, мына суретте нені көріп тұрсыңдар, күз мезгілі екен.

- Балалар, қазір қараша айы, күн суытып келе жатыр, солай ма?

- Суретте балалар жылы киініп алыпты.

- Балалар, күз мезгілі өзі туралы ән естісе қуанады екен, бәріміз күз туралы әндітыңдап көрейікші! Бәріміз жайғасып отырамыз.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыка жетекшісі жақтан бірнеше көліктің дауысы шығады.

- Балалар, бұл ненің дыбысы?

Музыка жетекшісі: "Дыбыс қайдан шығады?" деп сұрақ қойып, интербелсенді тақтадан ойыншық көлік түрлерінің бейнесін көрсетеді.

Сол сәтте музыка жетекшісі балаларға:

- Балалар, бүгін ойыншықтарға арнап, ән айтып берейікші!

- Балалар, сендер өз ойыншықтарыңды жақсы көресіңдер ме?

- Олай болса, бәріміз «Ойыншықтар» әнін айтамыз. Алдымен

«Ойыншықтар» әнін тыңдатады.

Әнді тыңдап, балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен қайталатады.Содан кейін дыбыспен айту арқылы жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып,

- Біздерде бар қуыршақ,

- Бұзау, қозы, құлыншақ.

- Ойыншықтар тыңдайды,

- Емес олар ұрыншақ – деген өлең жолдарымен :

- Балалар, кәне, бәріміз ойыншықтарды тамашалайықшы, өзі ойыншықтартұрған жерді балаларға көрсетеді.

Балалармен бірге өзі де ойыншықтар жаққа барып, олардың қалай аталатынынүйретеді. "Ойыншықтар, ойыншықтар! " деп, әннің әуеніне ілесе білуге жаттықтырады.

2.2.

«Марш» шығармасы бойынша музыкалық-ырғақтық қимыл балаларды сергек жүруге, ширақ адымдауға жаттықтырады. Кесте-суреттер бойынша балалардысап түзеп, ширақ жүруге үйрету.

2.3.

"Күз әні" биіне музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып қойып, музыка сипатына сай шапалақтау, қолдарын жоғары сермеу, денелерін қозғау сияқты би қимылдарын жасап көрсетеді.
Педагог ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге билейді.

2.4. "Көліктерді топта" дидактикалық ойыны.

Мақсаты. Көліктердің шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету.

Музыкалық жетекші балалармен "Көліктерді топта" дидактикалық ойынын өткізеді. Ойын кезінде музыкалық жетекші бірнеше көлік түрін дайындап, сонықайтадан музыка әуені біткенше жер, ауа, су көлік түрлерін балалармен бірге топтаулары тиіс. Қай көліктің қалай дыбыстайтынын да анықтауға болады. Ол үшін балаларды орындықтарға отырғызып, таспадан пойыз, машина, ұшақ, трактордың дыбысын кезекпен қойып, қандай көліктің дыбысы екенін сұрайды.Музыкалық жетекші мақтауды жиі қолданады.

2.5. "Торғайлар мен автомобиль" ойыны.

Педагог балаларға торғайлардың маскаларын үлестіреді.

- Балалар, сендер торғайлар боласыңдар.

- Торғайлар қалай ұшады?

- Жемді қалай шоқиды?

- Көрсетейікші. Жарайсыңдар.

- Балалар, мен автомобиль жүргізуші болайын.

- Сендер, торғайлар болып, әдемі әуенді естіген кезде, алаңға шығып, "қанаттарыңды қағып", "ұшып жүресіңдер", "отырып, жемді шоқисыңдар".
- Егер әуен жазбасы тоқтаса, мен, "автомобиль шығамын".

- Абайлаңдар! - деп айтамын, сендер өз орындықтарыңа "ұшып кетесіңдер". Келістік пе? Жақсы. Бастайық.
Педагог балалардың бірі-біріне соғылып қалмай жүруін бақылайды, мақтайды. Ойын екі рет жүргізіледі.
Ойынды жүргізуде әуен жазбасы қосылады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, көлік болып зырылдайықшы, кәне, кім көрсетеді, маған?

- Балалар, бүгін, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Күзгі әуен» әнін, солай ма?.

- Күзде күн суық болғандабалалар қалай секіреді екен? Балалар секіріп көрсетеді.
- Қандай ән айтуды үйрендік? «Ойыншықтар» әнін.

- Ойыншықтар қандай екен? Тілалғыш.

- Керемет, балалар, бүгін сендер керемет өте белсенді болдыңдар, рақмет!

Музыка:Кірпі
Күні 14.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканы тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әнайтуда және музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындауда есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту; музыкалық-эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.

СӨЗДІК ЖҰМЫС

"Кірпі, кірпі, кірпісің, тікенексің түрпісің", "Тікенегі кірпінің", "Ойыншығым ойнайды", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан жабайы аңдардың және кірпінің тіршілігін бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл,керібайланыстәсілдерінқолдану;"Енесінтап"дидактикалықойыны, "Не, қалай дыбыстайды?" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР
КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсендітақта,музыкалықаппаратура,дидактикалықойынғақажетті суреттер топтамасы

Оқуқызметініңбарысы
КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалардың көңіл күйін көтеру үшін музыкажетекшісі:

- Балалар,тақтағақараңдаршы,ағаштанеотыр?Кірпіотырекен.
- Балалар,сендер кірпінің қандай екенін білесіңдерме? "Мақтадай жұмсақ,

Кірпідей тікен"жануарлар бар екен,балалар.

- Міне, жарайсыңдар, олай болса, кірпі болып инелерімізді тікірейтіп тұрайық бәріміз!–деп, балаларды шеңбергетұрғызып,орындарындатұрып,кірпі болып қабақтарын шытып, саусақтарын созып тұрғандағы қимылды қолдарымен жасайды. Музыка жетекшісі жерге отырып, кірпі болып жиырылған түр жасайды, балалар соны қайталайды.

Бұл қимылдарды балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен 2-3 рет қайталайды.

2. НЕГІЗГІБӨЛІМ Педагог жақтан аңның пысылдаған дыбысы шығады.

- Балалар, бұл ненің дыбысы?

Музыка жетекшісі "Дыбыс қайдан шығады?" деп сұрақ қойып, интербелсенді тақтадан шөп арасында жүгіріп жүрген кірпіні көрсетеді.

- Балалар, қараңдаршы, сүп-сүйкімді кірпі шөптің арасында жүгіріп жүр,бізге асығып келе жатырған сияқты.
- Балалар, кірпі келгенше, бізкөңілді «Кірпілер» әнін тыңдап,билеп алайықшы! Сол сәтте музыка жетекшісі балаларға «Кірпілер» әнін тыңдатады.

Балаларды көңілдендіру үшін орындарынан тұрғызып, өзімен бірге қимылдар жасатып билетеді.

- Балалар, біз қандай әнге билеп жатырмыз? "Кірпілер" әніне билеп жатырмыз, бәріміз қимылды тағы да қайталаймыз, тамаша.
- Балалар,өлеңденетуралыайтылады?Кірпітуралыайтыладыекен.
- Балалар,кірпіөзіжәйқимылдасадабилегендетезбилейдіекен.
- Балалар,әуентезорындалама,әлдежәйорындалама,айтайықшы?!Тез,әрі көңілді

орындалады екен.

- Балалар,бізкірпітуралыкөңілдіәнтыңдадық,ендіөзімізкөңілденіп,ән айтайықшы!
- Сендергеарналған"Балдырған"әнібар,соләндіменіменбіргеайтамыз.
- Кәне,бәрімізәнайтуғадайындалайық,ендіәндібастаймыз. Интербелсенді тақтадан билеп тұрған кірпілердіңбейнесі көрсетіледі.

Музыкажетекшісі:

- Балалар,бізгебишікірпілерқонаққакеліпқалыптығой!
- Балалар,тақтадақандайаңдарбилепжатыр?Кірпілербилепжатырекен.
- Кәне,бәрімізмынакірпілерсияқтыбилейікші,меніңкірпілерімқалайбилейді екен, менімен бірге билеп көрсетіңдерші?! Балалармузыкажетекшісініңайналасындакірпіболыпбилейді. – Тамаша!

«Күзгі әуен» әніне жазылған музыкалық-ырғақтық қимылды музыка жетекшісі балалардышеңбергетұрғызып,ойнақыжеңілтүрдеырғақтыққимылдаржасап көрсетеді.

- Балалар, бәріміз қолдарымыздан ұстап, менімен бірге ырғақтық қимылдар жасап үйренеміз. Кәне, шеңбермен әдемі айналамыз, жарайсыңдар, енді меніменбірге билейміз.
- Бәріміз қолдарымызды төменде ұстап, орнымызда тұрып, басымызды екі жаққакезек қозғаймыз, тамаша, енді екі жаққа денемізбен теңселіп, қозғаламыз, жарайсыңдар, менімен бірге жүреміз.

Кәне,балалар,тағыдамағанқимылдардыөздеріңкөрсетіңдерші,керемет.

- Балалар, қазір "Сылдырмақтар" әуеніне би билейміз, мына сылдырмақтарды бәріміз аламыз, менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.

"Сылдырмақтар"әуенінебилеукезіндемузыкажетекшісібарлықбалаға сылдырмақтарды үлестіріп, өзі бастап би қимылдарын көрсетеді.

Сылдырмақтардыжоғарыкөтережүріпайналу,екіжағынакезексылдырлату, алға жүру, орнына бару сияқты қимылдар орындалады.

«Көлеңке» ойынында музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:Көлбең көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем!

Қане қатар тұрайық, Үлкен
шеңбер құрайық

Музыкажетекшісіосыөлеңдіәндетіпайтажүріп,бірүлкен,біркішібаладан қатар – қатар тұрғызады (кіші бала көлеңке). Барлығы шеңбер жасайды.

Балалар,қазірменөлеңайтыпжүріп,қайқұспенаңдыатаймын,солқұспен аңның жүрісін саламыз.

Көлбең–Көлбеңкөлеңкем,
Көлбеңдегенкөлеңкем!
Бүркіт қалай бүреді?
Кім көрсете біледі?

Әнырғағыменбалаларбүркітшеқанатқағады,еңкейіпсаусақтарыменжер тірейді.

Көлеңкелер қайталап қимыл жасайды.

Көлбең–көлбеңкөлеңкем,
Көлбеңдегенкөлеңкем!
Қасқырқалайжүреді, Кім
көрсете біледі?

(Қасқырдыңжүрісінбейнелейді)

Көлбең–көлбеңкөлеңкем,
Көлбеңдегенкөлеңкем!

Аю қалай жүреді, Кім
көрсете біледі?

(Балаларкөлеңкелерінеаюдыңжүрісінкөрсетеді) Көлбең–
көлбеңкөлеңкем,
Көлбеңдегенкөлеңкем!
Кірпі қалай жүреді,
Кімкөрсетебіледі?
(Балаларкөлеңкелерінекірпіңіңжүрісінкөрсетеді)
Осықұстарменаңдардыңсуреттерінтақтаданкөрсетеотырып,ойынды жалғастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі балалардың бүгінгі білімін пысықтау үшін:

- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Кірпілер»әнін.

- Балалар,кірпі болып инелерімізді тікірейтіп тұрайықшы бәріміз!Балалар музыка жетекшісімен бірге кірпінің түрін жасайды.
- Қандай ән айтуды үйрендік?
- «Балдырған»әнін.

Балалар, бүгін сендер керемет белсенді болдыңдар, рақмет! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар

Музыка: "Ормандағы бауырсақ"

Күні 21.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды музыка арқылы әйгілі ертегі кейіпкерінің ерекшелігін түсіне білуге ынталандыру; музыка сипатына сай ажырата білу және қимылдарын қайталайбілу қабілетін жетілдіру.

Сөздік жұмыс

"Мен бауырсақпын, бауырсақпын", "Атадан кеттім, алақай, әжеден кеттім, алақай!", "Қорықпадым аюдан", "Қоян көріп қорықты", "Түлкі көріп жиырылды,","Қасқырдан да болдым бүгін айбатты", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан "Бауырсақ" ертегісіненүзінді көрсету; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Бауырсақтың досы" дидактикалық ойыны, "Не өзгерді?" ойыны.

Құрал-жабдықтар

Көрнекілік материалдар

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, дидактикалық ойынға қажеттісуреттер топтамасы.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ

БӨЛІМ 1.1.

- Балалар, бізге қонаққа кім келе жатыр, қараңдаршы, қай ертегінің кейіпкері?

- Иә, дұрыс айтасыңдар, бауырсақ ертегісінен.

- Бауырсақ қалай ән салады, айтындаршы?

- "Мен бауырсақпын, бауырсақпын" деген сөздерді балаларға қайталатады жәнемузыка әуені бойынша қимылдар жасайды.
- Балалар, бауырсақ ертегісінде қандай кейіпкер бар? Кім айтады?

- Иә, дұрыс айтасыңдар.

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, Бауырсақ орманда ең бірінші қандай кейіпкермен кездесті? Қоянмен кездесіпті.
- Ал, сендер біліесіңдер ме, қоянның Бауырсаққа не дегенін?

- Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін деді.

- Балалар, біз ертегідегі кейіпкерлердің бәрін жақсы көреміз, солай ма?

- Балалар, біз олармен дос болғанды да жақсы көреміз.

Олай болса, қазір бәріміз ыңғайлы отырып, ән тыңдап көрейікші! Сол сәттепедагог балаларға «Достық» әнін тыңдатып, әннің сипатын балаларға түсіндіреді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ2.1.Балалар, ненің дауысы?

Балалардың жауаптары.

- Балақайлар, қараңдаршы не тауып алғанымды, сүп-сүйкімді балапан ғой. Алдыңғы оқу қызметінде балапан әнің жаттап едік, қанекей барлығымыз соларді есімізге түсірейік.

- Сүйкімді балапанымызға, балапан әнің шырқайық.
«Марш» шығармасы бойынша музыкалық-ырғақтық қимыл балаларды сергекжүргізуге, ширақ адыммен жүруге жаттықтырады. Сурет бойынша балалардыширақ адымдауға үйрету.

– Балалар, үйректер қалай билейтін еді?

Интербелсенді тақтадан үйректердің билеп жатқан бейнежазбасын көрсетеді.
«Үйректер биі» шығармасы бойынша музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, музыкаға сай бір орында тұрып билеудің элементтерін көрсетеді. Бидің мазмұны еркін болады, аяқ-қол үйлесімділігі сақталуына көңіл бөледі.
Музыка жетекшісі балалардың қызығушылығын арттыру үшін
"Бауырсақ" музыкалық мюзиклін өткізеді.
- Балалар, қазір біз бәріміз әндетіп жүріп, "Бауырсақ" музыкалық мюзиклін өткіземіз.
Ол үшін музыка ойнағанда сипатына қарап, әндетуіміз керек.
- Егер, бауырсақ музыка әуенімен домалап келе жатқанда алдынан қоян шықса,менімен бірге жіңішке дауыста әндетеміз, егер, аю шықса, жуан дауыспен әндетеміз.
- Кәне, балалар, ертегімен бірге қосылып, әндетіп, ойнаймыз.
Ойын кезінде музыка жетекшісі ертегі кейіпкерлерінің суреттерін дайындап,тақтадан балаларға көрсетіп отырады.
- Балалар, тақтаға қай кейіпкер шығады, сол кейіпкер мазмұнына сай, әндетеді.Ойын 2 рет қайталанады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметін қорытындылайды.

- Балалар, бүгін біз қалай бауырсақ болдық? Балалар музыка жетекшісімен бірге бауырсақтың кейпіне енеді. "Бауырсақ" ертегісін білесіңдер ғой? Иә.
- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Достар» туралы.

- Қандай ән айтуды үйрендік? «Балапан» әнін.

- Балалар, Бауырсақ қалай әндетеді екен? Бәрің Бауырсақ сияқты әнші екенсіңдер ғой!
- Жарайсыңдар, балалар, бүгін сендер керемет белсенді болдыңдар, рақмет! Сау болыңдар!

Музыка: Аппақ қар

Күні 28.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әнді тыңдай отырып, шат-шадыман күйге бөлену сезімдерін қалыптастыру; көңілді музыка сипатына сай қимылдар жасауға жаттықтыру; ойындарда топпен бірігуге дағдыландыру.

Сөздік жұмыс

"Алақай, қыс келді!, "Аппақ қар айнала", "Көңілді аппақ қыс келді!", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан алғашқы басталған қыс көрінісін бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, керібайланыс тәсілдерін қолдану; "Не аппақ?" .дидактикалық ойындарды қолдану.

Құрал-жабдықтар

КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, доп, қар.

ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Доптар, ақша қар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін музыка жетекшісі: "Алақай, қыс келді!,"Аппақ қар айнала", "Көңілді аппақ қыс келді!" сөздерін пайдалана отырып:

- Балалар, сендер қысты жақсы көресіңдер ме? Алақай, қыс келді! – деп айтайықшы бәріміз. Енді "Алақай!" деп шапалақтаймыз.
- Міне, жарайсыңдар, балалар, қыс суық, қаһарлы болады, бәріміз қыс сияқты қабағымызды түйейікші! – деп, балалардың қабақтарын түйгізіп, жұдырықтарын жұмдырады.

Бұл қимылдарды балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен 2-3 рет қайталайды.

- Балалар, қар қалай жауады екен, көрсетейікші?! Балалар қолдарымен қардың жауғанын көрсетеді
- Балалар, қардың жауғанын қараңдаршы! Жапалақтап жауып жатыр! Интербелсенді тақтаға қарасаңдар, қардың билеп, дөңгеленіп жауып жатқанәдемі ұшқындарын көресіңдер!

- Балалар, жаңа жауған қарға арналған "Ақшақарлар вальсі" әнін тыңдайықшы!
- Кәне, бәріміз ыңғайланып отырып, ән тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға әнді тыңдатып, сипаты туралы сұрақтар қояды. Қардың жауып тұрғандағы ойналатын музыка сипатына балалардың назарын аударады.
- Балалар, біз қандай ән тыңдадық? "Ақшақарлар вальсі" әнін тыңдадық, қайталайықшы, жарайсыңдар.
- Ақшақарлар қалай билейді екен? Айналып билейді екен, олардың қалай билейтінін көрсетейікші?! Музыка жетекшісі балалармен бірге айналып билейді.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Музыка жетекшісі отыратын жерден қыстың ызғырық аязының дауысышығады.

- Балалар, бұл ненің дыбысы?

Музыка жетекшісі:

- Дыбыс қайдан шығады? деп сұрақ қойып, интербелсенді тақтадан қыс мезгіліндегі алғаш жауған қардан кейінгі мамыражай болып тұрған ағаштар бейнесі көрсетіледі.

- Балалар, қыс келді, соның құрметіне «Қыс әнін» айтып үйренейікші!

Музыка жетекшісі балаларға «Қыс әнін» тыңдатады.

Әнді тыңдатып, балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен қайталатады.Содан кейін дыбыстап айту арқылы жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Алақай, қыс келді,

- Аязбен тұс келді.

- Мамықтай қары бар,

- Көңілді қыс келді – деген өлең жолдарымен :

- Балалар, кәне, бәріміз "Алақай, қыс келді!" деп, тағы да шапалақтайықшы, өзі алақанымен шапалақтап көрсетеді. Балаларға "Аязбен тұс келді" деген сөздерді айтқызып, қабақтарын түйгізеді. "Мамықтай қары бар" деп алақанын жоғары төсеп, ашып-жұмады, "Көңілді қыс келді!" деп, балалар ақырын айналғанда «Қысәнінің» әуені ойналып, балалар музыка жетекшісімен бірге ілесе әнді қайталайды. Әнмен бірге ырғақтық қимылдарды қайталай жүріп, балалар музыка жетекшісімен бірге жаттығады.

Интербелсенді тақтадан қыста аппақ болып жауып жатқан қар көрінісі көрсетіледі. Музыка жетекшісі:

- Аппақ қар айнала,

- Жауады жай ғана.

- Тамылжып тұрғандай,

- Табиғат айнала – деген өлең жолдарын айта отырып:

- Балалар, қыста жылы киініп, аязда тоңбас үшін айналып билейікші – деп айтады.

Музыка жетекшісі:

- Балалар, қыста қар қалың жауса, жолды басып тастайды. Сондықтан адамдарқар үстіне аяқтарымен жол салады.

- Біз де музыка әуеніне сай жол салып билейікші!

«Биле» әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдарды көрсете отырып, балаларды қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, ырғақтық қимылдарды орындайды. Музыка жетекшісі ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі бірге билейді.Бір жолдың ізімен балаларды аяқтарын жеңіл, ақырын, ырғақты шеңбер бойымен жүргізе отырып, арасында айналу элементтерін жасатады.

- Балалар, кәне, бәріміз "Ақшақармен би" әуеніне билейікші!

- Ақшақарлар қалай билейді екен, дөңгеленіп, әдемі билейді екен!

«Ақшақармен би» әуенінде музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, жеңіл адыммен жүру элементін көрсетеді. Балалар музыка жетекшісінің артынанжеңіл адыммен жүре отырып, екі қолға ұстаған ақша қарды екі жағына сермеп, билейді. Отыру элементтері кезінде жартылай бір тізерлеп отырып, қарды алға сермейді. Көп орындалатын элементтер балалардың шеңбер айналып, жеңіл адыммен жүрулері болып есептеледі.

Ойынның шарты: бет перде киген бала музыка әуенімен билейді. Барлықбала қоянның биіне ілесе қайталайды. Қоян биін аяқтап шеңберден қашып шығуы тиіс. Кім қоянды ұстаса, сол биші қоян атанады.

Ойынның барысы:

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, ненің суретін көріп тұрсыңдар?

- Қоянның бізбен ойнағысы келіп тұр екен, ойнаймыз ба, балалар? Музыка жетекшісі алдымен өзі қоянның бет пердесін киіп:

- Балалар, мен қоянмын, мен қазір шеңбер ішінде билеймін, сендер де меніменбірге

шеңбер ішінде билейсіңдер. Бірақ, мен билеп тұрғанда шеңбер ішінен шығып кетуім мүмкін, ал сендер мені жібермеулерің керек, келістік пе? Иә. Менікім ұстап алады, сол бала жеңімпаз болады. Музыка жетекшісі балалармен біргеойынды ойнай жүріп, балаларды қызықтыру үшін шеңберден балалардың өзін ұстап алып, жеңімпаз болуына жағдай жасайды. Қоянның орнына пысық балаларды алмастырып, балалар қызығушылығы бойынша ойынды бірнеше рет ойнатады. Жеңімпаз балаларға марапаттау таңбалауыштары беріледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Музыка жетекшісі оқу қызметінің соңында:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Қыс айы.
- Қыс айы қандай болады? Суық.
- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Ақша қар вальсі» туралы.
- Қандай ән айтуды үйрендік? «Қыс әні» әнін.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгін бәрің қоян сияқты көңілді болдыңдар.

Музыка:Елтаңбасыелімнің

Күні 05.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.

СӨЗДІКЖҰМЫС

"Жайнай бер, Қазақстаным!", "Елтаңбасы елімнің!", "Тәуелсіз Қазақстан", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

"Жайнай бер, Қазақстаным!","Елтаңбасы елімнің!", "Тәуелсіз Қазақстан", "Тамаша!","Бәрекелді!"сөздерін пайдалану; ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан Қазақстанның тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерттің көрінісін бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Не білдің?" дидактикалық ойыны, "Бәйтерек" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсендітақта, музыкалық аппаратура, еліміздің туы, елтаңба, бәйтерек, дидактикалық ойынға арналған материалдар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай бәйтеректің (қағаз) қиындылары.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыка жетекшісі:

- Балалар, бәріміз әдемі шеңбер жасап тұрайықшы.

- Балалар,енді тақтаға қараймыз,тақтадан не көріп тұрсыңдар?
- Еліміздің Туы екен.

- Балалар, жақында еліміздеТәуелсіздікмерекесіатапөтіледі,соныңқұрметіне бәріміз орнымыздан тұрып, еліміздің Әнұранын айтып, тағзым етейікші! Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғанда музыка жетекшісі балалармен бірге орындарынан тұрып, салтанатты түрде оң қолдарын жүрек тұсына апарып, қосыла айтады. Музыка жетекшісі:"Жайнай бер,Қазақстаным!", "Тәуелсіз Қазақстан" сөздерін пайдалана отырып:
- Балалар,сендер қай елде тұрып жатырсыңдар? Жарайсыңдар! Бәріміз еліміз Қазақстанды жақсы көреміз. Жайнай бер, Қазақстаным! –деп айтайықшы, бәріміз. Енді "Тәуелсіз Қазақстан" деп айтамыз. Міне, жарайсыңдар, бәрекелді,балалар –деп, балаларда эмоциялық көңіл-күй тудырып, өз еліне деген мақтаныш сезімін тудыру мақсатында:
- Балалар, біз елімізді қалай жақсы көретінімізді көрсетейікші! Жүздерін

қуанышқа толтырып, қолдарын алдарына жайып, қолдарын көкірек тұстарына қояды. Керемет, балалар, сендер елімізді қалай жақсы көретіндеріңді көрсеттіңдер!
Бұл қимылдарды балалар музыка жетекшісінің көрсетуімен 2-3 рет қайталайды.

1.2. Интербелсенді тақтаданНұр-Сұлтан қаласындағы бәйтеректің көрінісі көрсетіледі.

Музыкажетекшісі:

- Балалар, біз қай қаланың суретін тамашалап отырмыз. Нұр-Сұлтан қаласы екен.

- Олай болса, балалар, Нұр-Сұлтан қаласындағы Бәйтерекке арнап әдемі өлеңжолдарын арнайықшы!
- Бәйтерегім биікте,
- Бойын созған ол көкке.
- Жоғарыдан тұрғандай,
- Нұрын шашып жер,көкке–дегенөлең жолдарын айта отырып:
- Балалар,бәрімізшеңбергетұрып,бәйтерекболайықшы!
- Қолымызды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен көтерілеміз. Қолдарын жайып, нұрыншашқанбәйтеректікөрсетеді.Музыкажетекшісібалалардықолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, ырғақтық қимылдарды орындайды, өзі бірге билейді. Музыкажетекшісіотыратынжерден«Елтаңбасыелімнің»әнініңәуеніестіледі.

- Балалар,бұлқандайәнекен?Бұрынестідіңдерме?
Музыка жетекшісі:
- Кәне,балалар,тыңдапкөрейікшідеп,интербелсендітақтанықосады.
- Балалар,тақтаданненікөріптұрсыңдар?ЕліміздіңЕлтаңбасыекен.
- Олай болса, балалар, Еліміздің Елтаңбасы туралы ән бар екен, сол әнді тыңдайық. Солсәттемузыкажетекшісібалаларға«Елтаңбасыелімнің»әнінтыңдатады. Әннің әуенін есту арқылы балаларға қайталатады. Алдымен қол қимылымен қайталатады.Соданкейіндыбыстауарқылыжаттықтырады.Музыкажетекшісі балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар,мынаөлеңжолдарынЕлтаңбамызғаарнап,қайталайықшы!
- Елтаңбасыелімнің,
- Қасиеттіжерімнің.
- Танытадыәлемге,
- Қазақдегенелімнің–дегенөлеңжолдарымен:
- Балалар, кәне, бәріміз "Елтаңбасы елімнің" деп, алақанымызды тағы дажаяйықшы,өзіалақанынжайыпкөрсетеді.Балаларға"Қасиеттіжерімнің"деген

сөздерді айтқызып, алақандарын алға қарай жаяды. "Танытады әлемге" деп қолдарын жоғары көтереді, "Қазақ деген елімнің" деп, балалар қолдарын екі жаққа созғанда «Елтаңбасы елімнің» әуені ойналып, балалар музыка жетекшісіменбіргеілесеәндіқайталайды.Әнменбіргеырғақтыққимылдарды қайталай жүріп балалар музыка жетекшісімен бірге жаттығады.

%4 НЕГІЗГІБӨЛІМ

2.1. Музыкажетекшісі:

- Кәне,балалар,қазірқысайы,сондықтанбізАқшақарменАязататуралыән айтуды да үйренуіміз керек. Жаңа жылға дейін Аяз ата келгенше бәрін үйренуге тырысуымыз керек. Музыка жетекшісі балаларға «Ақша қар» әнін тыңдатады.

Әндітыңдатып,балаларғақайталатады.Алдыменқолқимылыменқайталатады. Содан кейін дыбыспен айту арқылы жаттықтырады. Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып, интербелсенді тақтадан тағы да қардың жауғанын көрсетеді.

- Балалар,қарқалайжауыпжатыр?Қолымызбенкөрсетейікші?!
- Аппаққарайнала,
- Жауадыжайғана.
- Тамылжыптұрғандай,
- Табиғатайнала–дегенөлеңжолдарынқайталайотырып:
- Балалар,кәне,бәрімізәндіқайталаймыз.

«Ақшақар»әуеніойналып,балалармузыкажетекшісіменбіргеілесеәнді қайталайды.
- Балалар,тақтағақарайықшы,кімдікөріптұрсыңдар?Қызбилепжатырекен.
- Балалар,олқыздыңесіміҚамажайекен.Қайталайықшы?
- Қамажайсендергеөзіңіңбиінкөрсетіптұр,бәріміздеҚамажайсияқтыбилеп үйренейікші!

«Қамажай» әуеніне музыкалық-ырғақтық қимылдарды көрсете отырып, балаларды қолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, ырғақтық қимылдарды орындайды. Музыка жетекшісі ырғақтық қимылдарды балаларға көрсетіп, өзі біргебилейді.Біржолдыңізіменбірініңартынанбірінтұрғызып,ербалаларды аяқтарын жеңіл, ақырын, ырғақты шеңбер бойымен жүргізе отырып, ал қыз балаларға қол білезіктерін айналдырып, арасында айналу элементтерін жасатады.

Ақшақармен би» әуенінде музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып, жеңіладымменжүруэлементінкөрсетеді.Балалармузыкажетекшісініңартынан жеңіл адыммен жүре отырып, екі қолға ұстаған ақша қарды жандарына сермеп, билейді. Отыру элементтері кезінде жартылай бір тізерлеп отырып, ақша қарды алға сермейді. Көп орындалатын элементтер балалардың шеңбер айналып, жеңіл адыммен жүрулері болып есептеледі.

Музыкажетекшісі«Қояндар»музыкалық-дидактикалықойынынөткізеді. Ойынның мақсаты: Балаларды музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу.

Ойынныңбарысы:

Музыкажетекшісібалаларға:

- Бірүйдеқояндарөмірсүріпті.

Оларсондайкөңілдіқояндарболыпты.Қояндаркөңілкөтеріпбилегендіжақсы көріпті.

Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен.Аналары болса балаларына

бесік жырын айтып береді екен.
Әрі қарай музыка жетекшісі балалардансуретбойыншақояндардыңнеістеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды. Ойын 2 рет қайталанады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғында музыка жетекшісі балалардың бүгінгі білімдерін пысықтау үшін сұрақтар қояды:
- Балалар, біздің Қазақстан қандай екен? Балалар музыка жетекшісімен бірге құшақтарын кең ашып көрсетеді. Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар, оқу қызметінде қандай ән тыңдадық? «Елтаңбасыелімнің»әнін.

- Қандай әнайтуды үйрендік? «Ақшақар» әнін.

- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка:Әсем шырша

Күні 12.12

Оқуқызметініңмақсаты

Балаларды әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге және топпен ілесе ән айтудағдысына үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен еркін жасауғадағдыландыру;биәуенінешаттанусезімдерінетәрбиелеу.

Сөздікжұмыс

"Қош келдің, Жаңа жыл!", "Безендіріп шыршаны, шақырайық баршаны!", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ырғақтық қимылдар, көркемсөз ,интербелсенді тақтадан еліміздің астанасында жаңа жылдық шыршаны безендіріп жатқан көріністі бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Шыршаға не жетпей тұр?"дидактикалықойыны,"Аққала"ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, шырша, балаларға шыршаны безендіруге арналған қағаздан жасалған ілмелі ойыншықтар, дидактикалық ойынға арналған материалдар, аққаланы безендіруге арналған пластикалық шелек, сәбіз, қағаздан жасалған көздер, сыпырғы,аққаланыңтаңбалауышы.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

Бала санына қарай шыршаны безендіретін ілмелі қағаз ойыншықтар, аққаланың таңбалауыштары.

Оқуқызметініңбарысы

%4 КІРІСПЕБӨЛІМ

1.1. "Қош келдің, Жаңа жыл!", "Безендіріп шыршаны, шақырайық баршаны!"сөздерін қолдана отырып,музыкажетекшісі:

- Балалар,жаңажылжақындапкеледі,дайындалыпжатырсыңдарма?Жа

райсыңдар!Үйлеріңдешыршабезендірдіңдерме?
- Олайболса,балалар,бәрімізшеңбержасап,бір-бірімізгеқарап:Құттыболсын,Жаңажыл!–депайтайықшы,керемет,ендібәріміз:Жаңажыл!–депайтамыз.Міне, жарайсыңдар, тамаша, балалар – деп, балаларға жаңажылдық көңіл күйтудыру мақсатында "Жаңа жыл, жаңа жыл, жаңа бақыт, жаңа нұр" дегенсөздердіқайталатады.

- Балалар, жақында Аяз ата келеді. Қараңдаршы тақтаға,Аяз атажолда асығып келе жатыр. Сондықтан Аяз ататуралы әнді ты ңдайық.
Кәне,ыңғайлыотырып,әндітыңдаймыз.Балалар,қандайәнтыңдадық?Аязататуралы әнтыңдадық,жарайсыңдар!
1.2. Безендірілмеген шырша тұрған жерден «Жасыл шырша жанында» әніниңәуеніестіледі.
- Балалар, бұл қандай ән екен? Шырша тұрған жерден шығып тұрма? Барып көрейікші?
Музыка жетекшісі балаларды шыршаныңж анына апарады:
Кәне,балалар,тыңдап көрейікші деп, интербелсенді тақтадан еліміздің астанасында жаңажылдық шыршаны безендіріп жатқанк өрініс көрсетіледі.

Сол сәтте педагог балаларға «Жасыл шырша жанында» әнін тағыда тыңдатады. Әннің әуенін есту арқылы балаларға қайталатады. Содан кейін дыбыспен айту арқылы жаттықтырады. Содан кейін балаларға:
- Балалар,біздің шыршамыз мені безендіріңдер деп тұр, ойыншықтар ілгілерің келе ме? Безендіріп шыршаны, шақырайық баршаны, балалар.
Педагогбалалардың бәріне қағаздан жасалған жаңажылдық ілмелі ойыншықтардыүлестіріп береді де: Балалар, жаңа әнге қосыла жүріп, шыршамыздыбезендірейік деп, әнді өзі бірге қосылып айтады. Шыршаны безендіріп болған соң шыршаны айналып жүріп, тағыда әнге қосылады.
- Балалар,қараңдаршы, шыршамыз әдемі болды, бізге рақмет айтып жатыр–деп балаларды ырғақтық қимылдарды жасауғ ашақырады.
2. НЕГІЗГІБӨЛІМ
Интербелсенді тақтадан жаңа жылда шыршаны айналып, әнайтып жүрген балалардың бейнесі көрсетіледі.
Г.Вихаревтің«Шыршадағыаңдар»музыкалық-ырғақтыққимылдарыбойыншамузыкажетекшісі:
- Балалар, біздің шыршамызға аңдар жетіспей тұрған сияқты, қарайықшы,қандайаңдаржоқекен?Музыкажетекшісібалаларменшыршаныайнал ажүріп,қандайаңдаржетіспейтұрғанынқарайды:–Балалар,қоян,қасқыр,аю,түлкі ешқайсысы ілінбепті ғой? Кәне, балалар, бізге музыка ойнап тұрады, бізырғақтыққимылдаржасайжүріп,бәрімізіліптастайық!Музыкажетекшісібалаларды өзімен бірге шыршаны айналдыра тұрып, алдын ала дайындалғанілмелі ойыншық аңдардан балаларға беріп, ілдіреді. Ойыншықты ілген балаларпедагогтыңартынанқимылдаржасайжүріп,шеңбербойыменайналады.Музыкаже текшісі:
- Шырша,шырша,
- Сәндендіқызша.
- Күтеджылда,
- Адамдарбарша–дегенөлеңжолдарынайтаотырып:
- Балалар, бәріміз шеңберге тұрып, қайталайықшы! "Шырша, шырша"

депқолдарынжоғарыкөтеріп,аяқтыңұшыменкөтеріледі."Безендіқызша"депқол білезіктерінайналдырады."Күтеджылда"депқолдарынжоғарыкөтереді."Адамд ар барша" деп екі қолын жандарына жібереді. Музыка жетекшісібалалардықолдарынан ұстап, шеңбер жасай жүріп, ырғақтық қимылдардыорындайды,өзібіргебилейді.

- 2.2.

А. Матлинаның «Шамдар» биінде музыка жетекшісі балаларды шеңбергетұрғызып, бірінің артынан бірі жүріп, жеңіл адыммен немесе аяқтың ұшыменжүру элементтерін көрсетеді. Балалармен бірге шеңберде жүріпкеле жатып,музыка жетекшісі: Кәне, балалар, бәріміз үлкен шамды көрсетейікші! – деп,қолынжоғарыкөтеріп,үлкендөңгелектержасайды.Бұлжаныптұрғаншамдар," Шамдаржанып-өшеді" дегенде балалар шеңбербойымен жүріп келе жатып,

Жұдырықтарын ашып-жұмып көрсетеді.
Қимылдармузыкажетекшісініңжетекшілігіменқайталанады.

2.4. Педагогбалалардыңбүгінгітапсырманықандайдеңгейдеқабылдағандар ынпысықтауүшін"Шыршағанежетпейтұр?"дидактикалықойынынөткізеді.О йынкезіндепедагогинтербелсендітақтаданжаңажылғаарналып шала безендірілген шыршаға не жетпей (жұлдызша, гирляндалар,жылтырақтар)тұрғанынсұрайды.Балаларинтербелсендітақтағақ арап,шыршағажетпейтұрғанзаттардыатайды.Ойынбалалартүгелайтқаншақа йталанады.

2.5. "Аққала" ойынында педагог балалардың бойына шақталып пластикалықстакандарданжасалғанаққалағажетіспейтұрғанзаттардытолықтыру керекекенін айтады, «Жасыл шырша жанында» әуені аяқталғанша балалар аққалағашелекті кигізіп, сәбіз-мұрынын жабыстырып, қолына сыпырғы ұстатып,
қағазданжасалғанкөздердікигізіпбітутапсырылады.Аққаланықұрастырғанбалала рғааққаланыңфишкаларыберіледі.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметі аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейдеқабылдағандарынпысықтауүшін:

- Балалар,қараңдаршы,бүгінбізшыршамыздықалайбезендірдік?Әдемі.
- Балалар,оқуқызметіндеқандайәнтыңдадық?«Аязата»туралы.
- Қандайәнайтудыүйрендік?«Жасыл шыршажанында»әнін.
- Балалар,шырша сендерге ұнадыма?
- Иә.
- Тамаша,балалар,бүгін сендер керемет белсенді болдыңдар, рақмет! Сауболыңдар!

Музыка:Аяз атаның сыйлықтары
Күні 19.12
Оқуқызметініңмақсаты

Балаларға әнді тыңдау арқылы оның сыр-сипаты мен қарқынын ажыратуды үйрету;ырғақтыққимылдардымузыкасипатынасайүйлесімдіжасауқабілетін дамыту; топпен ән айту дағдыларын меңгерту.

СӨЗДІКЖҰМЫС

"Аяз ата келеді, бізге сыйлық береді!","Аяз ата келші, бізге сыйлық берші!", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз. Аяз атаның тақпақ айтқан, ән салған, би билеген балаларға сыйлық беріп жатқаны туралы көріністі интербелсенді тақтадан бақылау; түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану; "Аяз ата,қоржынында не бар?"дидактикалық ойыны, "Ақшақардың киімі" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, шырша, дидактикалық ойынға арналғанматериалдар,шыршаныңастынаата-аналардыңбалаларынаарнап әкелген сыйлықтары.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

БаласанынақарайАқшақарбейнеленген(қағаз)қиындылары.

Оқуқызметініңбарысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

Музыкалықжетекші"Аязатакеледі,бізгесыйлықбереді!","Аязатааппақ, сыйлықтары тәтті-ақ!", "Аяз атаның сыйлығы!", "Қош келдің, аяз ата!", "Аяз атаменбіргебилейміз","Аязата,келші,бізгесыйлықберші!"сөйлемдерін қолдана алады.

- Балалар,жаңажылдаүйлеріңеАязатасыйлықалыпкелгенінқалайсыңдарма? Жарайсыңдар!Балалар,Аязатаныңбізгесыйлықалыпкелуіүшін"Аязатакелші, бізге сыйлық берші!"деп шақыруымыз керек. Ол үшін тақтаға қарайық. Аяз ата бізге қандай сыйлықтар алып келер екен? Сыйлықтары қандай көп!

-Кәне,балалар,бәрімізАязатанышақырайықшы!Аязатакелмейжатырғой. Педагог:

- Аязатаалыстанкеліпжеткенше,бізәнтыңдапкүтетұрайық!Балаларғаәнді тыңдатып жатқанда топқа көмекші кіріп, балалардың есімдері жазылған сыйлықтарын шыршаның астына қояды.
- Балалар, біз орындықтарға жайғасып отырайық, "Шырша" әнін тыңдап отырғанда Аяз ата да келіп қалады. Кәне, балалар, Аяз ата тез келсін десек, өлеңтыңдайық.СондаАязатамузыканыңдауысыналыстанестіп,бізгежылдам келеді. Музыкалық жетекші балалармен бірге ән тыңдап, оның сыр-сипаты туралы айтып түсіндіреді.

2. НЕГІЗГІБӨЛІМ

-Балалар музыкалық жетекшіні қоршап тұрғанда «Аяз атамен билейміз»әнінің әуені естіледі.

Балалар,бұлқандайәнекен?Шыршатұрғанжерденшығыптұрма?Барып көрейікші?

Музыкалық жетекші балаларды шыршаның жанына апарады. Сол кезде балаларөздеріне арналған сыйлықтарды көреді, мәз болып қуанады. Педагог:

-Кәне,балалар,әндітыңдапкөрейікші.

Аязатаныңтақпақайтқан,әнсалған,бибилегенбалаларғасыйлықберіп жатқаны туралы көріністі интербелсенді тақтадан көрсету.

Педагог:

-Балалар,Аязататезкелсіндесек,олтуралыәндітыңдап,жаттапалуға тырысайық!

Сол сәтте педагог балаларға «Билейміз Аяз атамен» әнін тыңдатады. Әнді тыңдап, балаларға қайталатады, кейін дыбыстап айтып жаттықтырады. Содан кейін балаларға:

Балаларшыршаныайналып,әнайтыпжүргендеАязатакеліпқалады.Балалар қол шапалақтап қуанып, Аяз атаны қарсы алады.

- Балалар,Аязатанықүткенімізүшінолбізгерақметайтыпжатыр.Аязатаға өнерімізді көрсетіп, сыйлықтар алайық!

Балаларәнментақпақайтып,бибилеп,ырғақтықимылдардыжасайды,мәз болып қуанады.

Г. Вихаревтің «Шыршадағы аңдар» шығармасына музыкалық-ырғақтық қимылдардыбалаларғаәріқарайүйретуалдындамузыкалықжетекшісі:

- Балалар, Аяз атаға біздің шыршамызда қандай аңдар бар екенін айтып, соларды бейнелепкөрсетейікші!Кәне,балалар,кімкөрсетеді?

Барлық бала музыкалық жетекшінің артынан жүріп, музыка әуенімен біреуі аюдың,біреуіқояннның,біреуітүлкініңқимылдарынкөрсетіпжүреді.Музыкалық жетекші:

- Енді,балалар,кімніңАязатағатақпақайтып,бибилеп,өнерлерінкөрсеткілері келеді?

Олай болса, балалар, бәріміз бірге айтайық:

Аяз ата келді, Бізгесәлемберді.
Тақпақайтқанбізге, Сыйлықтарынберді!

-Балалар,бәрімізбірдейшеңбергетұрып,Аязатағаарналғантақпақты қайталайықшы!

Аяз ата келді (екі қолды жоғары көтеру, аяқтың ұшына көтерілу)Бізгесәлемберді(қолбілезіктерінайналдыру,бәріиіліпсәлемб ереді) Тақпақ айтқан бізге (қол шапалақтау)
Сыйлықтарынберді(екіқолдыжанынажіберу)

Музыкалықжетекшібалалардықолдарынанұстап,шеңбержасайды.Ырғақтық қимылдардыорындайды,өзібіргебилейді.СоңындаАязатаменқоштасып, рақметтерін айтып, шығарып салады.

А. Матлинаның «Шамдар» биінде музыкалық жетекші балаларды шеңберге тұрғызып,бірініңартынанбіріжүріп,жеңіладымменнемесеаяқтыңұшымен

жүру элементтерін көрсетеді. Балалармен бірге шеңберде жүріп келе жатып, музыкалықжетекші:"Кәне,балалар,бәрімізүлкеншамдыкөрсетейікші!"–деп, қолын жоғары көтереді, үлкен дөңгелектер жасайды. Бұл жанып тұрған шамдар,"Шамдаржанып-өшеді"дегендебалаларшеңбербойыменжүріпкеле жатып, жұдырықтарын ашып-жұмып көрсетеді. Қимылдар музыкалық жетекшінің жетекшілігімен қайталанады.

Педагог балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде

қабылдағандарынпысықтауүшін"Аязатақоржынынданебар?"дидактикалық ойынын өткізеді. Ойын кезінде Аяз атаның қоржынына балалардың танымдық ой-өрісін кеңейтетін заттарды салып қояды. Ортаға бір баладан шақырып, қоржындағы затты қолмен алғызады, қандай зат екенін сұрайды. Заттың атын білген балада сол сыйлық қалдырылады. Заттарды ертегілер кейіпкерлерінен алуға да болады. Барлық бала бір ойыншықтан алғанға дейін
ойынқайталанады.

"Ақшақардың киімі"ойынында педагог балалардың алдына бірнеше киім түрін қояды. Ақшақарды киіндіру үшін қандай киім түрлерін таңдап алу керектігінайтады.«Аязатаменбилейміз»әуеніаяқталғаншабалаларпедагогтің көмегімен Ақшақарға тиісті киімдерін кигізіп үлгеру керектігі айтылады. Ақшақарды жылдам киіндірген балаларға Ақшақар бейнеленген қиындылар беріледі.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Оқуқызметінің соңындапедагогбалалардыңбүгінгітапсырманықандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау мақсатында сұрақтар қояды:

- Балалар,бүгінбізгекімкелді?Аязатанеәкелді?Сыйлықтар.
- Балалар,оқуқызметіндеқандайәнтыңдадық?«Шырша»туралы.
- Қандайәнайтудыүйрендік?"БилеймізАязатамен"әнін.
- СендергеАязатаұнадыма?Иә.
- Керемет! Балалар, бүгін сендер өте белсенді болдыңдар. Рақмет! Сауболыңдар!

Музыка:Қошақан

Күні 26.12

Оқуқызметінің мақсаты

Балалардың музыканытыңдайотырып, сипатын ажырата білуге үйрету; көңілді музыка әуеніне сай ырғақтық қимылдарды үйлесімді жасау дағдыларын қалыптастыру; шығармашылық әрекет пен эстетикалық мәдениетке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Қуыршақ Айжан","момын қой","қошақан","тәй,тәй"сөздерін пайдалану.

ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Ырғақтық қимылдар, көркем сөз, интербелсенді тақтадан қой мен қошақанның әрекетін бақылау; ғажайып сәт, түсіндіру, көрсету, баяндау, пысықтау, миға шабуыл, кері байланыс тәсілдерін қолдану;" «Қойдың баласы қайсы?» дидактикалық ойыны, "Кім қалай дыбыстайды?" ойыны.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР

%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, қуыршақ Айжан, қоймен қошақанның суреті, дидактикалық ойынға арналған суреттер.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

Қошақанныңсуретісалынған(қағаз)қиындылар.

Оқуқызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

–Балалар,сендер қыста қойдың қошақанын көрдіңдерме? Балалар

үндемейді.

- Балалар,қой мен қошақан ауылда болады,солай ма? Иә.

- Балалар,қошақанда жаңадан туғанда бірден жүреалмай,"тәй,тәй"басады екен.

- ЕндешебізгеауылданқуыршақАйжанкележатырекен,солқуыршақ Айжаннан қошақан туралы сұрап білеміз.

- Ал, Айжан қуыршақ келгенше, "Қошақаным қайда екен?" мультфильмінтамашалайықшы?!

Музыка жетекшісі балалармен бірге әнді тыңдап, әннің мазмұнын балаларға түсіндіреді. Сұрақтар береді, қандай ән тыңдағандарын пысықтайды.

2. НЕГІЗГІБӨЛІМ

Педагоготыратынжерденмаңыраған қойменқошақандардыңдауыстары шығады.

- Балалар,бұлнеңіңдауысыболдыекен?Қандайқызықдауыстар!Мұндай дауысты бұрын естідіңдер ме?

Музыкажетекшісі:Дауысқайданшығады?депсұраққойып,интербелсенді тақтаны қосады.

Сол кезде интербелсенді тақтадан қорадағы маңыраған қойлармен қошақандардың бейнесі көрсетіледі. Педагог:

- Балалар, қараңдаршы, жануарлардың тіршілігі қандай қызық! Бұлқыстағы қорадағы қойлар мен қошақандардың тіршілігі.

- Балалар, бүгін біз "Достарым, кел билейік!" әнін тағы да тыңдап көрейікші! Әнді тыңдап, балаларға қайталатады.

Әуенді тыңдағанда балалардың көздерін жұмғызып, ән терапиясының қарапайым элементін пайдаланса да болады. Музыка ойнап тұрғанда музыка жетекшісі: Балалар, қайсы екен, есек неге бақырды, тауық неге шақырды, ақырындабәріненкімболдыекенақылды?–деп,балалардыңкөздерінашқызып, жаңағы сұрақтарды қайтадан қойып, музыканы қабылдау дағдыларына жаттықтырады.

Интербелсендітақтаданқыстағықорадағықойларменқошақандардың маңыраған көрінісі тағы да көрсетіледі. Сол кезде музыка жетекшісі:

- Қой"бәәә"–дейді,

- Қошақан"мәәә"–дейді.

- Қосылыпбәрі,

- Тамақ бер, "нәәә"–дейді деген жолдарды айта отырып: Балалар, қой мен қошақан қандай дыбыс шығарады екен, бәріміз қайталайықшы! Бұл жануарлардың шығаратын дыбыстарын қайталау балалардың тілдерін жетілдіріп қана қоймай, ән айтудағы табиғи үнді қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Педагог отыратын жақтан "Қошақаным қайда екен?" әнінің әуені естіледі. Музыкажетекшісіәндібіргеайтажүріп,балалар,мынаәндіестігендеріңбарма?

деп сұрайды. Әнді 2-3 қайтара қойып, балаларға тыңдатады да алдын ала үйден жаттап келген мәтін бойынша сөзімен әнге ілесе отырып, айтуға жаттықтырады. Балалар жалығып кетпес үшін орындарынан тұрып, шеңбер жасап,арасындаәнмәтінінесайжеңілқимылдардыпедагогбалаларғаөзібірге көрсете отырып, бірге қайталайды.

Музыка жетекшісі балалардың назарын өзіне аударып, «Жай және жылдам» әніне музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауды балаларға үйретеді.
- Жайадым, жайадым (орындарындатұрып,саптүзепадымдайды),

- Жылдамдат ,тез адым (шеңбер бойынша тез адымдап жүреді, арасында жүгіреді).
- Бір,екі,бір,екі,

- Сабырлы бұладым–деген өлең жолдарымен:

- Балалар, кәне, бәріміз тағы да қимылдарды қайталайықшы! Керемет, жарайсыңдар,балалар–деп,музыкажетекшісіөзініңризашылығыншапалақтап көрсетеді. Әнмен бірге ырғақтық қимылдарды қайталай жүріпбалалар педагогпен бірге жаттығады.
- Балалар, қуыршақ Айжан сендерге риза болып жатыр.Балалардың барлығы өнерлі екен дейді. Бірақ, басқа балабақшадағы балаларғада бару керек екен, соған асығып кеткісі келіп отыр. Бәріміз қуыршаққа "Сау бол!" деп айтайық!

А.Ануфриеваның«Қуыршақпенбиінде»музыкажетекшісібалаларға:

- Балалар, қуыршақ Айжан сендермен билегісі келеді, сондықтан қуыршақ Айжандыжанымызғаалып,біргебилейік!–дейді.Балалардышеңбербойымен тұрғызып,өзіқуыршақтықолынаалып,балаларменбіргебилейді.Музыканың әуенімен балалар аяқтарын жеңіл алып, педагогтың артынан жүріп қолдарын жан-жақтарынасермейді.Аяқтарыменбірорындатұрып,жердітарсылдатады. Қимылдар музыка жетекшісінің басшылығымен бірнеше рет орындалады.

"Не қалай дыбыстайды?" ойынында педагог балалардың бәрінің назарын орындалатын дыбысқа аударып, балалар, қазір мен сендерге жануарлардың (мысық, ит, қошақан, құлыншақ) дыбыстарын тыңдатамын, сендер солардың ішінен қай жануардың дыбысы екенін тауып, айтуларың қажет –дейді. Педагог музыканы қосып, жануарлардың дыбысын тыңдатып, балалардың мұқият тыңдап алуына уақыт береді. Уақыт келгенде балалардан қай жануардың дыбысы екенін анықтап алады, дұрыс жауап берген байқампаз балалар қошақанның суреті салынған фишкалармен марапатталады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқуқызметінің аяғында балалардың бүгінгі тапсырманы қандай деңгейде қабылдағандарын пысықтау үшін сұрақтар қояды:
- Балалар,бізге бүгін қандай қонақ келді? Қуыршақ Айжан келді.
Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар,оқуқызметінде қандай ән тыңдадық? "Достарым, кел билейік!"әнін.

- Қандай ән айтуды үйрендік?«Қошақаным қайда екен?» әнін.

- Бәрекелді, балалар, бүгін сендер жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет! Оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка жетекшісінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы №13«Шұғыла»_бөбекжай балабақшасы_____

Топ: «Балдырған» “Көгершін” ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы.

№	ҰОҚ тақырыбы	ҰОҚ мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Ойыншықтар	Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.	1	06.09
2	Әлди-әлди	Балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту.	1	13.09
3	Жаңбыр	Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту.	1	20.09
4	Ата Заңым ардақты	Балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жәй және көңілді әндерді тыңдай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту.	1	27.09
5	Жапырақтар сарғайды	Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.	1	04.10

6	Себеттегі жемістер	Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру.	1	11.10
7	Дастарқан көркі — нан	Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.		18.10.
7	Торғай	Балалардың түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру.	1	.01.11
8	Көңілді машина	Балалардың музыкаға деген ықыласын арттыру; әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін қалыптастыру; көлік туралы ұғым беру.	1	08.11
9	Жомарт түлкі	Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету.	2	15.11 22.11
10	"Қоңыр аю қорбаңбай".	Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңа әнге қызығушылықтарын арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айтуды үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілеті мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақтық қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету.		29.11
12	Қыс қызығы	Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып,	1	06.12

		эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білуге үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.		
13	Тәуелсіз елім	Балалардың патриоттық ән арқылы туған жерге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуендегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; Қазақстанның тәуелсіздігі туралы ұғым беру.	1	13.12
14	Жаңа жыл - жаңа нұр	Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.	1	20.12
15	Шырша түбіндегі сыйлық	Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; би элементтерін орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру.	1	27.12
16	Аққала	Балаларды шулы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қыс қызығы туралы ұғым беру.	1	3.01
17	Қыс әні	Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	1	10.1
18	Ақшақарлар билейді	Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге үйрету; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдауға және сипатын ажырата білуге	1	17.01

		үйрету; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; қардың пайдасы туралы ұғым беру.		
19	Аю мен түлкі	Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай жабайы аңдардың бір-бірінен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігі туралы ұғым беру. Балаларды жабайы аңдар туралы әнді қызығушылықпен тыңдай отырып, әннің сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әнді айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдары мен аңдардың қимылдарын жеке орындауға үйрету; музыкалық аспап қасықпен жатық ойнау қабілетін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтау, жабайы аңдарды қорғау мен құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.	1	24.01
20	Қыстағы әнші құстар	Балаларды торғай туралы қазақ тілі мен орыс тіліндегі әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; торғайдың қыс мезгіліндегі үнін тыңдата отырып, оның табиғи дауыс ерекшелігін сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; торғайдың үніндегі жоғары дыбыстың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру; музыкалық аспаптағы ырғақты сезіне білу қабілетіне баулу; қыстайтын құстар туралы ұғымдарын кеңейту.	1	31.01
21	Тұлпарым	Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.	1	7.02
22	Жүргізуші	Балаларды жүргізуші туралы әнді тыңдап, әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ән айту кезінде топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптың дыбысын ойналған әуеннің желісімен сәйкестендіріп,	1	14.02

		үйлесімді дұрыс бере білуге үйрету; мамандық туралы ұғым беру.		
23	Кір жуғыш машина	Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту.	1	21.02
24	Күлкі - шаттық шуағы	Балаларды күлкі туралы жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; ән айту кезінде әуеннің сөздік мағынасын түсіне отырып, эмоционалды көңіл-күйге бөлене білуге баулу; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; денсаулық туралы ұғымдарын кеңейту.	1	28.02
25	Аялайық, аналарды бәріміз!	Балаларды ана туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз "ре" – "ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру; аналар мерекесі мен көктемгі құстар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.	1	6.03
26	Көктем келді, алақай!	Балаларды ана мен көктем туралы әндермен таныстыра отырып, музыкаға деген қызығушылығын арттыру; музыкалық шығармалардағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта (қасықпен) ойнау қабілетін қалыптастыру; көктемгі ерекшеліктер туралы ұғым беру.	1	13.03
27	Наурыз көктем	Балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрге деген	1	20.03

		қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.		
28	Киелі домбыра	Балаларды қазақтың халықтық аспабы домбыраның дауысын қабылдай білуге және домбыраның дыбысын ажырата білуге үйрету; домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, домбыра сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білуге үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын өздігінен орындай білуге үйрету; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру; домбыра туралы түсінік беру.	1	27.03
29	Ғарыш әлемі	Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; ғарыш туралы ұғым беру. Балалардың жаңа әнді тыңдауда әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу қабілетін дамыту; топпен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканың көңілді, ойнақы сипатымен ырғақты қозғалысты өзгертіп, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету; балаларды музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілетіне баулу. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; би қозғалыстарын, музыкалық ойын әрекеттерін шын ниетпен орындауға тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.	1	3.0
30	Туған ел	Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра	1	10.04

		білу дағдысына үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша жаттықтыру; шулы (қоңырау) музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; Жер-Ана туралы түсінік беру.		
31	Тал ағаш	Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу және таныс би қимылдарын қайталай білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы жетілдіру; дауыстап және төмен дауыспен ән салуды қол қозғалысымен көрсетуге дағдыландыру; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу және тыныс шығару жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; әуенмен бірге қоңыраулардың дауысын қабылдай білуге үйрету; көктемгі ағаштар туралы түсінік беру.	1	17.04
32	Достық шеңбері	Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білуге үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын өздігінен орындай білуге үйрету; музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру; шаңырақ мағынысы туралы түсініктерін кеңейту.	1	24.04
33	Жеңіс күнін тойлаймыз	Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биді жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.	1	15.05
34	Табиғаттың сәні - гүл	Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысы мен ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша	1	22.05

		қайталауға жаттықтыру; тыныс алу және тыныс шығару жаттығуларын дұрыс орындай білуге дағдыландыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге үйрету; гүлдер туралы түсінік беру.		
35	Алақай, жаз келді!	Балаларды жаз туралы әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу және тыныс шығару жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; оркестрда музыкалық аспаптарды жәй және қатты дыбыстармен ырғақты ойнай білуге үйрету; жайдары жаз туралы түсінік беру.	1	27.05

Музыка: Ойыншықтар

Күні 06.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қош келдің, бақшаға, балақай!", "Саусақтарым ойнайды","Бақша біздің көңілді", "Ойыншықпен ойнаймыз", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан ойыншықтар биін көрсету, "Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы" дидактикалық ойыны, "Ойыншықты тап" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 **КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**

Ойыншықтар, интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, ойыншықтар бейнеленген таңбалауыштар, үлкен ақ қонжық ойыншығы.

%4 **ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**

Ойыншықтар бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 **КІРІСПЕ БӨЛІМ**

1.1. Музыка жетекшісі көңілді әуен қосады, балалар қатармен шеңбер жасап музыка залына кіреді.

~~**Ән "Көңілді күн"**~~

Балалар жарты шеңбер құрады. Педагог пианино сүйемелдеуімен амандасады. Сә-ле-мет-сің-дер-ме!

%4 Сә-ле-мет-сіз-бе!

Шаттық шеңбер: Қуанамын
менде, Қуанасын сенде,
Қуанайық достарым Арайлап
атқан әр күнге.

%4 Балалар, бізге қонаққа кім келді?

%4 Қуыршақ Әйгерім келіпті ғой.

%4 Балалар, таңертен күнде ерте біз қайда келеміз?

%4 Балабақшаға.

%4 Балабақша сендерге ұнайдыма?

%4 Несімен ұнайды?

%4 Біздің қонағымыз балабақша туралы әнді ұмытып қалды, ендеше балабақша туралы ән тыңдаймызба?

Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Ән "Балабақша" деп аталады. Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

~~**Ән "Балабақша"**~~

%4 Керемет! Біздің бақшада өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз бірге тыңдаймыз, қуыршақ Айгерімде сендермен бірге тыңдайды.

1.2. - Балалар, бәріміз қазір қолымызға ойыншықтарды алып, би билейміз. Музыканың ырғағымен әуенге тербеліп, ойыншықты ұстап билейді. Ойыншықты екі қолымен ұстап, оңға, солға және алға тербейді.

%4 **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

2.1. Педагог алдын ала ойыншықтарды отырғызып қояды.

%4 Балалар, біз ойыншықтар туралы қандай ән білеміз?

%4 Ойыншықтар әнін.

%4 Кәне, балалар, бәріміз ыңғайланып отырамыз. Менімен бірге қайталаймыз:

~~**"Ойыншықтар" әні**~~
~~Біздерде бар қуыршақ,~~
~~Бұзау, қозы, құлыншақ.~~
~~Ойыншықтар тыңдайды,~~
~~Әмір беріп, бұйырсақ.~~
~~Ойыншықтар ұйықтайды,~~
~~Айтқанынан шықпайды.~~
~~Ал, қозы мен құлыншақ,~~
~~Ұйықта десең, ұқпайды.~~
~~Тыңдамайды ұрысса,~~
~~Осылары дұрыс па?~~
~~Тентектігін тыймаса,~~
~~Тұрғызармын бұрышқа.~~

%4 Балалар, біз ойыншық туралы ән айтып едік, отырған ойыншықтарымыз билеп кетіпті ғой.

Педагог отырған ойыншықтарды білдіртпей алып тастап, интреактивті тақтадан билеп жүрген ойыншықтарды көрсетеді.

– Әнде не туралы айтылады? Ойыншықтар туралы.

%4 Қандай ойыншықтарды естідіңдер? Қуыршақ, бұзау, қозы, құлыншақ деп айтылады екен.

%4 Өлең ұнады ма, балалар? Иә.

%4 Ойыншықтар да тентек болады екен, солай ма? Жарайсыңдар, балалар! Әннің сөзін үйге барғанда да ұмытып қалмас үшін қайталау керек екенін ұмытпаңдар, балалар.

2.2. «Ойыншықты тап»

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Көрнекілік:
Топтағы ойыншық.
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады.
Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.

2.3. ~~Ән~~

Музыкалық жетекші Э. Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

~~**видео**~~

Педагог:

– Балалар, музыка әуенімен денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз, кәне, кімнің денесі тік, әдемі екен, мен қараймын. Енді, менің соңымнан жүреміз, мен санаймын
1, 2, 3.

Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға жеткенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші адымдауды өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды.

2.4. ~~Ән~~

Музыкалық жетекші Е. Макшанцеваның «Разминка» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып:

– Балалар, шеңберді әдемі, кең етіп жасаймыз, жарайсыңдар, менің қимылыма қарап, қандай қимылдар жасау керектігін үйренеміз.
Музыкалық жетекші музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар орындарында тұрып, жеңіл адымдап, қолдарын алға-артқа сермейді. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Аяқтарымен сол жақ жанына, орнына, оң жақ жанына, орнында жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы»

Мақсаты: Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, түсін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметінің соңына қарай балаларға:
- Бүгін алғашқы оқу қызметінде қандай ән тыңдадық, балалар?
- «Ойыншықтар» әнін.
- Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?
- «Балабақша» әнін.
- Қандай ойыншықтармен таныстық?
- Қуыршақ, бұзау, қозы, құлыншақ.
- Біздің балабақшада ойыншықтар көп екен, балалар.
- Біз ойыншықтарды қалай ұстауымыз керек екен. Күтіп, ренжітпей.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе!
Аппақ қонжық та сендерге риза болып жатыр. Балалар керемет белсенді екен деп, мақтап отыр. Риза болғандығы сондай осы балабақшада сендермен ойнау үшін қалды. Қалсын ба, балалар? Иә. Олай болса, оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Әлди-әлди

Күні13.09

Оқу қызметінің мақсаты

%4 БІЛІМДІЛІК

Балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй жәнекөңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту.

%4 ДАМЫТУШЫЛЫҚ

Балаларды әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндердітыңдай білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен музыкалық
ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға жаттықтыру;дыбысты есту қабілеті мен қабылдау қабілетін дамыту.

%4 ТӘРБИЕЛІК

Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу;эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Әлди-әлди!", "Отбасым – Отаным", "Көңілдіміз, билейміз!", "Асыл әжем","Бәйтерек", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Әлди-әлди!","Отбасым – Отаным", "Көңілдіміз, билейміз!", "Асыл әжем", "Бәйтерек", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан отбасы мен әже туралы көрініс көрсету, "Бәйтеректібезендір" дидактикалық ойыны, "Фестиваль" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, бөпе қуыршақ, ойыншықбесік, портфолио, бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. – Балалар, бәріміз шеңбер бойымен отырамыз. Міне, жарайсыңдар! Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? Керемет, жарайсыңдар! Педагог интербелсенді тақтадан отбасы туралы бейнелі суреттер көрсетеді.

- Балалар, мына көріністе бір отбасының өмірі бейнеленген. Бәрі түсінікті ме? Әже үйде отырып, барлық отбасына тамақ дайындап жатыр. Әженің тамағы қандай дәмді десеңші!

Енді, балалар, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз:

- Отбасым – Отаным (балалар қолдарын жоғары көтереді),
Отбасым – мекенім (балалар қолдарын көкіректеріне қояды).
Саяңда өзіңнің (балалар қолдарын жанына жібереді),
Бақытты екенмін (балалар қолдарын айналдырады). Балалар педагогпен біргеқимылдарды қайталап отырады.

"Әлди-әлди" әнінің әуені естіліп, музыкалық жетекші бір қолына бөпеқуыршақты, екінші қолына ойыншық бесікті ұстап келеді:

- Балалар, қараңдаршы, менімен бірге қонаққа бөпе қуыршақ келді! Өзінің бесігін ала келіпті, біз оны әлдилеп, ұйықтатқанымызды сұрайды. Кәне, балалар, әнді тыңдап отырып, бөпе қуыршақты бесігіне жатқызып, әлдилейік! Қандай керемет ән, тыңдаңдаршы, балалар! Әнде не туралы айтылады? Бөпе әлдиі туралы. Басқа қандай әлди әнін естідіңдер? Кім тербетеді бөпе қуыршақты? Міне, "Әлди-әлди" әнінің әуенімен бөпе қуыршақ та ұйықтап қалды. Ол ұйықтапжатқанда оқу қызметімізді жалғастырайық. Жарайсыңдар, балалар!

- Әлди-әлди, бөпешім,
Әлдилеген көкешім.
Әлди-әлди – деп,
Шаршамай ма, көкешің?
Айналайын бөпешім,
Айналады көкешің.
Бесігіңде тербеліп, Жата

берме, бөпешім.

НЕГІЗГІ

БӨЛІМ 2.1.

Интертақтадағы әженің қимыл-әрекеттерін көрсете отырып педагог:

- Балалар, қараңдаршы, қандай пысық әже? Бәріне де үлгереді. Әжелердің болғаны қандай жақсы! Әже туралы әндер өте көп, балалар. Сондай әндердіңбірі – «Ақ әжем» әні.

Сол әнді айтып көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып,қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Ақ әжем, ақ әжем,
Бәрінен сақ әжем.
Ауырма әрқашан,
Аман бол, сен әжем.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Біздің әжелеріміз бар, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз.

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2. "Бәйтеректі безендір" дидактикалық ойыны.

– Балалар, қазір біз ойын ойнаймыз. Алдарыңда бәйтерек тұр. Сол бәйтерекке еденде жатқан суреттерден қай сурет отбасына лайық деп ойлайсыңдар, сол суретті апарып ілесіңдер және әркім өзінің ілген суретін есінде сақтауы қажет. Мен сендердің ілген суреттеріңе қарап бағалаймын. Педагог ілінген суреттердітексеріп, дұрыс ілген балалардың суреттерін мақтайды. Кейбір балалар отбасына кірмейтін арыстан, қоян, доптардың да суреттерін ілген. Мұндай жағдайда педагог отбасына кіретін адамдарды тағы да пысықтайды. Жақсы ойнаған балаларға бәйтеректің бейнесі салынған таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

– Кәне, портфолиоларыңды ашып, таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

Музыкалық жетекші Э. Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

Педагог:

- Балалар, музыка әуенімен денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз, кәне, кімнің денесі тік, әдемі екен, мен қараймын. Енді, менің соңымнан жүреміз,мен санаймын 1, 2, 3.

Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі көш бастап,көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды.

4. Музыкалық жетекші А. Гриневичтің «Кім ерте тұрды?» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып:

- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді, музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз – деп, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Еркін қимылдар бойынша балалар музыкалық жетекшінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

5. "Фестиваль" ойыны.

Педагог:

- Балалар, бүгін біз отбасына байланысты жаңа ойын ойнаймыз. Мен сендергеойын ережесін түсіндіріп өтейін.

Педагог балаларды екі топқа бөліп, екі отбасы ретінде фестивальға қатысу керектігін айтады. Балалар өз отбасы үшін жеңіске ұмтылуы қажет. Педагог екітоптан төрт пысық баланы отбасы мүшелері ретінде сайлайды (ата, әже, әке, ана). Қалғандары осы

отбасының балалары болады. Фестивальда музыка сүйемелдеуімен жарыс түрінде, кім артық, кім жылдам, кім әнші, кім биші дегенаталымдар бойынша жарыс болады. Барлық аталымдар бойынша жақсы өнер көрсеткен топ жеңеді.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың бүгінгі алған білімдерін пысықтау мақсатында:
- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- «Әлди-әлди» қазақтың халық әнін.
- Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?
- «Ақ әжем» әнін.
- Әжелердің болғаны сондай жақсы, солай ма, балалар? Ал отбасының болғаны –үлкен бақыт екен, балалар. Біз отбасымыз бақытты болуы үшін бір-бірімізді ренжітпей, құрметтеуіміз керек. Бәрекелді, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе!

- Балалар, бөпе қуыршақтың тағы да ұйқысы келді. Бесігін алып үйіне қайтпақшы, жібереміз бе?
- Иә, жібереміз, ол әлі бөпе ғой.
- Онда, балалар, бөпе қуыршаққа не дейміз? Сау бол!
- Балалар, оқу қызметі аяқталды, мен бөпе қуыршақты шығарып салайын, сау болыңдар!

Музыка: Жау, жау, жаңбыр

Күні 20.09.

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуге үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жау, жау, жаңбыр!", "Табиғат әлемі", "Қыдырамыз, билейміз!", "Тамшылар", "Там, там дейді, ақ жаңбыр", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан табиғатта жаңбырдың пайда болуы және жауғаны туралы көрініс көрсету, "Жаңбыр" дидактикалық ойыны, "Тышқандар" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, даңғара (бубен), кішкентай шелек, алты орташа құрсау, ойыншық қоян, басқа да жаңа ойыншықтар,

кемпірқосақ бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Кемпірқосақ бейнеленген таңбалауыштар, бала санына қарай даңғаралар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. – Балалар, сендер жаңбырдың жауғанын жақсы көресіңдер ме? Міне, жарайсыңдар! Жаңбырдың қалай пайда болатынын білесіңдер ме? Керемет, жарайсыңдар!

Педагог интербелсенді тақтадан табиғат және жаңбырдың пайда болып жауғаны туралы көрініс көрсетеді.

- Балалар, тақтаға қарап, жаңбырдың қалай пайда болатынын бақылайықшы! Алдымен күн райы бұзыла бастайды, яғни күннің көзін бұлт басады, бұлт қоюланып, бұйра бола бастаған кезде, жаңбыр ақырын тамшылап жауа бастайды, жаңбырдың дыбысын естідіңдер ме? Қатты жауып барып, қайтадан ақырындап жауып, тоқтайды. Балалар, күн шыға бастағанда екінші жақтан не пайда болды?
- Кемпірқосақ.
- Балалар, кемпірқосақтың шыққан бейнесі қандай әдемі? Жаңбыр қалай жауады екен? "Там-там" дейді екен. Жаңбырдың қалай пайда болатынын көрдіңдер, балалар! Енді, балалар, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз:
- Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр (балалар жұдырықтарын бір ашып, бір жұмады),
- Ақ шелекке құй, жаңбыр (балалар қолдарын жоғары көтереді).
- Шелегімді берейін (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Жаңбырыңнан бер, жаңбыр (балалар алақандарын жоғары жаяды). Балалар педагогпен бірге сөз бен қимылдарды қайталап отырады.

Б. Бейсенованың " Жау, жаңбыр" әні естіліп, музыкалық жетекші бір қолында су толы кішкентай шелек пен даңғара, екінші қолында су болып қалған ойыншық қоянмен кіріп келеді:

- Балалар, қараңдаршы, менімен бірге қонаққа ойыншық қоян келді! Өзі жаңбырдың астында қалып, су болып қалса да жаңбыр суын шелегімен ала келіпті және қолында даңғарасы бар. Амандасайық, балалар. Сәлеметсіз бе! Қоян сендермен бірге "Жау, жаңбыр" әнін естігісі келеді. Кәне, балалар, бәріңде даңғара бар ма? Әнді тыңдап отырып, даңғараны бірге ұрайық! Қандай керемет ән, тыңдаңдаршы, балалар! Ненің дыбысын естіп тұрсыңдар? Жаңбырдың.

Жаңбырдың тамшысымен бірге даңғараны ұрайықшы. Бум, бум, бум! Балалар, даңғараны ұрамыз! Керемет, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог залдағы орындықтарда отырған ойыншықтарға қарап:

- Балалар, қараңдаршы, қандай ойыншықтар? Бәрі де жап-жаңа. Кім әкеліп қойды екен? Бұл ойыншықтар бізге не үшін келді екен! Балалар, ойыншықтар бізге келіп қалған екен, оларға арнап "Ойыншықтар" әнін айтып берейікші!

Алдыңғы оқу қызметінде осы әнді үйренгенбіз, сендерге ұнады ма, балалар? Сол әнді айтып көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз, тақтаға қарап отырып, әнді айтамыз

Біздерде бар, қуыршақ, Ойыншықтар ойнайды, Бұзау, қозы, құлыншақ. Айтқаныңды тыңдайды.
Ойыншықтар ойнайды, Тыңдамаса ұрысқа, Емес олар ұрыншақ. Тұрғызамыз бұрышқа.

- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап отырып, тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Біздің ойыншықтарымыз көп, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар

қабылдағанша айтқызады. Жаңа ойыншықтармен танысуға уақыт береді.
2.2. "Жаңбыр" дидактикалық ойыны.
- Балалар, қазіргі ойын "Жаңбыр" деп аталады. Екі топқа бөлінесіңдер. Екі топтың алдында бірдей суреттер бар. Алдында интербелсенді тақтадан жаңбырдың қалай жауатынын көрдіңдер. Енді, еденде жатқан суреттерден тауып, жаңбырдың қалай жауатыны туралы суреттерін рет ретімен орналастырыңдар. Мен сендердің ілген суреттеріңе қарап бағалаймын.

Педагог орналастырылған суреттерді тексеріп, дұрыс тапқан балалардың тобын мақтайды. Топтың балалары қателескен жағдайда педагог интербелсенді тақтадан жаңбырдың пайда болуы себептерін тағы да пысықтайды. Жақсы ойнаған топтың балаларына кемпірқосақ бейнесі салынған таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:
- Балалар, портфолиоларыңды ашып, таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.
2.3. Педагог:
- Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғанда менімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз.
Музыкалық жетекші Е. Макшанцеваның "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады.

Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін ескертеді.

2.4. Педагог:
- Балалар, кәне, маған қарай тез келіп, әдемі шеңбер жасап беріңдерші!
Жарайсыңдар! Енді, мені тыңдаймыз. Музыкалық жетекші М. Раухвергердің «Қыдырамыз, билейміз» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.
Балалар шеңбер бойымен еркін жүріп, өздерінің қалаған бағыты мен орнында қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, денелерін қозғалтады, айналады, жеңіл секіреді. Арасында жаңа ойыншықтарды қолдарына алып, билейді. Музыкалық жетекшінің көрсетуімен балалар ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақты қимылдармен үйлесімді болуы тиіс. Билегенде балалардың жүздерінен жадыраған, көтеріңкі көңіл-күй білінуі керек.
2.5. "Тышқандар" ойыны.
Педагог:
- Балалар, жаңа ойын ойнаймыз, маған қарай жақындаңдар. Ойынның ережесімен таныстырамын, мұқият тыңдап алыңдар. Балаларды алты (екі-үш баладан) топқа бөліп, алты құрсауға орналастырады. Құрсаудағылар "тышқандар". Г. Лобачёвтің "Жаңбыр" әнінің желісі бойынша күн ашық болғанда "тышқандар" құрсаудан шығып, дән жинаған түр көрсетеді, далада серуендейді. Музыка бойынша жаңбыр басталғанда "тышқандар" жүгіріп, індеріне кіреді.

Жаңбыр басылғанда "тышқандар" індерінен қайтадан шығып, серуендейді. Музыка біткен кезде педагог интербелсенді тақтадан кемпірқосақтың суретін көрсетеді.
3. ҚОРЫТЫНДЫ
Оқу қызметінің қорытынды бөлімінде педагог:
- Балалар, бүгін оқу қызметі қызықты болды. Сендер де жақсы қатыстыңдар.
- Бүгін қандай ән тыңдадық? "Жау, жаңбыр" әнін.
- Жаңбыр қалай тамады екен? Там, там, там.
- Ал, қандай ән айттық? "Ойыншықтар" әнін.
- Қандай ойыншықтар туралы ән айттық? Қуыршақ, бұзау, қозы, құлыншақ.
- Балалар, оқу қызметіне жақсы қатысып, бәрің таңбалауыш алдыңдар, сол

таңбалауыштарыңды портфолиоға салып қойыңдар.

Музыка: Ата Заңым ардақты

Күні 27.09

Оқу қызметінің мақсаты

Формировать у детей интерес к слушанию музыки; учить умению правильной передачи характера песни: веселой и грустной; Учить детей исполнять музыкально-ритмические движения в такт музыки; развивать музыкальный слухи вокально-хоровые навыки; развивать звуко-высотный слух; расширять понятияо Родине Казахстан. Воспитывать культурно-нравственные, общечеловеческие нормы поведения ребенка; воспитывать чувство к прекрасному.

Сөздік жұмыс

"Ән салайық, шырқайық!", "Ата Заңым ардақты", "Қыдырамыз, билейміз!", "Бүгінгі күн тамаша!", "Топ-топ, балақан", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Ән салайық, шырқайық!", "Ата Заңым ардақты", "Қыдырамыз, билейміз!", "Бүгінгі күн тамаша!", "Топ-топ, балақан", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан Қазақстанда Ата Заң күніне арналған мерекелік шарадан көрініс көрсету, "Бәйтерек" дидактикалық ойыны,"Топ-хоп" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, үлкен өлшемде тігілген бала аяқ киімі, бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Педагог:

- Балалар, біз қай елде өмір сүріп жатырмыз? Міне, жарайсыңдар! Еліміз қалай аталады? Тамаша, жарайсыңдар! Енді, интербелсенді тақтаға қараңдаршы! Интербелсенді тақтадан Қазақстанда Ата Заң күніне арналған салтанаттышарадан көрініс көрсетеді.

- Балалар, мына үлкен кітапта біздің Конституциямыз жазылған.
- Ата Заң бәрімізді қорғайды!

Енді, балалар, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз:

- Ата Заңым – ардақты (балалар қолдарын жоғары көтереді),

- Қасиетті, салмақты (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Ата Заңым тұрғанда (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Ешбір қауіп алмапты (балалар алақандарын қатты жұмады). Балалар педагогпен бірге сөз бен қимылдарды қайталап отырады.
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. А. Асановтың "Балдырған" әнінің әуені естіліп,

музыкалық жетекші нәрестелер тобынан 2-3 баланы ертіп келеді. Балалармузыка әуенімен билеп, ортада жүреді. Музыка жетекшісі:

- Балалар, қараңдаршы, менімен бірге қонаққа кішкентай бөпелер келді! Сендермен бірге "Балдырған" әнін естігілері келеді. Кәне, балалар, бәріміз біргеәнді тыңдайық! Қандай керемет ән, тыңдаңдаршы, балалар! Сендер сияқты балдырғандар туралы ән екен. Кішкентай бөпелермен ортада билейміз!

Керемет, балалар! Енді, кішкентай сәбилерімізге "Сау бол!" айтып, шығарып салайық.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, қандай үлкен аяқ киім?

- Біздің топқа да әкеліп қойыпты ғой. Жап-жаңа, әлі киілмеген. Кім әкеліп қойдыекен? Бұл аяқ киім бізге не үшін келді екен! Балалар, аяқ киім бізге келіп қалғанекен, оған арнап "Топ-топ, балақан" әнін айтып берейікші! Сол әнді айтып көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Біздер үйдің гүліміз, Аман болсын анамыз,
Біздер үйдің күніміз. Аман болсын панамыз. Ата-анаға қуаныш, Аман болса екеуі,
Біздің әсем үніміз. Жұлдыз болып жанамыз.
Топ-топ, балақан, Топ-топ, балақан, Шапалақта алақан, Шапалақта алақан, Мәпелеген анамыз,
Мәпелеген анамыз,
Әке деген панамыз. Әке деген панамыз. Кәмпит берсе біздерге, Кәмпит берсе, біздерге,Риза болып қаламыз. Риза болып қаламыз.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Хормен айғайламай, ақырын айтамыз, балалар.Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.2. "Бәйтерек" дидактикалық ойыны.

- Балалар, қазір "Бәйтерек" ойынын ойнаймыз. Екі топқа бөлінесіңдер. Екі топтың алдында бірдей қиынды суреттер бар. Интербелсенді тақтаға қарап, қиынды суреттерден бәйтеректі құрастырып жарысасыңдар. Енді, еденде жатқан қиынды суреттерден бәйтеректің бейнесін рет ретімен орналастырыңдар. Мен сендердің құрастырған суреттеріңе қарап бағалаймын.

Педагог құрастырылған бәйтеректің суреттерін тексеріп, дұрыс құрастырған балалардың тобын мақтайды. Топтың балалары қателескен жағдайда педагог интербелсенді тақтадан бәйтеректің суретін тағы да көрсетеді. Жақсы құрастырған топтың балаларына бәйтерек бейнесі салынған таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, портфолиоларыңды ашып, таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог:

- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде осы марштыәуенмен жүргенбіз, алдымен кең, әдемі

шеңбер жасап алайық, музыка басталғанда менімен ілесе жүріп, адымқимылдарын жасауға дайындаламыз.

Музыкалық жетекші Э.Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді.
Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет.
Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-қадамғакелгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық
жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады.
Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендірумаңызды екендігін ескертеді.

2.4. Педагог балалардың назарын аудару үшін қолдарын шапалақтайды:
- Балалар, маған жақындап, тағы да кешегідей әдемі шеңбер жасап беріңдерші!
Жарайсыңдар! Кешегі қимылдарды қайталаймыз.
Музыкалық жетекші М. Раухвергердің «Қыдырамыз, билейміз» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.

Балалар шеңбер бойымен еркін жүріп, өздерінің қалаған бағыты мен орнында қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, денелерін қозғалтады, айналады, жеңіл секіреді. Арасында жаңа ойыншықтарды қолдарына алып, билейді. Музыкалық жетекшінің көрсетуімен балалар ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақты қимылдармен үйлесімді болуы тиіс. Билегенде балалардың жүзіненжадыраған көңіл-күй білінуі керек.
2.5. "Топ-хоп" ойыны.
Педагог балаларды шеңберге тұрғызып, ойынның ережесін түсіндіреді:
- Балалар, бұл жаңа ойын. Сендерге ұнайды. Кәне, бәріміз ережесімен танысыпалайық. Педагог "Топ" дегенде балалар орындарында тұрып, аяқтарын топылдатады, педагог "хоп" дегенде балалар тез екеуден бірігеді. Ойын 5-6 рет қайталанады.

%4 ҚОРЫТЫНД
Ы Педагог:
- Балалар, бәріміз шеңберге тұрайық. Енді, балалар, қазір менімен бірге қимылдарды қайталаймыз, мен сөзін айтып тұрамын.
- Топ-топ, балақан, Топ-топ, балақан,
Топылдайды балапан. Топылдайды аяғың.
Балапанда болмайды, Балапанда болмаса,
Көрсететін алақан. Өзімде бар алақан.
- Балалар, бүгін қандай ән айтқанымыз естеріңе түсті ме?
- "Топ-топ, балақан."
- Дұрыс айтасыңдар, балалар. Бүгін сендермен өткен оқу қызметі маған сондайұнады. Бәрің белсенді болдыңдар, рақмет, бәріңе! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!
- Біздің қонағымыз қайда? Балалар
айналадан іздей бастайды.
- Қоян орманға үйіне кеткісі келіп отыр, жібереміз бе, балалар? Иә.
- Қоянмен қоштасып, біз де оқу қызметін аяқтайық, сау болыңдар, балалар!
-

Музыка: Жапырақтар сарғайды
Күні 04.10

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе әнайту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау.

Сөздік жұмыс

"Жомарт күз", "Жомарт түлкі", "Түлкі вальсі", "Күз әлдиі", "Керемет!","Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл,кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан жомарт күздіңкереметтері туралы көрініс көрсету, "Себетте не бар?" дидактикалық ойыны,"Жомарт түлкі" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 **КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, себетттегі жемістер, түлкі атрибуты, сылдырмақтар, себеттер, жемістер мен көкеністер.

%4 **ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**

Себеттегі жемістер бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсынасылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

%4 **КІРІСПЕ БӨЛІМ**

1.1. Музыка жетекшісі көңілді әуен қосады, балалар қатармен шеңбер жасапмузыка залына кіреді.

Ән "Көңілді күн"

Балалар жарты шеңбер құрады. Педагог пианино сүйемелдеуімен амандасады.Сә-ле-мет-сің-дер-ме!

%4 Сә-ле-мет-

сіз-бе! Педагог:

- Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы! Міне, жарайсыңдар! Қазір, балалар, күздің соңғы және ең жомарт айы. Енді, менімен бірге тақпақтыжәне қимылды қайталаймыз (психогимнастика).
- Көзім жомарт көргенге (балалар қолдарымен көздерін ашып-жұмады),
- Қолым жомарт бергенге (балалар қолдарын алдына және жанына жаяды).
- Бәрінен де күз жомарт (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жемістерін бергенге (балалар қол білезіктерін сыртқа айналдырады). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, енді тақтаға қарап, күздің сұлу көріністерін тамашалай отырып, әдемібір музыка тыңдайық.

1.2. Интербелсенді тақтадан балаларға жапырақтардың жерге билеп түскенін көрсетеді.

%4 Балалар, жапырақтар билейтінің білесіңдер ме?

%4 Иә, дұрыс айтасыңдар, жапырқтар билеп-билеп жерге түседі.

%4 Балалар, мына жапырақтар вальс билеп тұрғандай көрінеді.

Педагог Ж.Колодубтың «Түлкі вальсі» әнін және интербелсенді тақтаны қосып,күз кереметтерін көрсетеді.

~~Ән "Түнгі вальс"~~

%4 Қандай керемет көрініс, керемет ән екен, мына әнге барлық жапырқтарымызбилеп кеткендей.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Қоңырау болып сыңғырла,
Алақай ау күз желі.
Қыра түскен гүл қыры,
Әсем жүзді іздері, деп бастайды әннің басын бастайды, балалар бірденжалғастырып кету керек.Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап әнмен сүйемелдеп айтайықшы.

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.
~~Ән "Күз"~~

2.2. "Жемістер мен көкеністер" дидактикалық ойын.

%4 Балалар, неліктен біз жомарт күз деп атаймыз?
Жемістер мен көкеністерді себеттерге бөледі.

%4 Қанекей, бәріміз ортаға шеңбер құруға шығамыз. Педагог көңілді әуен қосады.Балалар жемістер мен көкеністерді себетке бөліп салады.

2.3. ~~Ән~~
Музыкалық жетекші Э. Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Педагог:

- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде де осы әуенге адымдап жаттыққанбыз. Бүгінтағы да музыка әуенімен денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз.
Кәне, кімнің денесі тік, әдемі екен, мен қараймын. Енді, менің соңымнан жүреміз,мен санаймын 1, 2, 3.
- Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде солаяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды.

2.4. Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып:
- Балалар, біз музыка басталмай тұрып, орнымызда адым жаттығуларын жасап, жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз, сондықтан сендер шеңберде жүріп адымдауды жақсы игеріп алуларың қажет.

~~Ән~~
Педагог музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Сол кезде түлкі киімін киген бала да музыка сипатына сай үстіндегі сылдырмақтарынсылдырлатып, балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларға сылдырмақтарын үлестіреді. Балаларсылдырмақтарды сылдырлатып, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып,шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді,сылдырмақтарын сылдырлатады, түсіреді, сылдырмақтарын сылдырлатады, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа,сол жаққа кезек-кезек айналдырып, сылдырмақтарын сылдырлатады.

Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды.Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. «До – ре – ми» ойыны.
Мақсаты: Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратабілуге үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.
Ойын барысы: Музыкалық жетекші әнді орындап береді және балалардан соләнге байланысты суретті таңдап көрсетулерін өтінеді. Бала неге сол суретті таңдап алғанын, ол суретте ненің бейнеленгенін, әннің не туралы айтылып тұрғанын айтып береді.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:
- Балалар, Жомарт түлкі кетуге асығып тұр, шаршаған екен. Онымен қоштасып,үйіне шығарып салайық! Сау болыңыз!
- Кәне, балалар, Жомарт түлкіге ризашылығымызды білдірейік!
- Рахмет, саған! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Қандай ән тыңдадық?
- «Түлкі вальсі» әнін.
- Ал, қандай ән айттық?
- «Күз» әнін.
- Балалар, күздің қандай кереметтері бар екен?
- Жеміс-жидектер піседі, табиғат әртүрлі әдемі түске боялады.
- Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар!
- Маған да бүгінгі оқу қызметі ерекше ұнады.
- Оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Себеттегі жемістер

Күні 11.10
Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.

Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу;эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.
Сөздік жұмыс

"Дәруменге толы күз", "Күз сыйы", "Себеттегі жемістер", "Қызыл, сары өріктер", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Дәруменге толыкүз", "Күз сыйы", "Себеттегі жемістер", "Қызыл, сары өріктер", "Керемет!", "Жарайсыңдар!"

сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтаданкүзгі жемістердің түрлерін көрсету, "Дәмінен ажырат" дидактикалық ойыны, "Сарыала қаздар" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, жемістер бейнеленген таңбалауыштар, сылдырмақтар, себеттегі жемістер, ойыншық қаз.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Жемістер бейнеленген таңбалауыштар, сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

КІРІСПЕ БӨЛІМ

1. Педагог:

- Балалар, күз сыйы дегенді қалай түсінесіңдер? Иә, көгөністер, жемістер, жидектер. Жарайсыңдар, балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді!Енді, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз:
- Дәруменге толы күз (балалар қолдарын жанына жаяды),
- Жемістердің көзі – күз (балалар қолдарын жоғары көтереді).
- Себеттері толы күз (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Сары алтындай сары күз (балалар қолдарын жоғары көтереді). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

2. Музыкалық жетекші:

- Балалар, тыңдайықшы, бізге белгісіз біреу бір себет толы жемістер тастапкетіпті! Балалар таңданып отырғанда педагог есік жаққа барып, жеміс толы себетті алып келеді.

- Балалар, қараңдаршы, қандай көп жемістер! Кәне, бәріміз әр жемістен бір-біреуден алып, жанымызға қойып қояйық, оқу қызметінен кейін жейсіңдер! Жарайсыңдар, балалар! Онда, балалар, ән тыңдай отырып, күзде пісетін жемістерді тамашалайық! «Күз жомарт» әнін интербелсенді тақтаны қосып,

күзде пісетін жемістерді көрсетеді. Қандай керемет, күз көрінісі, қараңдаршы, балалар! Қандай жемістер түрі көп күзде пісетін. Қандай жемістер көріп отырсыңдар, балалар? Алма, алмұрт, өрік, алхорылар пісті. Бәрі күз жемістері.Енді, әнді тыңдаймыз.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды.

- Әнде не туралы айтылады? Күздің жеміске бай, жомарт мезгіл екені туралы.
- Қандай күзгі жемістерді көрдіңдер және байқадыңдар? Жарайсыңдар, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық жетекші балаларға сылдырмақтар үлестіріп, шеңбер бойымен тұрғызады.

- Балалар, бүгін біз «Сылдырмақ» әнін айтуды үйренеміз.

Алдымен менімен бірге сылдырмақтарды қалай сылдырлату керек екенін үйренеміз. Кәне, бастаймыз! Жеңіл сылдырлатамыз. Қолымызға ауырлық түсірмейміз! Енді, балалар, сол әнді айтып көрейікші! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызбен сылдырмақтарымызды ұстаймыз, денеміздіеркін ұстаймыз.

- Сылдыр, сылдыр, сылдырмақ!
  Ойнай берші, сылдырлап.
  Сыңғыр, сыңғыр, тоқтамай, Сылдырлай

бер, сыңғырлап!
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап отырып тағы да қайталап айтайықшы!Керемет! Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, сылдырмақтарымызды бірге сылдырлатамыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.2. "Дәмінен ажырат" дидактикалық ойыны.
Педагог:
- Балалар, жемістер таза, қазір осы жемістерге байланысты дидактикалық ойын ойнаймыз.

Педагог балаларға ойынның шартын түсіндіреді. Балалардың көзі байланады. Педагог таза жуылған жемістерді баланың аузына біреуден салады. Бала жемістің дәмінен қандай екенін ажырату керек. Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады. Мүмкіндігінше барлық балаларды ойынға қатыстырған дұрыс. Дәмді дұрыс ажыратып, жақсы ойнаған балаларға жемістер бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарды салып қойыңдар.

2.3. Педагог:
- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы, енді орнымызда тұрып,
адымдаймыз. 1, 2, 3-деп санаған кезде менімен бірге адымдаймыз.
Жарайсыңдар! Енді, музыка әуенімен адымдаймыз.
Музыкалық жетекші И. Соколовскийдің «Марш» шығармасының әуеніне балаларға бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде солаяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды. Марш адымы жеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2.4.
- Балалар, маған қараңдар! – деп педагог балалардың назарын өзіне аударады.
- Қазір музыка әуені басталғанда менімен бірге қимылдарды қайталаймыз.

Музыкалық жетекші орыс халқының «Билейді бәрі» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар орындарында тұрып, аяқтарымен "галоп" (шоқырақтау) қимылын жасайды. Екі қолдарының білезіктерін айналдырады. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойыншаорындалады.

2.5. "Сарыала қаздар" ойыны.
Педагог балаларды шеңбер бойынша отырғызып:
- Балалар, "Сарыала қаздар" ойынын өткен оқу қызметінде ойнағанбыз. Сендерге ұнады ма? Олай болса, тағы естеріңе сала кетейін. Мен бірнеше құстардың атын атағанда орындарыңда тұрып, қолдарыңды жәй қанат сияқтысермеп тұрасыңдар, "Сарыала қаздар" дегенде қолдарыңмен қанат қағып, қаздар сияқты жүресіңдер. Педагог балаларға түсінікті болуы үшін балаларды жаттықтыра отырып, тағы да түсіндіреді. "Сарыала қаздардың" аты аталғанда қолдарымен қанат қағу керектігін, қаздар сияқты жүру керектігін айтады. Балалардың барлығы бірдей қанат қағу, шапалақтау қимылдарын жасау қажеттілігі ескертіледі. Алдымен педагог өзі бастап қаздардың қалай қанат қағып, қалай жүретіндерін көрсетеді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғына қарай біреу есікті тоқылдатады. Педагог:
- Балалар, оқу қызметі аяқталғанда кім келді екен? – деп, есік жаққа барады даөзімен

бірге ойыншық қазды алып кіреді.
- Балалар, оқу қызметі басталар алдында себеттегі жемістерді асығыс тастапкеткен қаз екен. Амандасайық. Сәлеметсіз бе!
- Балалар, сендерге қаздың алып келген жемістері ұнады ма? Иә.
- Олай болса, қазға жемістер үшін рақмет айтайық. Рақмет сағаң, қаз!
- Балалар, қаз кетемін дейді, себетін өзімен бірге алып кетпекші, біз қазға не сыйласақ болады? Таңбалауыш.
- Иә, балалар, таңбалауыш сыйлап, қазбен қоштасып, оқу қызметімізді біз де аяқтайық. Сау болыңдар!
-

Музыка: Дастарқан көркі — нан

Күні 18.10.

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Дастарқан көркі – нан", "Нан болса, ән де болады", "Ас атасы – нан", "Қасиетті нан", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан нанның қасиеті мен түрлері туралы көрініс көрсету, "Нанның атауы" дидактикалық ойыны, "Айгөлек" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, арнайы тапсырыспен пісірілген үлкен нан, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, торттар бейнеленген таңбалауыштар.
%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Торттар бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, нанды бәріміз жақсы көреміз. Нанның қандай қасиеті бар, балалар?
"Дастарқан көркі – нан!", "Нан болса, ән де болады" деген сөздер бекер айтылмаған, балалар. Жарайсыңдар, балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! Енді, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз:

- Қасиетті нан (балалар қолдарын жанына жаяды),
- Ас атасы – нан (балалар қолдарын жоғары көтереді).
- Дастарқанның төрінің (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Көркі болған нан (балалар қолдарын жоғары көтереді).

Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

Педагог балаларға интербелсенді тақтадан нан туралы бейнелі суреттерді көрсетеді және кері байланыс әдісін қолдану арқылы түсініктерін бекітеді:

- Балалар, нанды қандай қонақтарға береді?
- Құрметті қонақтарға.
- Нанның қасиеті қандай?
- Киелі.
- Жарайсыңдар, балалар.

1.2. Музыкалық жетекші балаларды оқу қызметіне дайындап жатқанда есікті біреу қағады:

- Балалар, тыңдайықшы, есік қағылып жатыр. Алмас сен барып көріп келші, кім келді екен?

Алмас көріп келуге кетіп, қайтадан жүгіріп келеді:

- Жетекші, ешкім келмепті, бірақ, есіктің қасында үлкен, әдемі нан тұр. Бізге белгісіз біреу үлкен, әдемі нан қойып кетіпті!

Балалар таңданып отырғанда педагог есік жаққа барып, үлкен, әдемі нанды алып келеді.

- Балалар, қараңдаршы, қандай үлкен, әдемі нан! Әдемі орамалға салып, бізге арнап әкеліпті. Кәне, бәріміз наннан үзіп жеп, дәмін көреміз, оқу қызметінен кейін түстік тамақ кезінде бәріміз тамақпен жейміз! Жарайсыңдар! Онда балалар, ән тыңдай отырып, ұннан жасалатын аспаздық өнімдерді тамашалайық! Музыка жетекшісі П.Чайковскийдің «Гүлдермен би» шығармасын және интербелсенді тақтаны қосып, ұннан жасалатын аспаздық өнімдерді көрсетеді.

- Қандай керемет, аспаздық өнімдер, қараңдаршы, балалар! Ұннан жасалатын аспаздық өнімдердің түрлері қандай көп, балалар? Енді, әнді тыңдаймыз.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады? Гүлдермен би туралы.
- Қандай гүлдерді көрдіңдер және байқадыңдар? Жарайсыңдар, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық жетекші балаларды шеңбер бойымен отырғызады.

- Балалар, бүгін біз «Бөбектер әні» әнін айтуды үйренеміз.

- Алдымен менімен бірге әнді қалай айту керек екенін үйренеміз. Кәне, бастаймыз! Енді, балалар, сол әнді тағы да айтып көрейікші! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қойып, денемізді еркін ұстаймыз.
- Біз жеткіншек боламыз,
Ән көгінде самғармыз,
Ата баба дәстүрін, әрі қарай жалғармыз. Ахау
келіңдер, ойын-сауық көріңдер.
Бау бақшада сайраған бұлбұлым деп сеніңдер.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Бұл ән кімдерге арналған, иә, бөбектерге арналған, өте көңілді ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.2. "Нанның атауы" дидактикалық ойыны.
Педагог:
- Балалар, екі топқа бөлініп, тақтаға қарап отырамыз, ойынның ережесін түсіндіремін.
Педагог балаларға ойынның шартын түсіндіреді. Педагог интербелсенді тақтадан нан өнімдерінің түрлерін көрсетеді.
Топтың балалары қандай өнім екенін атын атап, ажырату керек. Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады. Мүмкіндігінше барлық балаларды ойынға қатыстырған дұрыс. Нанның атауын жақсы атаған топ балаларына тоқаштар бейнеленген таңбалауыштарды үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма? Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог:
- Балалар, орнымызда тұрып, ақырын айналамыз. Қазір музыка әуенімен бірге жүреміз.
Музыкалық жетекші Е. Арненің «Адыммен айналу» шығармасының әуеніне балаларға бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

Адыммен айналғанда балалар аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды. Марш көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

Музыкалық жетекші Б. Бейсенованың «Тұлпарым» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып:
- Балалар, шеңберді кең, әдемі жасайықшы, міне, жарайсыңдар. Енді, музыка әуенімен маған ілесе қимылдарды қайталаймыз, бәріміз тұлпар боламыз – деп музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.
- Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Балалар музыкалық жетекшінің көрсетуімен ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақты қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.

2.4. "Айгөлек" ойыны.
Педагог балаларды шеңбер бойымен отырғызып:
- Балалар, "Айгөлек" ойыны жаңа ойын, сондықтан ойынның шартын мұқият тыңдап, қимылдарды менімен бірге қайталауға тырысыңдар.
"Айгөлек-ау, айгөлек" аты аталғанда орындарынан тұру керектігін, "Айдың жүзі дөңгелек" дегенде қол білезіктерін бетінің тұсында айналдыру қимылдарын жасау қажеттілігі ескертіледі. "Айдай болған кезімде" дегенде қолдарымен алдарында шағын дөңгелек жасайды. "Би билеймін дөңгелеп" дегенде орындарында тұрып айналады. Педагог өзі бастап қимылдарды балалармен бірге қайталайды.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың бүгінгі білімін бекіту мақсатында:
- Балалар, нанның дәмі қандай? Керемет!
- Нанның дәмі,
Бидайдың дәні!
Нанның дәмі,
Еңбектің сәні.
- Балалар, осы жолдарды үйден жаттап келіңдер, ата-аналарыңа жазбаша түрде дайындап қойдық.
- Балалар, қандай ән айттық?
- «Бөбектер» әнін.
- Балалар, бүгін біз жақсы демалдық!
- Оқу қызметі аяқталғанда не айтамыз? Дұрыс, балалар, «Сау болыңыз!» деп айтамыз.

Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Ұнады ма, оқу қызметі? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Торғай

Күні 01.11

Оқу қызметінің мақсаты

%4 БІЛІМДІЛІК

Балалардың түрлі сипаттағы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты естуқабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; жыл құстары туралы ұғым беру.

%4 ДАМЫТУШЫЛЫҚ

Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту;музыка әуенімен би қимылдарын үйлесімді орындауға дағдыландыру.

%4 ТӘРБИЕЛІК

Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу;эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Торғай, торғай, торғайсың", "Құстар әні", "Жыл құстары қандай?", "Орман неге шулайды?", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Торғай, торғай, торғайсың", "Құстар әні", "Жыл құстары қандай?", "Орман неге шулайды?", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсендітақтадан жыл құстары туралы көрініс көрсету, "Торғайдың тамағы" дидактикалық ойыны, "Тоқылдақ" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАРИнтербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, торғайлар

бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Торғайлар бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Педагог балаларды шеңберге отырғызып:

- Балалар, бәріміз құстарды жақсы көреміз! Иә, құстардың түрлері өте көп. Құстар қорғансыз, оларға біз қамқор болуымыз керек. Жарайсыңдар, балалар, бәріміз шеңбер бойымен тұрамыз. Бәрекелді! Енді, менімен бірге тақпақты жәнеқимылды қайталаймыз:
- Торғай, торғай, торғайсың (балалар қолдарын қанат сияқты жанына жаяды),
- Шұқып жемді қоймайсың (балалар қолдарымен жерді шұқиды).
- Барлық жерді тазалап (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Жемді қоймай, ұрлайсың (балалар қолдарын жанына жібереді).

Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

Педагог балаларға интербелсенді тақтадан құстардың суреттерін көрсетеді

және құстардың салған әнін тыңдатады.
- Балалар, құстарды көре отырып, олардың қалай ән салатынын тыңдайықшы! Қандай керемет құстардың салған әні! Бұлбұл қалай сайрайды екен, балалар! Ән салып тұрған сияқты.

1.2. Музыка жетекшісі балаларды оқу қызметіне дайындап жатқанда тоқылдаған дыбыс естіледі:
- Балалар, не тоқылдап жатыр? Балалар тоқылдаған дыбысты тыңдайды. Музыка жетекшісі есік жаққа барып, тордағы тоқылдақ құсты алып келеді. Балалар, ешкім келмепті, бірақ, есіктің сыртына белгісіз біреу тордағы тоқылдаққұсты қалдырып кетіпті.

- Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі құс! Тордағы ағашты тоқылдатып қояды. Кәне, бәріміз қарайық тоқылдаққа! Жарайсыңдар! Онда балалар, ән тыңдай отырып, тоқылдақтың ормандағы тіршілігін тамашалайық! Музыка жетекшісі интербелсенді тақтаны қосып, ормандағы тоқылдақтың тіршілігін көрсетеді.
Қандай керемет, қараңдаршы, балалар! Ормандағы құстардың түрлері қандай көп, балалар? Енді әнді тыңдаймыз. Музыка жетекшісі балаларға Б.Бейсеновaның "Қарлығаш" әнін тыңдатып, сұрақтар қояды: Әнде не туралы айтылады? Қарлығаш қандай құс? Иә, қарлығаш жылы жаққа ұшатын құстардыңбірі. Жарайсыңдар, балалар!

- Қандай керемет, қараңдаршы, балалар! Ормандағы құстардың түрлері қандайкөп, балалар? Енді, әнді тыңдаймыз.
Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Ормандағы құстардың шуы туралы.
- Қандай құстарды көрдіңдер және байқадыңдар? Жарайсыңдар, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық жетекші балаларды шеңбер бойымен отырғызады.
- Балалар, бүгін біз «Топ, топ, балақан» әнін айтуды үйренеміз.
- Алдымен менімен бірге әнді қалай айту керек екенін үйренеміз. Кәне, бастаймыз! Енді, балалар, сол әнді тағы да айтып көрейікші! Балалар, бәрімізыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қойып, денемізді еркін ұстаймыз.
- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Бұл ән кімдерге арналған? Иә, бөбектерге арналған, өте көңілді ән, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.2. "Торғайдың тамағы" дидактикалық ойыны.
Педагог:
- Балалар, дидактикалық ойынымыз "Торғайдың тамағы" деп аталады. Енді, тақтаға қарайықшы!
Педагог интербелсенді тақтадан торғайдың қандай тамақжеп жүргенін көрсетеді және еденде жатқан суреттерден балалардың дәл сондай суретті табукеректігін

айтады. Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.
Мүмкіндігінше барлық балаларды ойынға қатыстырған дұрыс. Торғайдың тамағын жақсы атаған балаларға құстар бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсында жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог:
- Балалар, орнымызда тұрып, ақырын айналамыз. Қазір музыка әуенімен бірге жүреміз. Музыкалық жетекші Е.Арненің «Адыммен айналу» шығармасының әуеніне балаларға бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

Балалар адыммен айналғанда аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу,еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды. Марш адымы көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2.4. Музыкалық жетекші:

- Балалар, мені айнала шеңбер жасап тұрайық, қазір музыка басталмай тұрып,шөже болып көрейікші! Музыкалық жетекші Г.Гусейнлидің "Шөжелерім" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сайырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.

- Балалар шеңбердегі орындарында тұрып, аяқтарын кезек-кезек алға өкшелерімен қойып, жаттығулар жасайды. Бір аяқты алға қойып, екі қолдарының білезіктерін айналдырады. Екінші аяқты да алға қойып, екі қолдарының білезіктерін айналдырады. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарындатұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Педагог:

- Балалар, тақтаға қараңдаршы, балапандар қалай билейді екен? Сол балапандар сияқты біз де қимылдар жасайық,
қолымызды бүгіп, екі жанымызға жіберіп, шынтағымызды әрі-бері қозғаймыз, сәл алға қарай бүгіліп, қолымызды екі жанымызға қанат сияқты жайып, қимылжасаймыз. Аяқтарымызды кезек-кезек алға қойып, балапан секілді жерге тигіземіз. Жарайсыңдар, балалар!

2.5. "Тоқылдақ" ойыны.

Педагог:

- Балалар, "Тоқылдақ" ойынында қимылдар жасай жүріп, ойнаймыз. Алдымен ойынның ережесімен танысып алайық.

Педагог балаларды шеңбердің бойымен отырғызып, "Тоқ-тоқ" дегенде орындарынан тұру керектігін, "Топ-топ" дегенде аяқтарын топылдату қимылдарын жасау қажеттілігі ескертіледі. "Шоқ-шоқ" дегенде бастарын изейді.Педагог өзі бастап қимылдарды балалармен бірге қайталайды.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, тыңдайықшы, ненің әні екен?
- Естіп отырсыңдар ма? Ненің әні?
- Бұлбұлдың.
- Ұнады ма, сендерге?
- Иә.
- Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? "Орман шуы" әнін.
- Орман неге шулайды? Құстар шулатады.
- Біз қандай ән айттық? "Торғай әні" әнін.
- Бүгін оқу қызметінің тақырыбы құстарға арналды. Құстар өте нәзік, сезімтал және қорғансыз, сондықтан құстарды көрсек, тиіспей, аялап, қолымыздан келсе,жем берейік, балалар. Ал қазір оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Көңілді машина

Күні 08.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыкаға деген ықыласын арттыру; әннің сөздік мазмұнын түсінебілу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде

дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге биқимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта (даңғара) ойнау қабілетін қалыптастыру; көлік туралы ұғым беру. Балалардың әнді орындау кезінде дұрыс дем алу және дем шығару дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (даңғара) ойнау қабілетін дамыту. Балаларды жолдастық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Көліктегі доптар", "Көңілді машина", "Машина оталды", "Зырылдайды көлігім", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Көліктегі доптар", "Көңілді машина", "Машина от алды", "Зырылдайды көлігім", "Керемет!", "Жарайсың!"сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан машиналар мультфильмінен үзінді көрсету, "Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны, "Машина" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

нтербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, даңғара, көліктер бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Көліктер бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсына даңғаралар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Педагог:

- Балалар, бәріңде машина бар ма? Марат, сенің машинаң қандай? Міне, жарайсыңдар! Қазір, балалар, машина туралы тақпақты және қимылды қайталаймыз (психогимнастика):

- Машинам "гүр" дейді (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады),
- Жүреміз "тұр" дейді (балалар қолдарын алдына жаяды).
- Оталса машина (балалар қолдарымен "рульді" айналдырады),
- Моторы "дүр" дейді (балалар қол білезіктерін сыртқа айналдырады). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды. Бәрекелді, балалар!

%4 2. Есік жақтан даңғараның сылдыры естіледі.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр!

Балалар еленděп отырғанда педагог есік жаққа барып, үстіне доп және тіркемесіне (прицеп) даңғара тиелген үлкен музыкалық ойыншық машинаныалып кіреді:

- Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа көңілді машина келді. Өзі әлі әндетіпотыр. Амандасайықшы, балалар! Сәлеметсіз бе, көңілді машина! Машина да көңілді белгі

беріп амандасады. Жарайсыңдар, балалар! Көңілді машина сендермен бірге ән тыңдап, ән айтып, би билегісі келеді. Көңілді машина бізгесуретін

және тыңдауға өзі туралы ән алып келіпті. Тыңдаймыз ба, балалар? Онда балалар, ән тыңдай отырып, машиналар мультфильмінен үзінді тамашалайық!Педагог П. Попатенконың «Машина» әнін

және интербелсенді тақтаны қосып, машиналар мультфильмінен үзінді көрсетеді

Қандай керемет, мультфильм, қараңдаршы, балалар! Қандай машиналардыкөріп отырсыңдар, балалар? Бәрекелді, балалар! Енді, әнді тыңдаймыз.
Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Машина туралы. Балалар, машина қалай оталадыекен? Балалар қолдарымен айналма қимыл жасай отырып, машинаның қалай от алатынын көрсетеді.

- Тамаша, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

%4 1. Педагог:

- Балалар, бүгін бізге көңілді машина не алып келді? Доп пен даңғараларды.Олай болса, балалар, доп туралы әнді айтып үйренейікші! Сонымен қатар даңғарамен де сүйемелдеп отырамыз.
Педагог балаларға даңғараларды үлестіріп береді.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. «Доп» әні сканерлеңіз

- Домалайсың доп,
Секіресің "хоп".
Домаласаң алысқа,
Ұстап алам "оуп".

- Кәне, балалар, даңғарамен сүйемелдеп, сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Бүгін көңілді машинамен өте көңілді болды, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, көңілді машина да сендермен қосылыпайтамын деп, музыкасын қосып жатыр. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

%4 2. "Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.

Педагог:

- Балалар, екі топқа бөлінесіңдер, еденде көп суреттер жатыр. Сол суреттердің ішінен допқа ұқсайтын суреттерді біз 5-ке дейін санағанша тез тауып алу керек. Қай топтың балалары допқа ұқсас суреттерді көп және тез табады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған балаларға көліктердің бейнесі салынған таңбалауыштарүлестіріледі. Педагог:
- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштардан бастап сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық болады. Кәне, портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші, маған!
Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

%4 3.

Музыкалық жетекші Э. Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Педагог:

- Балалар, музыка әуенімен денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз, кәне, кімнің денесі тік, әдемі екен, мен қараймын. Енді, менің соңымнан жүреміз,мен санаймын 1, 2, 3.

Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде солаяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды.

2.4. Музыкалық жетекші балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді.

Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып:

- Балалар, біз музыка басталмай тұрып, орнымызда адым жаттығуларын жасап, жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз, сондықтан сендер шеңберде жүріп адымдауды жақсы игеріп алуларың қажет.

Педагог музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Сол кезде балалар да қолдарындағы даңғараларын шылдырлатып, педагогпен біргешеңбер адымдарын жасайды. Балалар даңғараларын шылдырлатып, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды.

Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, даңғараларын шылдырлатып түсіреді, даңғараларын шылдырлатып, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, даңғараларын шылдырлатады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар мен даңғараның ырғағымузыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Машина" ойыны.

Педагог:

- Балалар, бәріміз бірге "Машина" ойынын ойнайықшы!?

Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді.Балалар музыкалық жетекшімен бірге машинаның дыбысы мен қимылдарын қайталайды. Педагог 2-3 баладан тұрғызып, машинаның дыбысы мен қимылдарын пысықтап сұрайды.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, балалармен қоштаспай кетіп бара жатқан бүгінгі қонақ машинаны көрсетеді.Балалар, оқу қызметі аяқталғанша көңілді машина кетіп қалыпты ғой,шаршаған екен. Онда артынан қолымызды бұлғап, "Сау бол!" дейміз.

Балалар қолдарын бұлғап:

- Сау болыңыз! – деп айтады.
- Балалар, бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- "Машина" әнін.
- Қандай әдемі ән айттық?
- "Доп" әнін.
- Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Сендерге оқу қызметіұнады ма? Тамаша!
- Кәне, балалар, оқу қызметі де аяқталды! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыздар!

Музыка: Жомарт түлкі

Күні 15.11 /\ 22.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту; ырғақты сезіне білу қабілетін қалыптастыру; ән айту кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындау мен музыкалық аспапта ойнау қабілетін жетілдіру. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жомарт күз", "Жомарт түлкі", "Түлкі вальсі", "Күз әлдиі", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан жомарт күздің кереметтері туралы көрініс көрсету, "Себетте не бар?" дидактикалық ойыны, "Жомарт түлкі" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, себеттегі жемістер, түлкі атрибуты, сылдырмақтар, себеттегі жемістер бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Себеттегі жемістер бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсына сылдырмақтар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Педагог:

- Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы! Міне, жарайсыңдар! Қазір, балалар, күздің соңғы және ең жомарт айы. Енді, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз (психогимнастика).
- Көзім жомарт көргенге (балалар қолдарымен көздерін ашып-жұмады),
- Қолым жомарт бергенге (балалар қолдарын алдына және жанына жаяды).
- Бәрінен де күз жомарт (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жемістерін бергенге (балалар қол білезіктерін сыртқа айналдырады). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
- Балалар, енді тақтаға қарап, күздің сұлу көріністерін тамашалай отырып, әдемі бір музыка тыңдайық.

%4 2. Музыкалық жетекші балалармен сұхбаттасып отырғанда көп сылдырмақтардың дыбысы естіледі:

- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр!
Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, үстіндегі түлкі киіміне көп сылдырмақтарды іліп алған ересек топтың баласын алып кіреді:
- Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа Жомарт түлкі келді. Амандасайықшы, балалар! Сәлеметсіз бе, Жомарт түлкі! Жарайсыңдар, балалар! Жомарт түлкі сендермен бірге ән тыңдап, ән айтып, би билегісі келеді. Жомарт түлкі бізге тыңдатуға өзі туралы ән алып келіпті. Қосылсын ба, ортамызға, балалар? Онда, балалар, ән тыңдай отырып, күз кереметтерін тамашалайық!
Педагог Ж.Колодубтың «Түлкі вальсі» әнін және интербелсенді тақтаны қосып, күз кереметтерін көрсетеді.
- Күз көрінісі қандай ғажап, қараңдаршы, балалар! Қандай күз ерекшеліктерін көріп отырсыңдар, балалар? Жемістер пісті. Бәрі күз кереметі. Енді, әнді тыңдаймыз. Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әнде не туралы айтылады? Түлкі вальсі туралы.
- Балалар, күз жомарттығы неде, оны қандай ерекшеліктерінен байқадыңдар? Тамаша, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог:
- Балалар, өткен оқу қызметінде біз «Күз» әнін естіген болсақ, бүгін сол әнді айтуды үйренеміз.

- Сол әнді айтып көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Қоңырау болып сыңғырла,
Алақай ау күз желі.
Қыра түскен гүл қыры, Әсем
жүзді іздері.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Бүгін өте көңілді, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, Жомарт түлкі де сендермен айтқысы келеді.
Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.2. "Себетте не бар?" дидактикалық ойыны.
- Балалар, себеттің ішінде жеміс-жидектер бар екенін жақсы білесіңдер. Сендер теріс қарап, қолдарыңмен себеттегі жеміс-жидекті алып тексеріп, қандай жеміс екенін табуларың керек. Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.
Жақсы ойнаған балаларға себеттегі жеміс-жидектердің бейнесі салынған таңбалауыштар үлестіріледі.
Педагог:
- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштардан бастап сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық болады. Кәне, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші!
Жарайсыңдар, таңбалауыштарды салып қойыңдар.

2.3.

Музыкалық жетекші Э. Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.
Педагог:
- Балалар, алдыңғы оқу қызметінде де осы әуенге адымдап жаттыққанбыз. Бүгін тағы да музыка әуенімен денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз. Кәне, кімнің денесі тік, әдемі екен, мен қараймын. Енді, менің соңымнан жүреміз, мен санаймын 1, 2, 3.

- Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау

керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді.
Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды.
2.4. Музыка жетекшісі балаларды шеңберге тұрғызып:
- Балалар, біз музыка басталмай тұрып, орнымызда адым жаттығуларын жасап, жаттығып алайық. Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйрене алмай жатырмыз, сондықтан сендер шеңберде жүріп адымдауды жақсы игеріп алуларың қажет.

Педагог музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Сол кезде түлкі киімін киген бала да музыка сипатына сай үстіндегі сылдырмақтарын сылдырлатып, балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларға сылдырмақтарын үлестіреді. Балалар сылдырмақтарды сылдырлатып, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, сылдырмақтарын сылдырлатады, түсіреді, сылдырмақтарын сылдырлатады, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, сылдырмақтарын сылдырлатады.

Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.
2.5. "Жомарт түлкі" ойыны.
- Балалар, Жомарт түлкі қонағымыз сендермен өзі туралы ойын ойнағысы келеді.
Ал, мен сендерді ойынның ережесімен таныстырайын.
Педагог балаларды шеңбер бойымен отырғызып, қолында себеті бар Жомарт түлкіні жүргізеді, Жомарт түлкі отырған балаларды айнала жүріп, өзін қуатын баланың атын атайды. Аты аталған бала Жомарт түлкіні шеңбер айналып қуып жетіп, қолындағы себетін алуы тиіс екенін айтады. Ойында Жомарт түлкіні қуып жету үшін пысық балалар таңдалғаны дұрыс.

%4 ҚОРЫТЫНД
Ы Педагог:
- Балалар, Жомарт түлкі кетуге асығып тұр, шаршаған екен. Онымен қоштасып, үйіне шығарып салайық! Сау болыңыз!
- Кәне, балалар, Жомарт түлкіге ризашылығымызды білдірейік!
- Рахмет, саған! Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Қандай ән тыңдадық?
- «Түлкі вальсі» әнін.
- Ал, қандай ән айттық?
- «Күз» әнін.
- Балалар, күздің қандай кереметтері бар екен?
- Жеміс-жидектер піседі, табиғат әртүрлі әдемі түске боялады.
- Балалар, бүгін оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар!
- Маған да бүгінгі оқу қызметі ерекше ұнады.Оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Қоңыр аю қорбаңбай
- **К**үні 29.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету;
ырғақты қимылдарды музыкамен сәйкестендіре орындауға үйрету; жабайы табиғат әлемі туралы ұғым беру. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығы мен

әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қоңыр аю қорбаңбай", "Қорқақ қояндар", "Жабайы табиғат әлемі", "Жұппен айналу", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан жабайы табиғат әлеміндегі аю мен қояндар туралы үзінді көрсету, "Аюды құрастыр?" дидактикалық ойыны, "Қорқақ қоян" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қашықтықтан басқарылатын ойыншық аю, жабайы аңдар бейнеленген таңбалауыштар.
%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Жабайы аңдар бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Оқу қызметі басталар алдында педагог:
- Балалар, сендер тірі аюды көрдіңдер ме? Қайдан көрдіңдер?
- Хайуанаттар бағынан.
- Міне, жарайсыңдар! Қазір, балалар, сол аю бізге қонаққа келе жатыр, ерте шыққан екен, бірақ, қорбаңдап жете алмай келе жатыр. Аю келгенше ол туралы тақпақты және қимылды қайталайық (психогимнастика):
- Қоңыр аю қорбаңбай (балалар аю сияқты қорбаңдайды),
- Келе жатыр жете алмай (балалар қолдарымен алға қарай қарманады).
- Жетем дейді қорбаңдап (балалар аю сияқты қорбаңдайды),
- Қорбаңдайды жете алмай (балалар аю сияқты қорбаңдайды). Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.
- Бәрекелді, балалар.

1.2. Музыкалық жетекші:
- Бәрекелді, балалар! – дей бергенде есік жақтан ауыр басылған аяқтың дыбысы естіледі:

- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр!
Балалар еленделп отырғанда педагог есік жаққа барып, дистанционды ойыншық аюды алып кіреді:
- Балалар, қараңдаршы, бізге қонаққа қорбаңбай аю келді. Өзі билеп жүр.
Амандасайықшы, балалар! Сәлеметсіз бе, қорбаңбай аю!
Аю да билеп амандасады.
- Жарайсыңдар, балалар! Қорбаңбай аю сендермен бірге ән тыңдап, ән айтып, би билегісі келеді. Қорбаңбай аю бізге тыңдауға қоян туралы және айтуға өзі туралы ән

алып келіпті. Тыңдаймыз ба, балалар, қоян туралы әнді? Онда балалар, ән тыңдай отырып, аю мен қоян тіршілігі туралы үзінді тамашалайық! Педагог Т. Ломованың «Қояндар» әуенін және интербелсенді тақтаны қосып, жабайы табиғат әлемінен аю мен қояндар туралы үзінді көрсетеді.

Жабайы аңдар тіршілігі қандай керемет, қараңдаршы, балалар! Басқа қандай аңдарды көріп отырсыңдар, балалар? Аю мен қоянның қалай тіршілік ететінін көрдіңдер ме, балалар? Бәрекелді, балалар! Енді, әнді тыңдаймыз.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады?
- Қояндар туралы.
- Балалар, қояндар қалай секіреді екен?
- Балалар қолдарымен қимыл жасай отырып, қоянның қалай секіретінін көрсетеді.
- Тамаша, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. – Балалар, бүгін қорбаңбай аю бізге не алып келді? Ән алып келіпті. Қандай ән алып келді екен? Ойыншықтар туралы ән екен. Олай болса, балалар, қорбаңбай аю алып келген әнді айтып үйренейікші! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. С. Сапарбайдың «Ойыншықтар» әні.

- Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар ойнайды,
Емес олар ұрыншақ.

- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Бүгін қорбаңбай аюмен өте көңілді болды, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, қорбаңбай аю да сендермен қосылып айтамын деп, музыкасын қосып, билеуге дайындалып жатыр. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады және аюдың биін тағы да тамашалатады.

2.2. "Аюды құрастыр?" дидактикалық ойыны.

Педагог:

- Балалар, екі топқа бөлінесіңдер, еденде көп суреттер жатыр. Сол суреттердің ішінен аюды құрастыратын суреттерді тез тауып, аюды құрастыру керек. Қай топтың балалары аюды тез құрастырады, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына жабайы аңдардың бейнесі салынған таңбалауыштар үлестіріледі.

Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма?

2.3. Педагог:

- Балалар, орнымызда тұрып, ақырын айналамыз. Қазір музыка әуенімен бірге жүреміз. Музыкалық жетекші Е. Арненің «Адыммен айналу» шығармасының әуеніне балаларға бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

Адыммен айналғанда балалар аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды. Марш адымы жеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2.4. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қазір қойылатын әуеннің ырғағына жұппен билеудің қимылдарын үйренеміз. Әуен басталмас бұрын жұппен билеу элементтерін қайталап алайық.

Музыкалық жетекші балаларды жұппен тұрғызып, музыка сипатына сай жұптық қимылдарды жасауды үйретеді. Ұл балалар қолдарымен қыз балаларды биге шақырып, иіліп тағзым жасайды. Ұл балалар

қолдарымен қыз балалардың белдерінен ұстап, педагогпен бірге жұппен айналу адымдарын жасайды. Ұл балалар орындарында тұрады, қыз балалар өзі тұрған орнын айналып, шағын шеңбер бойымен жұп адымын жасайды. Жұптар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, қолдарын жанына созады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар мен музыка үйлесімділігі музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Қорқақ қоян" ойыны.
Педагог балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып:
- Балалар, қазір мен сендерге бір аңның қимылдарын көрсетемін, сендер оның қандай аң екенін тауып, қимылдарды менімен бірге қайталайсыңдар.

Педагог қоянның құлағын қалай қайшылайтынын, қалай жүретінін, қалай секіретінін, қалай дыбыс шығаратынын және сәбізді қалай жейтінін балаларға көрсетеді. Балалар музыкалық жетекшімен бірге қоянның дыбысы мен қимылдарын қайталайды. Педагог 2-3 баладан тұрғызып, қоянның дыбысы мен қимылдарын пысықтап сұрайды. Соңында "тарс" еткен дыбыстан қоянның қалай қорыққанын барлық балалар орындарында тұрып көрсетіп, секіреді.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында педагог интербелсенді тақтаны қосып, аюдың қонжықтарын көрсетеді.

- Балалар, оқу қызметі аяқталғанша қорбаңбай аюдың қонжықтарының қарындары ашып қалыпты ғой, іздеп жатыр екен. Қоңыр аю қорбаңбай бізбен қоштасқысы келеді. Онда қорбаңбай аюға не дейміз, балалар? Сау болыңыз!
- Бүгін бізге қандай қонақ келді, балалар?
- Аю.
- Аю сендерге нені сыйға тартты?
- Ән.
- Қандай ән?
- «Қояндар» әнін.
- Сендер қандай ән үйрендіңдер?

- «Қоңыр аю қорбаңбай» әнін.
- Кәне, балалар, әнді тағы бір қайталап жіберейікші! Жарайсыңдар!
- Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Бәрі тамаша болды, балалар! Оқу қызметі осымен аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Қыс қызығы

Күні 06.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысындамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білуге үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Алақай, қыс келді!", "Қыс қызығы", "Алғашқы қар", "Қысқы серуен, "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан қыс мезгілінен көрініс көрсету, "Қыста қандай қызық бар?" дидактикалық ойыны, "Аю" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, мысық, аюатрибуты, қоңыраулар, қыс кереметі бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қыс кереметі бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсына қоңыраулар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Педагог:

- Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы! Міне, жарайсыңдар!Қазір, балалар, қыс айы. Қыс сендерге ұнай ма? Енді, балалар, қыс туралы тақпақты және қимылды менімен бірге қайталаймыз (психогимнастика):
- Алақай, қыс келді (балалар қолдарын жандарына жібереді),
- Суықпен тұс келді (балалар қолдарын жұмады).

- Қар жауды, суытты (балалар жұдырықтарын ашып-жұмады),
- Суықтап құс келді (балалар қолдарын қанат сияқты сермейді).
- Балалар, суықта бетіміз тоңады, қолымыз тоңады, қолымызды жылытайықшы! (балалар алақандарын бір-біріне жақындатып, үрлейді).

Педагог балалармен бірге қимылдарды қайталайды.

1.2. Музыкалық жетекші балалармен сұхбаттасып отырғанда көп қоңыраулардың дыбысы естіледі:

- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр!

Балалар елеңдеп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп қоңырауларды алыпкіреді:

- Балалар, қараңдаршы, бізге біреу қоңырауларды тастап кетіпті. Әлде, ұмытыпкетті ме екен? Жарайды, балалар, егер біреу ұмытқан болса, іздеп келер.

Қоңырауларды алайық, балалар! Енді, балалар, жаңа ән тыңдай отырып, қысқызығын тамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қыс мезгіліненкөрініс көрсетеді.

Қыс көрінісі қандай керемет, қараңдаршы, балалар! Енді, әнді тыңдаймыз. В.Красеваның «Қыс» әні.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады?
- Қыс туралы.
- Балалар, қыс қызығы неде, оны қандай ерекшеліктерінен байқадыңдар?
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз.

- Бір, екі, бір, екі бастаймыз.

Педагог балалармен әнді тыңдай отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, біз бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Қыс туралы әнді. Енді, қазір басқа «Қыс әнін» айтуды үйренеміз. Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

- Аппақ ақ қар түсті де,
Қыс ызғарын сыйлады.
Менде де кидім үстіме,
Жылы тон мен пиманы.

- Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Бүгін өте көңілді, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағаншаайтқызады.

2.2. "Қыста қандай қызық бар?" дидактикалық ойыны.

- Балалар, еденде көп суреттер жатыр. Сол суреттердің ішінен қыс қызығына жататын суреттерді табуларың керек. Кім дұрыс табады, сол бала жеңімпаз болады. Егер балалар қателесетін болса, педагог қыста болатын қызықтарды балалардың есіне түсіреді. Ойын балалардың қалауы бойынша қайталанады.

Жақсы ойнаған балаларға қыс қызығы бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштардан бастап сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық болады. Кәне, портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші, маған!

Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарды салып қойыңдар.

2.3. Педагог:

- Балалар, музыка басталмас бұрын қимылдарды қайталап алайық. Бәріміз шеңберге

тұрамыз. Менің көрсеткен қимылдарым бойынша жаттығуларды қайталаңдар, жарайсыңдар.

Музыкалық жетекші балаларға "Қолдарымыз қайда екен?" шығармасының әуеніне шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде шеңберде денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Педагогтің белгі беруі бойынша "Қолдарымыз қайда екен?" дегенде жүріп кележатып, қолдарын алдарына шығарып, көрсетеді. "Қолдарымыз жасырынды" дегенде музыка әуеніне сәйкес қолдарын артқа жасыру керектігі ескертіледі.

Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды. Балалардың адымдарыжеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2.4. Педагог балалардың назарын аудару мақсатында қолымен шапалақтайды:

- Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасымен би элементтерін үйренеміз.

Музыкалық жетекші М. Старокадомскийдің «Қысқы би» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппенбірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек- кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Аю" ойыны.

Педагог:

- Балалар, "Аю" ойынында бәріміз аю сияқты біріміздің артымыздан біріміз жүрейікші?!

Педагог балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, өзі бастап аюдың маймақ жүрісімен қимылдар жасайды. Балалар музыкалық жетекшінің артынан қимылдарды жасайды. Қимылды үйренген балаға аю атрибутын кигізіп, ортағашығарып, қимылды қайталатады.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында есік қағылады да педагог:

- Балалар, есікті кім қағып тұр екен, мен барып көрейін, – деп есік жаққа барып,бала мысықты алып келеді.
- Балалар, бізге кішкентай мысық келді. Амандасайық, балалар.

Кішкентай мысық:

- Қоңырауларым қайда? – дейді. Балабақша алдында ойнап жүріп, ұмытып кетіпті.

- Кішкентай мысыққа қоңырауларын қайтарып берейік. Онымен қоштасып, үйіне шығарып салуымыз керек қой!
- Кішкентай мысық, рахмет, саған! Біз сенің қоңырауларыңды пайдаландық. Бізде жақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Балалар, біз бүгін оқу әрекетінде қандай ән тыңдадық және қандай ән айтуды үйрендік, кім айтады? Айгүл мен Шыңғыс айтамыз дейді, жарайсыңдар!
- Қыс туралы ән тыңдап, қыс туралы ән айтуды үйрендік.
- Бүгін сендер өте белсенді болдыңдар, балалар, рақмет!

Оқу қызметі аяқталды

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың туған жерге деген мақтаныш сезімін патриоттық ән арқылы қалыптастыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әуендегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; Қазақстанның тәуелсіздігі туралыұғым беру. Балалардың ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; әнді тыңдау кезінде эмоционалды қабылдай білуге үйрету; ұжымда және жеке дауыста ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дем алу және дем шығару дағдысына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық ойындарда сезімталдығы мен зейінін дамыту. Балаларды жолдастыққарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс
"Жайнай бер, Қазақстаным!", "Тәуелсіз елім", "Бәйтерек", "Хан шатыры", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Жайнай бер, Қазақстаным!", "Тәуелсіз елім", "Бәйтерек", "Хан шатыр", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шарадан көрініс көрсету, "Бәйтеректі құрастыр" дидактикалық ойыны, "Бас қала сәулеті" ойыны.

Құрал-жабдықтар
%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қоңыраулыойыншық ақбозат, қоңыраулар, Хан шатыры бейнеленген таңбалауыштар.
%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Хан шатыры бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсына қоңыраулар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ
1.1. Балалар залға кіріп, Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалғанда орындарынан тұрып, тағзым жасап, оң қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранға қосылады.

Әнұран аяқталғанда музыкалық жетекші:
- Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз?
- Қазақстанда.
- Міне, жарайсыңдар! Осы желтоқсан айында біздің еліміздің тәуелсіздік алған күні тойланады. Енді, балалар, еліміз туралы тақпақты және қимылды менімен бірге қайталаймыз (психогимнастика):
- Тәуелсіз елім (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Тәуелсіз жерім (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Жайнайды менің (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Тәуелсіз елім (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Балалар, "Жайнай бер, Қазақстаным!" деп айтайықшы! Тамаша!
Педагог балалармен бірге тақпақ пен қимылдарды қайталайды.

1.2. Музыкалық жетекші балалармен бірге тақпақ пен қимылдарды қайталап отырғанда аттың кісінеген дауысы мен көп қоңыраулардың дыбысы естіледі:
- Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр!
Балалар еленделп отырғанда педагог есік жаққа барып, қоңыраулы ақбозат пенкөп қоңырауларды алып кіреді:
- Балалар, қараңдаршы, бізге қоңыраулы ақбозат келіпті. Сендерге кісінеп амандасып жатыр. Біз де қоңыраулы ақбозатпен амандасайық. Сәлеметсіз бе, қоңыраулы ақбозат!

Балалар, қоңыраулы ақбозат сендермен бірге ән тыңдап, ән айтқысы келеді. Сендерге өзімен бірге қоңырауларын және суретін алып келіпті. Тақтаға қарасаңдар ақбозаттың суретін көресіңдер.

- Қоңырауларды алайық, балалар! Енді, балалар, жаңа ән тыңдай отырып, Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шаранытамашалайық! Педагог интербелсенді тақтаны қосып, Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шараны көрсетеді.

- Біздің рәміздеріміз қандай керемет! Салтанатты мереке өтіп жатыр, қараңдаршы, балалар! Біздің тәуелсіздігімізге арналған мерекелік шара. Енді,әнді тыңдаймыз. Д. Омаровтың «Елтаңбасы елімнің» әуенін қосады.
Педагог балаларға әуенді тыңдатып, сұрақтар қояды:
- Әуен не туралы айтылады?
- Еліміздің мемлекеттік рәміздер туралы
- Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдай отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз.
- Бір, екі, бір, екі бастаймыз.
Педагог балалармен әнді тыңдай отырып, музыка сипатына сай қоңыраулардыбірге сыңғырлатып жаттықтырады.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыка жетекшісіг:
- Балалар, біз бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Еліміздің елтаңбасы туралы әнді.
- Енді, қазір басқа «Мен бақытты баламын» әнін айтуды үйренеміз.
- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. «Мен бақытты баламын» әнін айтамыз, балалар!
- Мен бақытты баламын,
Құшағында анамның.
Төріндемін елімнің, Жарқыраған
күнінің.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз.
Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.2. "Бәйтеректі құрастыр" дидактикалық ойыны.
Музыкалық жетекші:
- Балалар, интербелсенді тақтадан не көріп тұрсыңдар? Дұрыс, Бәйтеректі.Еденде көп суреттер жатыр. Интербелсенді тақтаға қарап, сол суреттердің ішінен Бәйтеректі құрастыратын суреттерді табуларың керек. Екі топ болып жарысасыңдар. Қай топ дұрыс тауып, тез құрастырады, сол топ жеңімпаз болады.

Балалар қателесетін болса педагог Бәйтеректің бейнесін балаларғатағы да көрсетеді. Жеңімпаз топтың балаларына бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштардан бастап сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық беріледі. Кәне, портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші, маған!
Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар

2.3. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:
- Балалар, музыка басталмас бұрын бір қимылдарды тағы да қайталап алайық.Бәріміз шеңберге тұрамыз. Менің көрсеткен қимылдарым бойынша жаттығуларды қайталаңдар, жарайсыңдар.

Музыкалық жетекші "Қолдарымыз қайда екен?" (Топ) шығармасының әуеніне балаларға шеңбермен бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде шеңберде денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Педагогтің белгі беруі бойынша "Қолдарымыз қайда екен?" дегенде жүріп кележатып, қолдарын алдарына шығарып, көрсетеді. "Қолдарымыз жасырынды" дегенде музыка әуеніне сәйкес қолдарын артқа жасыру керектігі ескертіледі.

Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды. Балалардың адымдарыжеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2.4. Педагог:
- Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасымен би элементтерін тағы да қайталаймыз.

Музыкалық жетекші М. Старокадомскийдің «Қысқы би» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппенбірігіп, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді. Орындарында тұрып жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек- кезек қарап, айналады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Бас қала сәулеті" ойыны.
Педагог:
- Балалар, біз қазір қызық ойын ойнаймыз, сендерге ұнайды. Ойнаймыз ба? Иә.Олай болса, бастаймыз.

Педагог балаларды шеңбер бойынша тұрғызып, өзі бастап:
- Бас қала сәулетін көрсетейік – дейді.
- Байтерек.

Балалар қолдарын жоғары созып, алақандарын ашады.
- Хан-Шатыр.

Балалар кілемге отырып, аяқтарын бүгіп жинайды, қолдарын арқасына тіреп,денені алға қарай кереді.
- Президент сарайы.

Балалар малдас құрып отырады, екі қолды бастың үстінде созып, екіалақандарын қосады.
- Астана-Арена.

Балалар тік тұрады, екі қолдарын белге қойып, аяқтарын алшақ ұстайды.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Интербелсенді тақтадан қоңыраулы ақбозат кісінейді
- Балалар, қоңыраулы ақбозат кісінеп тұр: "Кетуім керек" дейді. Алысқа баратынын ұмытып кетіпті. Сендермен өте қызық болыпты. Ақбозатқа қоңырауларын қайтарып берейік. Онымен қоштасып, үйіне шығарып салуымызкерек қой!

- Бәріміз ақбозатқа тілек айтайықшы!
- Қоңыраулы ақбозат,
Желден жүйрік ақбозат
Сыңғырласын қоңырау,
Бәйге алсын ақбозат!
- Қоңыраулы ақбозат, рахмет саған! Біз сенің қоңырауларыңды пайдаландық. Бізде жақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Балалар, бүгін қандай ән тыңдап, қандай ән айттық?
- «Елтаңбасы елімнің» әнін тыңдадық және «Мен бақытты баламын» әнін айтып, үйрендік.

- Балалар, тақтаға қарап, еліміздің елтаңбасын көрсетіңдерші?!

- Жарайсыңдар, балалар!
- Балалар, бүгінгі оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Оқу қызметі сендерге ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!
-

Музыка: Жаңа жыл - жаңа нұр

Күні 20.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласынояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс
"Қош келдің, Жаңа жыл!", "Жаңа жыл – жаңа нұр", "Жаңа жылға дайындық","Көрдік аяз атаны", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан жаңа жылға дайындық шараларынан көрініс көрсету, "Қанша Аяз ата?" дидактикалық ойыны,"Аяз" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, Санта Клаус бала, Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар.
%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар, биге арналған сақиналар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыкалық жетекші балалармен залға кіре бергенде, арттарынан жүгіріпСанта Клаус бала кіреді:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіз бе, әнші апай! – деп асығыс амандасып, орындыққа жайғасады.

Балалар таң қалып тұрғанда музыкалық жетекші:

- Балалар, Санта Клаус балаға амандаспаймыз ба? Сәлеметсіз бе, Санта Клаусбала! Міне, жарайсыңдар!
- Иә, Санта Клаус бала, ортамызға қош келдіңіз!
- Мен Аяз атаның тапсырмасымен келдім. Балалардың Жаңа жылға дайындықтары қалай, қалай ән тыңдап, қалай ән айтады екен, соны көруге келдім. Дайындықтары жақсы болса, Аяз ата да сыйлықтарымен тез келеді.
- Кәне, балалар, дайынбыз ба? Олай болса, Санта Клаус балаға дайындығымызды көрсетейік! Алдымен, балалар, Жаңа жыл туралы тақпақтыжәне қимылды менімен бірге қайталаймыз (психогимнастика):
- Жаңа жыл – жаңа нұр (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жаңа бақыт – жаңа жыл (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Жайнап біздің бақшаға (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Келсін тағы жаңа жыл (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Балалар, "Қош келдің, Жаңа жыл!" – деп айтайықшы! Тамаша!

Педагог балалармен бірге тақпақ пен қимылдарды қайталайды

1.2. Музыкалық жетекші балалармен дайындалып жатқанда ортадағы шыршаның шамдары жанады:

- Балалар, қараңдаршы, шыршамыздың шамдары жанды!

Балалар таң қалып отырғанда педагог:

- Балалар, Жаңа жыл тез келсін десек, Жаңа жылда шыршамыз жарқырап жансын десек, шырша туралы ән тыңдайық! Енді, балалар, жаңа ән тыңдай отырып, қалаларда шыршаны қалай безендіріп жатыр екен, соны тамашалайық!Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қалаларда шыршаны қалай безендіргенін көрсетеді.

- Балалар, қараңдаршы! Шыршалар қандай әдемі! Енді, әнді тыңдаймыз.

К.Қуатбаевтың «Жасыл шырша жанында» әуені.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады?
- Жасыл шырша туралы. Тамаша, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық жетекші Санта Клаус:

- Балалар, Аяз ата туралы ән біле ме? – деп сұрайды.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, біз бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Жасыл шырша туралы әнді.
- Қазір Аяз ата туралы әнді айтып үйренеміз. Ән «Аяз ата» деп аталады. Балалар,бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Ақ таяғын таянып,

Таңмен бірге оянып.

Аяз ата келіп тұр, Ақ

күпіге оранып.

- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Санта Клаус бала да бізбен қосылып әндетіп отыр.

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша

айтқызады.

2.2. "Қанша Аяз ата?" дидактикалық ойыны.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, интербелсенді тақтадан не көріп тұрсыңдар? Дұрыс, Аяз аталарды.Тақтаға мұқият қарап алыңдар. Интербелсенді тақтаға қарап, суреттердің ішінен қанша Аяз атаны табуға болады? Бес санына дейін санаймын, тақтаны өшіремін.

Балалар естеріне түсіріп, ойша қанша Аяз ата бар екенін есептейді. Балалар қателесетін болса, педагог "Дұрыстап ойлан!" – дейді. Жеңімпаз балаларға Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштардан бастап сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық беріледі. Кәне, портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші, маған!

Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы! Енді, менің аяқ киімімнің тықылдаған дыбысын тыңдаңдар. Естідіңдер ме? Сендер де өз аяқ киімдеріңніңдыбысын естігілерің келе ме? Ендеше, бәріміз бірге аяқтарымызбен топылдатамыз. Жарайсыңдар! Қазір музыка әуенімен қимылдарды қайталаймыз.Музыкалық жетекші «Етіктер» шығармасының әуеніне балаларды шеңбермен бойымен бірінің артынан бірін тұрғызады.

Балалар шеңбер бойымен тұрып, музыкада етіктің дыбысы шығатын кезде аяқтарын жеңіл адыммен топылдатады. Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен айналып, жартысына келгенде етіктің дыбысы шығатын кезде тағы да топылдатулары қажет. Педагогтің белгі беруі бойынша "Етіктеріміз қайда екен?" дегенде жүріп келе жатып, аяқтарын алдарына шығарып, көрсетеді. "Етіктерімізжүрді" дегенде музыка әуеніне сәйкес аяқтарымен топылдатып жүру керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып адымдайды. Балалардың адымдары жеңіл, ырғақты болуы тиіс.

2.4. Музыкалық жетекші балаларға шыршаның астында жатқан шыршаның жасанды бұталарын қолға алуды қадағалайды. Әрбір баланың екі қолында жылтыраған жасанды шырша бұталары болады.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, "Шырша" биін билегілерің келе ме? Олай болса, шеңбер құрайық. Музыкалық жетекші Шарль Гуноның "Вальс" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды сақиналарменжасауды үйретеді.

Педагог балалармен бірге шеңбер бойымен шырша бұталарын жоғары ұстап, айналады. Балалар орындарында тұрып, қолдарындағы шырша бұталарымен өзітұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, шырша бұталарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді.

Орындарында тұрып шырша бұталарымен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезекқарап айналады. Шырша бұталарын жоғары ұстап аяқтарымен сол жанына,орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Шырша бұталарымен орындалатын би қимылдары музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Аяз" ойыны.

Педагог балаларды шеңбер бойынша тұрғызып:

- Балалар, сендер беттерің тоңғанда қалай жылытасыңдар? – деп сұрайды. Балалар беттерін уқалап көрсетеді.
- Балалар, аяз ысқырып, қандай дыбыс шығарады екен, тыңдап көрейікші!

Музыкалық жетекші интербелсенді тақтаны қосып, аяздың ысқырған дыбысын тыңдатады да:

- Балалар, мен қазір аяз ысықырығынан басқа да дыбыстарды қоямын. Басқа дыбыс естілгенде аяқтарыңды топылдатасыңдар, аяздың ысқырығы естілгендебеттеріңді алақандарыңмен жауып, екі жаққа кезек бұрыласыңдар.

Музыкалық жетекші балалар аяздың дыбысын дұрыс қабылдағанша ойынды 2-3рет қайталай алады.

%4 ҚОРЫТЫНД

Ы Педагог:

- Міне, балалар, Санта Клаус бала сендердің оқу қызметтеріңе қатысып, ризаболды. Солай ма, Санта Клаус бала?
- Иә, өте риза болдым. Енді, менің кетуім керек. Басқа да балабақшаларға барып, балалардың Жаңа жылға дайындықтарын көруім керек. Сендермен өтеқызық болды.
- Балалар, Санта Клауспен қоштасып, үйіне шығарып салуымыз керек қой! Балалар, бәріміз жаңа жылдың алдында Санта Клаус балаға тілек айтайықшы:
- Санта бала, Санта бала,
Сағынады барлық бала.
Жаңа жылда қауышайық,
Амандықпен Санта бала.
- Кәне, Санта Клаус бала, саған рахмет! Біз сені сағынатын боламыз. Біз дежақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Біз қандай ән тыңдадық? Біз қандай ән үйрендік? Маған кім айтады?
- «Жасыл шырша жанында» әнін тыңдадық және «Билейміз Аяз атамен» әнінайтуды үйрендік.

- Балалар, оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!
-

Музыка: Шырша түбіндегі сыйлық

Күні 27.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың шырша туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын дұрыс түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; би элементтерін орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; жаңа жылдық сыйлықтар туралы ұғым беру.

Балалардың әнді қызығушылықпен тыңдап, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту және топта ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетімен ән айтудағы тыныс алу техникасын дамыту. Балаларды достық қарым- қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жаңа жылдық сыйлықтар", "Шырша түбіндегі сыйлық", "Жаңа жылға дайындық", "Аяз ата сыйлығы", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Балалардың психологиялық көңіл-күйлерін көтеру мақсатында "Жаңа жылдық

сыйлықтар", "Шырша түбіндегі сыйлық", "Жаңа жылға дайындық", "Аяз ата сыйлығы", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану; ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан Аяз атаның балаларды қуантыпжүрген сәттерінен көрініс көрсету, "Безендірейік шыршаны" дидактикалық ойыны, "Аяз" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, "Аяз ата" дидактикалық ойын топтамасы, портфолио,шырша бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Шырша бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыкалық жетекші:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Жаңа жылдық көңіл-күйлерің қалай?
- Балалар, Аяз ата келгенше шыршамыздың безендірілуін тағы да тексеріп алайықшы! Міне, жарайсыңдар! Енді, балалар, тақпақ айтуға дайындалайық! Аязата келгенде тақпақты да айтуымыз керек қой!
- Кәне, балалар, дайынбыз ба?

Жаңа жылдық сыйлық туралы тақпақты және қимылды менімен біргеқайталаймыз (психогимнастика):

- Түбінде шырша (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Сыйлықтар бар (балалар қол білезіктерін айналдырады).
- Жаңа жыл келді (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Сыйлықтар ал (балалар алақандарын жаяды).

Педагог балалармен бірге тақпақ пен қимылдарды қайталайды.

1.2. Музыкалық жетекші балалармен дайындалып жатқанда Аяз ата кіріп келеді:

- Балалар, қараңдаршы, бізге кім келді? Аяз ата келді.

Балалар таң қалып, қуанады. Аяз ата:

- Балаларым, балғындарым, амансыңдар ма! Жаңа жылдың алдында сендердің сыйлықтарыңды беріп кетейін деп келдім. Ол үшін сендер маған қандай ән тыңдап, қалай ән айтатындарыңды көрсетіңдер! Музыкалық жетекші:
- Балалар, Жаңа жылда шыршамыз жарқырап жансын десек, тағы да шырша туралы ән тыңдайық! Енді, балалар, жаңа ән тыңдай отырып, басқа Аяз аталарқайда жүр екен, соны тамашалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, Аяз аталардың басқа жақтарда балалармен жүрген көрінісін көрсетеді.

- Қандай керемет, қараңдаршы, балалар! Барлық жерде Аяз аталар балалардықуантуға асығып жүр. Енді, әнді тыңдаймыз.

Е. Тиличееваның «Шыршамызға арнаймыз» әні. Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады?
- Шырша туралы.
- Тамаша, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық жетекші:

- Балалар, біз бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Жасыл шырша туралы әнді. Аяз ата сендердің шырша туралы айтқан әндеріңдіестігісі

келіп отыр. Айтамыз ба, балалар? Онда шырша туралы әнді айтып үйренеміз.
К.Қуатбаеваның «Жасыл шырша жанында» әні.

- Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында, жадырап бір бала жүр.
Тамаша тамаша шыршамыз тұр жараса, Басында әсем жұлдызы, көз тоймайды қараса.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Балалар, бүгін өте көңілді! Солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Аяз ата да бізбен қосылып әндетіп отыр.
Музыкалық жетекші:
- Аяз ата, балалардың Жаңа жылға арналған тақпақтары, өлеңдері, билері бар еді, сол өнерлерін көрсетіп, сізден сыйлық алса бола ма?
- Иә, әрине сыйлық алады. Өнерлеріңді көрсетіңдер, балалар! Барлығың өнер көсетсеңдер, сендердің есімдерің жазылған сыйлықтады шырша түбіне қоямын,өздерің барып аласыңдар және қосымша қоржынымда кәмпит, піспенан бар, өнерлеріңді көрсетсеңдер, оны да беремін.

Балалардың бәрі өнерлерін көрсетеді. Шырша түбіндегі сыйлықтар алдын-ала балалардың ата-аналарымен келісіп алынған.

2.2. "Безендірейік шыршаны" дидактикалық ойыны.
Музыкалық жетекші:
- Балалар, Аяз ата сендердің оқу қызметіне қалай қатысатындарыңды қарап отыр. Тапсырманы дұрыстап тыңдап алайық. Тақтаға мұқият қарап алыңдар. Интербелсенді тақтаға қарап, шыршаны қалай безендіруге болатынын көрдіңдерме?
- Енді, тақтаны өшіремін. Алдарыңда шыршаның нақпішіні және еденде суреттержатыр, солардың ішінен керекті суреттерді алып, шыршаны безендіреміз.

Балалар интербелсенді тақтадағы сурет бойынша шыршаны қалай безендіругеболатынын естеріне түсіреді. Балалар қателесетін болса, педагог "Дұрыстап ойлан!" – дейді. Жеңімпаз балаларға шырша бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог балалардың назарын аудару үшін аяқтарымен топылдатады:
- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы! Алдыңғы оқу қызметінде «Етіктер» музыкасына билегенсіңдер. Бүгін тағы да билегілерің келе ме? Музыкалық жетекші «Етіктер» шығармасының әуеніне балаларды шеңбермен бірінің артынан бірін тұрғызады.

Балалар шеңбер бойымен тұрып, музыкада етіктің дыбысы шығатын кезде аяқтарын жеңіл адыммен топылдатады. Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен жартысын жүріп өткенде, етіктің дыбысы шығатын кезде тағы да топылдатулары қажет.
Педагогтің белгі беруі бойынша "Етіктеріміз қайда екен?" дегенде жүріп келе жатып, аяқтарын алдарына шығарып көрсетеді. "Етіктеріміз жүрді" дегенде музыка әуеніне сәйкес аяқтарымен топылдатып жүру керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып адымдайды. Балалардың адымдары жеңіл, ырғақты болуы тиіс.

2.4. Музыкалық жетекші балаларға шыршаның астында жатқан шыршаның жасанды бұталарын қолға алуды қадағалайды. Әрбір баланың екі қолында жылтыраған жасанды шырша бұталары болады.
Музыкалық жетекші:
- Балалар, "Шырша" биін билегілерің келе ме? Олай болса, шеңбер құрайық.

Музыкалық жетекші Шарль Гуноның "Вальс" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды сақиналармен жасауды үйретеді.

Педагог балалармен бірге шеңбер бойымен шырша бұталарын жоғары ұстап, айналады. Балалар орындарында тұрып, қолдарындағы шырша бұталарымен өзітұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, шырша бұталарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді.

Орындарында тұрып шырша бұталарымен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезекқарап айналады. Шырша бұталарын жоғары ұстап аяқтарымен сол жанына,орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Шырша бұталарымен орындалатын би қимылдары музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Аяз" ойыны.

Педагог балаларды шеңбер бойынша тұрғызып:

- Балалар, өткен оқу қызметінде аяздың қалай ысқырып, дыбыс шығаратынынтыңдап көрдік. Бүгін тағы да тыңдап алып, ойнап көреміз бе? Музыкалық жетекші интербелсенді тақтаны қосып, аяздың ысқырған дыбысын тыңдатадыда:
- Балалар, қазір мен аяз ысықырығынан басқа да дыбыстарды қоямын. Басқа дыбыс естілгенде аяқтарыңды топылдатасыңдар, аяздың ысқырығы естілгендебеттеріңді алақандарыңмен жауып, екі жаққа кезек бұрыласыңдар.

Балалар аяздың дыбысын дұрыс қабылдағанша музыкалық жетекші ойынды 2-3рет қайталай алады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог көтеріңкі көңіл-күймен:

- Балалар, Аяз ата сендердің оқу қызметтеріңе қатысып көріп, риза болды. Солайма, Аяз ата?

- Иә, өте риза болдым. Енді, менің кетуім керек. Басқа да балабақшаларға барып, балалардың Жаңа жылға дайындықтарын көріп, сыйлықтарын беруімкерек. Сендермен өте қызық болды. Жаңа жылдарың құтты болсын!

Музыкалық жетекші:

- Балалар, Аяз атамен қоштасып, үйіне шығарып салуымыз керек қой!
- Балалар, бәріміз Аяз атаға арнаған тақпағымызды айтайықшы:
- Көрдік, Аяз атаны,
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да,
Аппақ екен шапаны.
- Аяз ата, сізге рақмет! Біздің балаларымызды қатты қуанттыңыз! Біз сізді сағынатын боламыз. Біз де жақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Бүгінгі оқу әрекетінде тыңдаған және өзіміз айтқан әндеріміз не туралы болды,кім айтады?

- Шырша туралы.
- Жарайсыңдар, балалар! Сендерге Аяз ата да риза болды. Сыйлықтарыңды үйгебарған соң ашасыңдар!
- Балалар, оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка жетекшісінің күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы №13 “Шұғыла” бөбекжай балабақшасы
Топ: Шаңырақ » ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастан.
Жоспардың құрылу кезеңі: 2023-2024 оқу жылы.

№	ҰОҚ тақырыбы	ҰОҚ мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Балабақша әніміз	Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу.	1	05.09
2	Көңілді балалар	Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеуді пысықтау.	1	7.09
3	Біздің балабақшада ойыншықтар көп	Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру.	1	12.09
4	Ата-ананы тыңдаймыз	Балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін дамыту.	1	14.09
5	Жау, жау, жаңбыр	Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта	1	19.09

		ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту.		
6	Жаңбыр	Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыру.	1	21.09
7	Күздің ғажайып құбылыстары	Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыруды пысықтау.	1	26.09
8	Күн дидарлы Қазақстан	Балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; жай және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	1	28.09
9	Ару күз	Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру.	1	03.10
10	Күз	Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.	1	5.10
11	Күзге ән арнайық	Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыруды пысықтау.	1	10.10
12	Күз жомарт	Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру.	1	12.10
13	Ас - адамның арқауы	Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу	1	17.10

		қызметіне белсенділіктерін арттыру.		
14	Тәтті нан	Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.	1	19.10
15	Адам еңбегіне жыр	Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіруді пысықтау.	1	23.10
16	Көгершіндер әні	Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдауға қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру.	1	26.10
17	Күз әуені	Балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін жаттықтыру.	1	31.10
18	Жомарт күз	Балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыка жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін жаттықтыруды пысықтау.	1	2.11
19	Күз желі	Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау.	1	7.11
20	Ойыншықтар	Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауға үйрету; музыка жетекшісімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс ала білуге жаттықтыру.	1	9.11
21	Кірпі	Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына және ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға жаттықтыру.	1	14.11
22	Аңдардан нені үйренеміз?	Балалардың кірпі туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына және ырғақтық қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға жаттықтыруды пысықтау.	1	16.11

23	Қорқақ қоян	Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен сәйкестендіре орындауға үйрету; жабайы табиғат әлемі туралы ұғым беру. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.	1	21.11
24	Қоңыраулар сыңғыры	Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыка жетекшісімен ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка мен қимылдағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	1	23.11
25	Қыс әні	Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетІн қалыптастыру; қоңырау аспабында шығарма мазмұнына сай ойнай білу дағдысын жетілдіру.	1	28.11
26	Қыс бояулары	Балалардың қыс туралы әннің сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетІн қалыптастыру; қоңырау аспабында шығарма мазмұнына сай ойнай білу дағдысын жетілдіруді пысықтау.	1	30.11
27	Қысты сағындық	Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білуге үйрету; музыкалық-дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.	1	5.12

28	Жаса, елім!	Балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру; ұжымда және дербес ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілеті мен би қимылдарын еркін орындау қабілеті мен зейінін дамыту.	1	7.12
29	Жаңа жыл	Балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін қалыптастыру.	1	12.12
30	Жаңа жыл сыйлықтары	Балалардың Жаңа жыл туралы әнді айтуда есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту; музыка жетекшісімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айтуда ырғақты сезіне білу қабілетін қалыптастыруды пысықтау.	1	14.12
31	Жасыл шырша жанында	Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласын ояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындаудаептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындаудаептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.	1	19.12
32	Шырша жыры	Балалардың шырша туралы әнді қызығушылықпен тыңдап, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілеті мен ән айтудағы тыныс алу техникасын дамыту.	1	21.12
33	Дала аппақ	Балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.	1	26.12
34	Аққаламен достасайық	Балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау.	1	28.01

35	Аппақ қар	Балаларды әнді ықыласпен тыңдай білуге және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; әндегі ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауға жаттықтыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.	1	4.01
36	Қыс әні	Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	1	9.01
37	Қасқыр туралы	Балаларды музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау; музыкалық аспап қасықпен ойнау қабілетін қалыптастыру.	1	11.01
38	Қасқыр әні	Балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін жаттықтыру.	1	16.01
39	Аңдар туралы не білеміз	Балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыка сипатына қарай аңдардың қимылдарын дұрыс қайталау және музыкалық аспап сылдырауықпен ойнау қабілетін жаттықтыруды пысықтау.	1	18.01
40	Құстар әні	Балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; әндегі орташа қарқындылықтың ерекшелігін ажырата білу қабілетін жетілдіру; жаңа би элементтерін музыка әуенімен үйлесімді жасауға жаттықтыру.	1	23.01
41	"Тауықтар" биі	Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	1	25.01
42	Мысығым	Балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік	1	30.01

		мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіру.		
43	Мысықтың жасырған құпиялары	Балалардың мысық туралы әннің сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақтық қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапта жатық ойнау қабілетін жетілдіруді пысықтау.	1	1.02
44	Көңілді арбакеш	Балаларды арбакеш туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен ілесе отырып, үйлесімді жасай білуге дағдыландыру.	1	6.02
45	Ойыншықтар	Балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру.	1	8.02
46	Ойыншық аспаптар	Балалардың жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білу және эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыруды пысықтау.	1	13.02
47	Таза болайық	Балаларды жаңа ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігін ажырата білуге үйрету; ән айту кезінде әуеннің мағынасын түсіне отырып, эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топпен ілесе ән айту ережелеріне дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай үйлесімді жасай білуге жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; техника туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды тұрмыста қолданылатын заттар туралы жаңа әнді тыңдап, оның сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасына ерекше мән беру қабілетін қалыптастыру; әнді дұрыс айтуға және ырғақты қимылдарды үйлесімді жасауға дағдыландыру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін шыңдау; әнді тыңдау кезінде зейіні мен есте сақтау қабілетін және музыкалық шығармашылығын дамыту. Балаларды жолдастық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және тұрмыста қолданылатын заттарды күтіп ұстау әдебіне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен мәдениетін қалыптастыру; оқу қызметіне белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	1	15.02
48	Зырлайды шанамыз	Балаларды ән тыңдауда оның сипаты мен ерекшелігіне айрықша мән беруге үйрету; топпен әнді бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға дағдыландыру; би элементтерін музыка ырғағына сай жасай білуге	1	20.02

		жаттықтыру; музыкадағы жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.		
49	"Анашым, анажаным"	Балаларды ана туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбысты есту және әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; музыкалық сүйемелдеусіз "ре" – "ля" бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру; аналар мерекесі мен көктемгі құстар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын дамыту; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметінде қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	1	22.02
50	Анаға сәлем	Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру.	1	27.02
51	Әніміз сыйлық болсын	Балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; әуеннің ырғағына ілесе отырып, музыкалық аспапта шығарманы ойнай білуге жаттықтыру.	1	29.02
52	Нұрлы көктем	Балалардың әнді орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру; музыкалық аспаптағы дыбысты есту қабілетін дамыту.	1	6.03
53	Наурыз мейрамы	Балалардың бесік жыры әнін тыңдай отырып, оның сипатын түсіне білу қабілетін арттыру; наурыз көктем туралы әнді үйретуде дыбысты есту қабілетін жетілдіру; бидің элементтерін есте сақтай отырып, музыка әуенімен бірге орындай білу дағдысын жетілдіру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрге деген қызығушылығын тудыру; Наурыз мерекесі туралы түсінік беру. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін	1	14.03

		жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; топта өлең айта білуге үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; өлең айту кезінде тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету. Балаларды ұлттық салт-дәстүрді сақтай білу мәдениеті пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне белсенділіктерін арттырушды пысықтау.		
54	Бесік жыры	Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.	1	19.03
55	Әжеміздің әні тамаша	Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру; аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.	1	26.03
56	Домбыра	Балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру; оркестрлық ұжымға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	29.03
57	Ғарыштағы қоңыраулар	Балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	1	2.04
58	Ғарышкерлер жыры	Балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білу қабілетін қалыптастыруды пысықтау.	1	4.04
59	Аспан әлемі	Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; ғарыш туралы ұғым беру. Балалардың жаңа әнді тыңдауда әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу қабілетін дамыту; топпен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканың көңілді, ойнақы сипатымен ырғақты	1	9.04

		қозғалысты өзгертіп, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету; балаларды музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілетіне баулу. Балаларды эстетикалық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; би қозғалыстарын, музыкалық ойын әрекеттерін шын ниетпен орындауға тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.		
60	Туған жер	Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге және музыкалық аспаптарда ырғақты ойнай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға жаттықтыру.	1	11.04
61	Көктем келді	Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға дағдыландыру.	1	16.04
62	Көктем шақырады	Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға дағдыландыруды пысықтау.	1	18.04
63	Дос болайық бәріміз	Балаларды музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу дағдыларын жетілдіру; аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындауға қызығушылығын тудыру.	1	23.04
64	Жеңіс күнін тойлаймыз	Балаларды әнді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге дағдыландыру.	1	25.04
65	Жауынгерлер маршы	Балаларды әнді тыңдау кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне үйрету; биі жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай білуге дағдыландыруды пысықтау.	1	30.04
66	Біз өмірдің	Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап,	1	2.05

	гүліміз	соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын жетілдіру; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және музыкалық аспаптарда жәй және қатты дыбыстарды ырғақты ойнай қабілеттерін қалыптастыру.		
67	Қоңыраулар сыңғыры	Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу және таныс би қимылдарын қайталай білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы жетілдіру; дауыстап және төмен дауыспен ән салуды қол қозғалысымен көрсетуге дағдыландыру; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу және тыныс шығару жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру; әуенмен бірге қоңыраулардың дауысын қабылдай білуге үйрету; көктемгі ағаштар туралы түсінік беру. Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдау және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауын дамыту; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын жетілдіру; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу және таныс би қимылдарын қайталай білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қысқа әндер айту арқылы жетілдіру; дауыстап және төмен дауыспен ән салуды қол қозғалысымен бірге сәйкестендіріп көрсете білуге дағдыландыру; әуенмен бірге қоңыраулардың дауысын қабылдау және есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды мәдени қарым-қатынасқа және ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметінде бірін-бірі сыйлай білуге үйрету; оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау.	1	14.05
68	Барабан дабылы	Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру;		16.05

		қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету.		
69	Жау, жау, жаңбыр	Балалардың көңілді әнді педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге және аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру.	1	21.05
70	Кемпірқосақ жолақтары	Балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеуді пысықтау.	1	23.05
71	Дән терейік	Балаларды көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білу қабілетін дамыту; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге дағдыландыру; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен қою және жеңіл адыммен өзін айнала адымдай білу қабілеттерін қалыптастыру.	1	28.05
72	Кел, билейік!	Балаларды көңілді әуенді тыңдау және айту кезінде әннің сипатына сай денесімен ырғақты қозғала білу қабілеттеріне және ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; дауыс жаттығуларын дұрыс орындай білуге жаттықтыру.	1	30.05
			72 сағат	

Музыка:Балабақшаәніміз

Күні 05.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға балабақша туралы әнді тыңдатып, әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуеніне ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап,бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынасережелерінетәрбиелеу.

Сөздікжұмыс

«Балақай,бақшағақошкелдің!»,«Балабақша әніміз»,«Бақшада біздің көңілді»,

«Сағындық балабақшаны»сөздерінпайдалану.

Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу,әңгіме,түсіндіру,баяндау,көркемсөз,салыстыру,сәйкестендіру,ойқозғау, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, топтық жұмыс, музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар
%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, ойынғаарналған үйлержәнесуретті алмалар(слайд),«Әншітөлдер» макеті,түрлі-түстішарлар,«көңілдіүй»таңбалауыштары.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

«Көңілдіүй»таңбалауыштары.

Оқуқызметініңбарысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 **1. Сәлемдесу**

Педагогоқуқызметініңалдындабалалардыңкөңіл-күйлерінкөтеруүшін:

%4 Балалар,хәлдеріңқалай?Жақсы!

%4 Бәріңжайнапкетіпсіңдерғой!Балаларшаттанып қалады.

%4 Біздіңбақшақандайкеремет!Балалар,солайма?

%4 Қәне,бәріміздайынбызба?Иә!

%4 Олайболса,балалар,маршәуеніменжүреміз.(«Марш» Э.Парлова).

%4 Балалар,әуендітыңдаймыз.Кеудеміздітік,еркінұстаймыз.Тамаша!

%4 Балалар,музыкаәуенімденеміздітікұстап,жеңіладымменәдеміжүреміз.Кәне,кімнің денесітік,әдеміекен?Көрсетейік.

%4 Балалар,жүргендеарақашықтықтысақтаймыз.Жарайсыңдар!

Балалармаршәуенімензалдыайналыпжүріп,тоқтайдыдаәндетіпсәлемдеседі:Біз-көңілдібаламыз,
Өнерқуғандарамыз.Әнге салып әдемі
Биде билеп аламыз.

%4 Жарайсыңдар,балалар!

%4 Балалар,жүріп келе жатып,алдарыңда ілулі тұрған түрлі-түсті әдемі шарларды екі қолымызға алып, әуенмен бірге тоқтаймыз.
Балаларшарларды қолдарына ұстаптұрады, педагог келесі тапсырманы орындау ережесін түсіндіреді.

1.2. Музыкалық-ырғақтықимылдар

Педагогбалалардыңназарынөзінеаударып:

%4 Балалар,бүгінбіз«Әуешарларыменби»шығармасыбойынша

ырғақтықимылдардыжасаймыз.Менкөрсететінқимылдардымұқиятқарапалыңдар,жарайма?
М.Раухвергердің«Әуешарларыменби»шығармасықосылады.(Аудиозапись«Танецсвоздушнымишарами»М.Раухвергера)
Музыкалық жетекші балаларды қатарға тұрғызады. Музыка басталғандабалаларшарларыноңқолдарынаұстап,шашырапжүгіреді.Бірорындатұрып,шарларымен оң және сол жаққа кезек-кезек сермеу жаттығуларын жасайды.Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, шар ұстағанқолдарын жоғары көтеріп адымдайды. Музыка соңында шарларын әуегелақтырукеректігінқимылдарменкөрсетеді.Басындамузыкалықжетекші

балалардыөзібастап,ырғақтықимылдардыкөрсетіпжүреді.

%4 НЕГІЗГІБӨЛІМ

2.1. Әнтыңдау

Педагогәнгеқатыстыойқозғаумақсатындабалаларғасұрақтарқояды:

%4 Балалар,балабақшатуралыәдеміәнбар,естіпкөрейік.Ән«Бақшағабарамын»деп аталады. Әнін жазған композитор Өтебай Байділдаев. Сөзін жазған ақынК.Сүлейменов.

%4 Балалар,бәрімізыңғайланыпотырып,қолымыздытіземіздіңүстінеқоямыз,денеміздіеркі нұстаймыз.

Бақшағабарамын,Ойын
шықаламын.Ұнасабақш
ада,Өскеншеқаламын.

%4 Кәне,балалар,шапалақсоғып,әуендітағыдақайталаптыңдайықшы!Керемет!Біз діңбақшадаөтекөңілдібалалар,солайма?Иә. Педагогбірбалағаөзібілетінәнніңәуенінля-ля буыны арқылы орындауды, екінші балағасөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

Музыкалық жетекші балалар әнді қабылдағанша тыңдатады.

Педагог әнге қатысты ойқозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

%4 Балалар,ән жазатынадамды кімдепатаймыз? Сазгер. Тамаша!

%4 Қандай сазгерлерді білеміз?

%4 Бота Бейсенова,Өтебай Байділдаев

%4 .Жарайсыңдар!

%4 Әннің сөзін кімжазады?

%4 Ақын.Жақсы!

%4 Әнді орындайтын адамды кімдейміз?

%4 Әнші.

%4 Керемет!

%4 Балалар,қандайырғақтыәндердібілеміз?«Ойыншықтар»,«Топ-топ,балақан», «Қамажай».Тамаша,балалар!

2.2. «Үйлердіңкөңіл-күйінтап»дидактикалықойыны

%4 Балалар,тақтағақарайықшы,тақтадаәртүрліүйлердіңсуреттерібар.

%4 Қазір әуен ойналған кезде сол әуеннің сипатына қарай тақтадағы қай үйдіңкөңіл-күйінесәйкескелетінінайтыпбересіңдер,келістікпе?Жарайды!
Педагогбалаларғаәуендертыңдатады.Ж.Қалжановың«Еліміздісүйеміз»(марш),А.Еспенб етованың«Күзгесәлем!»(вальс),халықәні«Әлди»(бесікжыры)әндеріорындалады.
Ж.Қалжановың«Еліміздісүйеміз»(марш),А.Еспенбетованың«Күзгесәлем!»(вальс),халықәні «Әлди»(бесікжыры)
Балалар ойын шарты бойынша әртүрлі әуендердің сиптына қарай тақтадағыүйлердіңкөңіл-күйінтабады.Балалардыңжауаптарыдұрысболса,көңілдіәуенойналады,алжауаптарыдұрыс болмаса,мұңлыәуенқосылады.

%4 Балалар,әуендердіасықпайтыңдайық,сипатынажыратайық.

Ойынбалалардыңқалауыбойыншақайталанады.Жақсыойнағанбалаларға «көңілдіүй»таңбалауыштарыүлестіріледі.Педагог:

%4 Балалар,былтырғыпортфолиоларыңестеріңдеме?Иә.Олайболса,осыжылыдаәрқайсыңдаж екепортфолиоболады.

%4 Тағы да естеріңесала кетейін, балалар,портфолиоға сендердіңжекезаттарыңжиналады.Солпортфолиоғабүгінгіалғантаңбалауыштарданбаст апсалаберіңдер.Жылдыңаяғындакімніңпортфолиосытолықболады,солбалағасыйлықбер іледі.Кәне,портфолиоларыңдыашыпкөрсетіңдерші!Жарайсыңдар,ендітаңбалауыштары ңдысалыпқойыңдар.

2.3. Дауысжаттығулары

Педагогбалалардыңназарынөзінеаударып:

%4 Балалар,денеміздітікұстап,орындықтыңшетінеотырамыз.

%4 Балалар,ормандабірқоянкележатыпсәбізінжоғалтыпалды.Олсәбізінтабуүшін ағаштардың маңына барып мұрнымен иіскей жөнелді. Кәне, қоян сәбізіңқалайтауыпалды?

%4 Балалар, қоян сияқты иіскейміз. Енді, тілдің ұшын тістеп, тілді оң және сол жақтістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астынкөрсетеміз.Жарайсыңдар!

%4 Енді,балалар,меніменбіргеәннің сөзінбіргеайтамыз.Тоқ-тоқ,тоқылдақ,
Жердентарышоқыпап,Тоқылдайды тоқылдақ,Тоқ-тоқ-тоқ.
Ахау,егигай,

Әнсал бозторғай,
Біз әніңді үйреніп,
Күнде әнсап жүрейік.

%4 Тамаша!

%4 Балалар,ендібәріміз,а р аболайық.Аралар Арамыз, біз арамыз, Әнге салып барамыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу. Қызыл,жасыл гүлдерден, Балды сорып аламыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

%4 Жарайсыңдар!

2.4. Әнсалу

Бота Бейсенованың«Балабақша»әні.

%4 Балалар,жаңаоқужылындажаңа ән бастайық. Бота Бейсенованың әні «Балабақша». Балалар әнді хор мінбесіне барып, үнтаспаға қосылып айтады.

Әннің шумақтарынжекедауыста,қайырмасынхорменорындауұсынылады.Педагогдирижер болады. Әндібірге бастап,бірге аяқтауларынқадағалайды.

%4 Балалар,әнімізтамашаайтылыпжатыр!Жарайсыңдар!

Әнүйренуді жалғастырады.«Ақылдытақтадағы»әннің ырғақтысуретінкөрсететінүлкен,кіші алмаларғақарап,әннің ырғағындәлсақтап,алақансоғыпжаттықтырады.

%4 Балалар,әнімізгеқосылуға«әншітөлдер»келді.

Балаларға төлдермен біргеән ырғағындұрыс сақтап,ән салуғашақырады.Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызады. Қайырмасынабарлықтопқосылыпорындаудыүйренеді.

2.5. «Әнсалғанкім?»музыкалық-дидактикалықойын

%4 Балалар,қолдарыңдағыәдемішарлардыалып,мағанқарайойыналаңынакеліңдер.Жа райсыңдар!

%4 Балалар,қазір«Әнсалғанкім?»ойынынойнаймыз.

Ойынның шарты: әннің шумағын айтқанда әдемі шарларды арттарыңа тығып,шеңбер бойымен жай жүресіңдер. Әннің қайырмасын айтқанда әдемішарларды қолдарыңмен музыка ырғағына сай бір-біріне соғасыңдар.

Санамақарқылыойынбастаушысынсайлайды.Балаларұстағаншарлардыңкейбіреуініңіші нде дыбыс шығаратын қоңыраулар бар. Балалар сол қоңыраулардың үнінанықтаптабуларыкерек.

%4 Ал,балалар,бастаймыз!До
с тығымыз жараса,Асыр салып
таласа,Ойынды тез
бастайық,Шартынқатаңсақт
айықБір,екі,үш, Ойынбаста,ұш!

Педагогбалалардыңойынынмузыкажетекшісіменбіргебақылап,арасында ескертужасап отырады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогоқуқызметініңсоңынақарайбалаларға:

%4 Балалар,бүгінгіалғашқыоқуқызметіндеқандайәндітыңдадық?

%4 «Бақшағабарамын»әнін.

%4 Балалар,бүгінқандайәнайтудыүйрендік?«Балабақша»әнін.

%4 Қандайдыбыстықжаттығурментаныстық?Араболдық.

%4 Арақандайдыбыстаршығарадыекен,балалар?

%4 Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

%4 Біз әнді қалай айтуымыз керекекен?

%4 Ақырын, асықпай айтамыз.

%4 Жарайсыңдар,балалар,бүгінгіоқу қызметінде белсенді болдыңдар.Рақмет!

%4 Бүгінгі оқуқызметі аяқталды,сауболыңдар!

Музыка: Көңілді балалар

Күні 7.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға балабақша туралы әнді тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажыратабілуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру;
музыка ырғақты қимылдарды музыка әуенімен бір мезгілде бастап, бір мезгілдеаяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

«Балақай, бақшаға қош келдің!», «Балабақша әніміз», «Біздің балабақша өтекөңілді», «Сағындық балабақшаны» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, әңгіме, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, салыстыру, сәйкестендіру, ойқозғау, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, топтық жұмыс, музыкалық- дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, музыкалық-дидактикалықойындар, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, әртүрлі аспаптар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Көңілді өнтаңба (смайлик) таңбалауыштары.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ

БӨЛІМ Сәлемдесу

Педагог музыка залына балаларды қатармен кіргізеді. Музыка залы іші мен есігі әдемі безендірілген.

Тәрбиеші:

%4 Балалар, мына есікті ашсақ, музыка әлеміне кіреміз. Дайынбыз ба?

Балалардың жауаптары.

Педагог пианино аспабында ойнап, балалармен амандасады:

%4 Сә-ле-мет-сің-дер-ме?

%4 Сә-ле-мет-сіз-бе!

%4 Балалар, сендерге балабақшаға келген ұнай ма?

Балалардың жауаптары.

Педагог интербелсенді тақтадан музыка әлемін көрсетеді.

%4 Балалар, музыка залы қандай әдемі! Әртүрлі аспаптар да бар. Барлығы билеп кеткендей.

%4 Музыка залына келіп ән салып, би билеген ұнай ма?

Балаларды жауаптары.

%4 Балалар, барлығымыз жарты шеңбер құрып, марш әуенімен жүреміз ("Марш" Э.Парлов).

%4 Балалар, әуенді тыңдаймыз. Кеудемізді тік, еркін ұстаймыз, қадамның арасынкең аламыз. Тамаша!

%4 Балалар, музыка әуеніне денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз.Кәне, кім денесін тік ұстап, әдемі жүреді? Мен қараймын.

%4 Балалар, жүргенде арақашықтықты сақтаймыз. Жарайсыңдар!

Балалар марш әуенімен залды айнала жүріп, тоқтайды да әндете сәлемдеседі:Біз көңілді баламыз,

Өнер қуған дарамыз.Әнге
салып әдемі
Би де билеп аламыз.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, бүгін «Әуе шарларымен би» атты шығармасының әуеніне ырғақты қимылдарды жасаймыз. Мен көрсететін қимылдарды мұқият қарапалыңдар, жарай ма?

Музыкалық жетекші М. Раухвергердің «Әуе шарларымен би» атты шығармасының әуеніне балаларды қатарға тұрғызады.

Музыка басталғанда шарларын оң қолдарына ұстап, шашырап жүгіріп, бір орында тұрып, оң және сол жаққа шарларын кезек-кезек сермеу жаттығуларынжасайды. Музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, шар ұстаған қолдарын жоғары көтеріп адымдайды. Музыканың соңында шарларын әуеге лақтыру керектігін қимылдармен

көрсетеді. Музыкалық
жетекші ырғақты қимылдарды көрсетіп жүреді.

%4 НЕГІЗГІ

БӨЛІМ Ән тыңдау

%4 Балалар, балабақша туралы әдемі ән бар, естіп көрейікші?! Ән «Бақшаға барамын» деп аталады. Әнін жазған композитор Ө. Байділдаев. Сөзін жазғанақын К. Сүлейменов.

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Бақшаға барамын,
Ойыншық аламын.

Ұнаса бақшада,
Өскенше қаламын.

%4 Кәне, балалар, шапалақтап отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Біздің бақшада өте көңілді! Балалар, солай ма? Иә.

Педагог бір баладан өзі білетін әннің әуенін «- ля - ля» буыны арқылыорындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.
Музыкалық жетекші әнді балалар қабылдағанша тыңдатады.

Педагог әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша!

%4 Қандай сазгерлерді білеміз? Бота Бейсенова, Өтебай Байділдаев. Жарайсыңдар!

%4 Әннің сөзін кім жазады? Ақын. Жақсы.

%4 Әнді орындайтын адамды кім дейміз? Әнші. Керемет!

%4 Балалар, қандай ырғақты әндерді білеміз? «Ойыншықтар», «Топ-топ, балақан», «Қамажай». Тамаша, балалар!

«Сиқырлы ноталар» дидактикалық ойыны.

Ойынның мақсаты: әуенді тыңдап, ноталарды дұрыс орналастыруды үйрету.Ойынның шарты: музыкалық жетекші халық әні «Еркемайды» орындап береді. Екінші рет ноталардың атын атап, орналастырып отырып айтып көрсетеді. Балалар әнді қайталап орындайды, ноталардың атын атап, нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Балаларға нотаны үйретуді жеңіл әндерден бастап, бірте-бірте күрделендіреді.

Дауыс жаттығулары

Музыкалық сабақтарда дем алу жаттығулары жүргізілмейді. Дем алу ән айтукезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасында дем алу жүргізілмейді.Біз көңілді балалармыз,
Бір орында тұрмаймыз.Ля-
ля-ля. (2-рет)
Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және әннің шумағы асықпай орындалуыкерек.
Біз сабырлы балалармыз,Біз
апайды тыңдаймыз.
Ля-ля-ля

Ән салу

Бота Бейсенованың «Балабақша» әні.

(әні, сөзі: Бота Бейсенова).

%4 Балалар, жаңа оқу жылында жаңа ән бастайық.
Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақты суретін көрсететін үлкен және кішкентай алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келді.

Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлықтоп бірге қосылып орындауды үйретеді.

«Музыкалық аспаптың дауысын анықта» музыкалық-дидактикалықойыны.

Мақсаты.

Әуенді салыстыруға, аспаптардың үнін ажыратып алуға үйрету.

Ойынның шарты: балалар көздерін жұмып тұрады, тәрбиеші музыкалық аспаптаойнайды. Балалар оның қай аспапта ойнағанын табуы керек.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметінің қорытындылайды.

%4 Бүгінгі оқу қызметінде қандай ән тыңдадық, балалар?

%4 «Бақшаға барамын» әнін.

%4 Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік? «Балабақша» әнін.

%4 Сендерге музыка пәні ұнай ма?

Балалардың жауаптары.

%4 Жарайсыңдар, балалар! Бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер! Музыкалық жетекші де сендерге риза болып жатыр.

Музыка: Біздің балабақшада ойыншықтар көп

Күні 12.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.
Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту.
Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қош келдің, бақшаға, балақай!", "Саусақтарым ойнайды","Бақша біздің көңілді", "Ойыншықпен ойнаймыз", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан ойыншықтар биін көрсету, "Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы" дидактикалық ойыны, "Ойыншықты тап" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Ойыншықтар, интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио,

ойыншықтар бейнеленген таңбалауыштар, үлкен ақ қонжық ойыншығы.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Ойыншықтар бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыка жетекшісі көңілді әуен қосады, балалар қатармен шеңбер жасап музыка залына кіреді.

~~Ән "Көңілді күн"~~

Балалар жарты шеңбер құрады. Педагог пианино сүйемелдеуімен амандасады. Сә-ле-мет-сің-дер-ме!

%4 Сә-ле-мет-

сіз-бе! Шаттық

шеңбер:

Қуанамын менде, Қуанасын
сенде, Қуанайық достарым
Арайлап атқан әр күнге.

%4 Балалар, бізге қонаққа кім келді?

%4 Қуыршақ Әйгерім келіпті ғой.

%4 Балалар, таңертен күнде ерте біз қайда келеміз?

%4 Балабақшаға.

%4 Балабақша сендерге ұнайдыма?

%4 Несімен ұнайды?

%4 Біздің қонағымыз балабақша туралы әнді ұмытып қалды, ендеше балабақша туралы ән тыңдаймызба?

Сол әнді тыңдап көрейікші, балалар! Ән "Балабақша" деп аталады. Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. ~~Ән "Балабақша"~~

%4 Керемет! Біздің бақшада өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз бірге тыңдаймыз, қуыршақ Айгерімде сендермен бірге тыңдайды.

1.2. - Балалар, бәріміз қазір қолымызға ойыншықтарды алып, би билейміз. Музыканың ырғағымен әуенге тербеліп, ойыншықты ұстап билейді. Ойыншықты екі қолымен ұстап, оңға, солға және алға тербейді.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог алдын ала ойыншықтарды отырғызып қояды.

%4 Балалар, біз ойыншықтар туралы қандай ән білеміз?

%4 Ойыншықтар әнің.

%4 Кәне, балалар, бәріміз ыңғайланып отырамыз. Менімен бірге қайталаймыз:

~~"Ойыншықтар" әні~~

Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды,
Әмір беріп, бұйырсақ.
Ойыншықтар ұйықтайды,
Айтқаныңнан шықпайды. Ал,

қозы мен құлыншақ, Ұйықта
десең, ұқпайды. Тыңдамайды
ұрысса, Осылары дұрыс па?
Тентектігін тыймаса,
Тұрғызармын бұрышқа.

%4 Балалар, біз ойыншық туралы ән айтып едік, отырған ойыншықтарымыз билеп кетіпті ғой.

Педагог отырған ойыншықтарды білдіртпей алып тастап, интреактивті тақтадан билеп жүрген ойыншықтарды көрсетеді.

– Әнде не туралы айтылады? Ойыншықтар туралы.

Қандай ойыншықтарды естідіңдер? Қуыршақ, бұзау, қозы, құлыншақ деп айтылады екен.

Өлең ұнады ма, балалар? Иә.

Ойыншықтар да тентек болады екен, солай ма? Жарайсыңдар, балалар! Әннің сөзін үйге барғанда да ұмытып қалмас үшін қайталау керек екенін ұмытпаңдар, балалар.

2.2. «Ойыншықты тап»

Мақсаты: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Көрнекілік:
Топтағы ойыншық.
Ойынның мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады.
Тәрбиеші нұсқауымен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.

~~Ән~~

——Музыкалық жетекші Э. Парловтың "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

Педагог:

– Балалар, музыка әуенімен денемізді тік ұстап, жеңіл адыммен әдемі жүреміз, кәне, кімнің денесі тік, әдемі екен, мен қараймын. Енді, менің соңымнан жүреміз, мен санаймын
1, 2, 3.
Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға жеткенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші адымдауды өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып, адымдайды.

2.3. ~~Ән~~

Музыкалық жетекші Е. Макшанцеваның «Разминка» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып:
– Балалар, шеңберді әдемі, кең етіп жасаймыз, жарайсыңдар, менің қимылыма қарап, қандай қимылдар жасау керектігін үйренеміз.
Музыкалық жетекші музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар орындарында тұрып, жеңіл адымдап, қолдарын алға-артқа сермейді. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырады. Аяқтарымен сол жақ жанына, орнына, оң жақ жанына, орнында жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.4. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы»

Мақсаты: Ойын ойнау арқылы шапшандыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, түсін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Қандай түсті шардың

кем екенін балаларға айтқызу.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметінің соңына қарай балаларға:

- Бүгін алғашқы оқу қызметінде қандай ән тыңдадық, балалар?
- «Ойыншықтар» әнін.
- Балалар, бүгін қандай ән айтуды үйрендік?
- «Балабақша» әнін.
- Қандай ойыншықтармен таныстық?
- Қуыршақ, бұзау, қозы, құлыншақ.
- Біздің балабақшада ойыншықтар көп екен, балалар.
- Біз ойыншықтарды қалай ұстауымыз керек екен. Күтіп, ренжітпей.

Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі оқу қызметінде жақсы белсенділік көрсеттіңдер, рақмет, бәріңе! Аппақ қонжық та сендерге риза болып жатыр. Балалар керемет белсенді екен деп, мақтап отыр. Риза болғандығы сондай осы балабақшада сендермен ойнау үшін қалды. Қалсын ба, балалар? Иә. Олай болса, оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар

Музыка:Ата-ананытыңдаймыз

Күні 14.09

Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңмақсаты

Балаларғаата-анатуралыәнніңмазмұнынтүсінудіүйрету;жайжәнекөңілдіәндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалықырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысынжетілдіру;дыбыстыестуқабілетіндамыту.

Сөздікжұмыс

«Меніңотбасым»,«Отбасым-Отаным»,«Көңілдіміз,билейміз!»,«Асыләжем», «Ата-ананытыңдаймыз»сөздерінпайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу,түсіндіру,баяндау,көркемсөз,миғашабуыл,керібайланыс,пысықтау,портфолио, көрсету,музыкалық-дидактикалықойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІКМАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, отбасы туралы суреттер,ұршықтыңсуреті,ұршықпенжібі,сылдырмақ,әрбалағаүштүрлікөңіл-күйдегігүлдер, портфолио, суретті шиелер (слайд), «Әнші бұлбұлдар» макеті, әрбаланыңөзотбасыбейнеленгентөсбелгілер.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІМАТЕРИАЛДАР

Әрбалағаүштүрлікөңіл-күйдегігүлдер,әрбаланыңөзотбасыбейнеленгентөсбелгілер.

Ұйымдастырылғаніс-әрекеттіңбарысы

%4 КІРІСПЕБӨЛІМ

СәлемдесуПедагогзалғакірген балалардыңкөңіл-күйлерінкөтеру мақсатында:

%4 Балалар, көңіл-күйлеріңнің жақсы екенін бет-әлпеттеріңнен көріп тұрмын. Бүгінбәріңтамашаболыптұрсыңдар!
Балаларкөңілденіпқалады.

%4 Оқуқызметінедайынсыңдарма?Иә.

%4 Олайболса,балалар,оқуқызметінбастаймыз!

- Балалар, бәріміз шеңбер бойымен отырамыз. Міне, жарайсыңдар! Енді, ақырындап марш әуенімен жүреміз. («Марш»Э.Парлов)

- Балалар, денемізді тік ұстаймыз.Басты жоғары көтеріп жүреміз.Жарайсыңдар!

%4 Балалар,әуеннің сазына еріп, ырғақтап жүреміз. Денемізді біртіндеп қыздыру үшін, әуенге сай жүгіреміз. Тамаша! Енді,балалар,шеңбердің бойын Жағалай тоқтаймыз. Керемет , балалар! Енді, тұрған орындарыңда тоқтаймыз, ақырын ойнап тұрған әуенмен бірге тербеліп, мен қойған сұрақтарға жауап береміз:

%4 Отбасы деген сөзді қалай түсінесіңдер? Керемет, жарайсыңдар!Педагогинтербелсендітақтаданотбасытуралысуреттердікөрсет еді.

%4 Балалар,мынакөріністенкімдердікөріптұрсыңдар?Отбасын.Тамаша!

%4 Балалар,отбасыдегендіқалайтүсінесіңдер?Әке,анажәнебіз.Тамаша!

%4 Балалар,көптегенотбасыларындаатаменәжеболады,солайма?Иә.Демек,туысқанадамдар жиналғанорта-отбасыдепаталады.

%4 Бәріңотбасыларыңдыжақсыкөресіңдерме?Иә.

%4 Олайболса,балалар,отбасындәріптейік:

Отбасым - Отаным (балалар қолдарын жоғары көтереді),Отбасым-мекенім(балаларқолдарынкөкіректерінеқояды).Саяңда өзіңнің (балалар қолдарын жанына жібереді),Бақыттыекенмін(балаларқолдарынайналдырады).
Балаларпедагогпенбіргеқимылдардықайталапотырады.

%4 Жарайсыңдар,балалар!

1.1. Музыкалық-ырғақтықимылдар

ПедагогоқуқызметінӨ.Байділдәнің«Көңілдіби»шығармасыменжалғастырады.Педагогбала лардышеңбергетұрғызады.

%4 Балалар,шеңбердікең,әдеміетіпжасайықшы.Балалар,жарайсыңдар!Енді,музыкаәуені менмағанілесе қимылдардықайталаймыз!
Балалар әуенніңырғағынақарайырғақтықимылдардыжасауды үйренеді.Балалар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, төмен түсіреді,орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Балалар (ерікті қимылдарға шеңберменжүріпкележатып,қолбілезіктерінайналдыру,бірретайналу,тізенікөтеріпжүру, қолдарын қасына жіберу, сермеу) музыкалық жетекшінің көрсетуіменеріктіқимылдардыжасайды.Балалардыңэмоциялықкөңіл-күйімузыкасипатынасай,ырғақтықимылдарменүйлесімдіболуытиіс.

%4 Жарайсыңдар,балалар,ендіорындарымызға жайғасайық.

%4 НЕГІЗГІБӨЛІМ

%4 1. Әнтыңдау

Педагогбалаларға:

- Балалар,тақтағаназараударайық.Балалар тақтаға қарайды.

%4 Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?

%4 Әженің.Жақсы.

%4 Әженеістепжатыр?Ұршықпенжіпиіріпотыр.Тамаша!

%4 Балалар,ұршықдегенімізне?Ұршық-қойдыңжүніненжіпиіретінқұрал.Керемет!

%4 Мынасуреттен,балалар,ұршықтыңсуретінкөругеболады.

Педагогбалаларғасуреттегіәженіңқимылдарынкөрсетеді.

%4 Қараңдаршы,балалар,әжемізқандайөнерлі!Бәрінедеүлгереді.Әжелердіңболғанықанд айжақсы!Әжетуралыәндерөтекөп!Сондайәндердіңбірі-«Ақәжем»әні. Соләндітыңдапкөрейікші,балалар!Балалар,бәрімізыңғайланыпотырып,қолымыздытіземіз діңүстінеқоямыз,денеміздіеркінұстаймыз.

%4 Балалар,әнқалайаталады?«Ақәжем»әні.Дұрыс!

%4 Балалар,әнніңсөзінжазғанО.Әубәкіров,әуенінжазғанК.Қуатбаев,қайталайық .Жарайсыңдар!

Ақ әжем, ақәжем,
Бәрінен сақ әжем.
Ауырмашы әрқашан,
Аман болшы, ақ әжем.

%4 Балалар,меніменбіргешапалақтап,әндітағыдақайталаптыңдайық!Керемет!Біздің әжелеріміз бар, балалар, солай ма? Әнді бәріміз тағы да қосылыптыңдаймыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайта тыңдатып, сұрақтарқояды:

%4 Балалар,әнінжазғансазгеркім?

Балаларүндемейқалады.Педагогбалалардыңесінесалып,сазгердіңаты-жөнінқайталайды.

%4 Әнніңсөзінжазғанақынкім?

Балаларестерінетүсіребастайды.Педагогбалаларғатағыдакөмекбереді.

%4 Балалар,бізтыңдағанәнқалайаталады?«Ақәжем».Жарайсыңдар!

2.2. «Үшгүл»әуенініңкөңіл-күйінажыратабілуқабілетіндамытуғаарналғандидактикалықойын.
Ойынныңшарты:

%4 Музыкалық жетекші шығарманы ойнайды. Бір бала шығып әуеннің көңіл-күйінесайгүлдіалыпшығады.Егердебалағамузыкалықшығарматанысболса,олбалашығар маныңатауынжәнедесазгерінатайды.

%4 Әр баланың алдында үш гүл жатады. Музыкалық жетекші шығарманыойнайды,балаларәуеннің көңіл-күйінажыратып,әуенгесайгүлдіалыпшығады.Ойынқұралдары:картоннанжасалғанүшгүл(гүлдіңортасындакөңілді,көңілсізжәнеұйықтапжатқанбейненіңсуретісалынған),(гүлдерді

қорнынаүшкүнніңкөзін немесе үш бұлтты істепалуға болады), бұл суреттерәуеннің үш «көңіл-күйін»көрсетеді:жәйәуен,көңілсізәуен,көңілдіәуен.

Үшгүлдің«көңіл-күйлерін» бейнелейтінсуреттер:

%4 көңілдігүл,

%4 көңілсізгүл,

%4 ұйқыдағыгүл.

Үлестірмелі жабдықтар: әр балаға әуеннің көңіл-күйін білдіретін бір гүлденберіледі.
Педагогбалалардыңназарынөзінеаударып:

%4 Балалар, қазір біз «Үш гүл» ойынын ойнаймыз. Ойынның шарты бойыншаалдарында жатқан гүлді ойналатын әуеннің сипатына сай көрсетесіңдер.
Егер,әнніңатауыменәндішығарғансазгердібілсеңдер,орындарыңнантұрыпайтуғаболады. Педагог пен музыкалық жетекші балаларға бес-алты әнді тыңдаудыұсынады. Жақсы

ойнаған балаларға ата-аналарының келісімен алдын-аладайындалғанәрбаланыңөзотбасыбейнеленгентөсбелгілерұсынылады. **2.3.** Дауысжаттығулары

Педагог балалардың дауыстарын жаттықтырудың жаңаша тәсілін қолданумақсатында:

%4 Балалар,ұршықтыңнеекенінұмытыпқалғанжоқсыңдарма?Жүнненжіпиіретінқұра л.

%4 Балалар,ұршықтағыжіптіңдеөзінетәндыбысыбар.Естігілеріңкелеме?Иә.

%4 Олайболса,балалар,тыңдаймыз.

Педагогмикрофондыұршықтыңжібінежақындатып,жіптітартқанкезде«дың»деген дыбысестіледі. Балалардыбысты тыңдайды.

%4 Балалар,ұршықтыңжібінтартқанкездеқандайдыбысшықты?«Дың-дың».Жақсы.

%4 Кәне,бәрімізқайталайықшы«Дың-дың-дың».Жарайсыңдар!

%4 Балалар,денеміздітікұстап,орындықтыңшетінеотырамыз.Жарайсыңдар!

%4 Әндіайтуүшін,балалар,құлағымызғажаттығужасапаламыз.

%4 Кәне,бәрімізмұрынмендемалып,қолымыздағыгүлгеүрлеп,демдісыртқашығарамыз !Жар айсыңдар!

%4 Енді,балалар,меніменбіргедауысжаттығуларынжасаймыз.

-Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

-Ля-ля-ля-ля-ля-ля-ля

-Ми-ми-ми-ми-ми-ми-ми

-Ми-ми-ми-ми-ми-ми-
миЖарасыптұрсәніміз,
Ән шырқайық
бәріміз.Естігенжұрттаңқалсын,
Әдеміәншырқалсын.

%4 Тамаш

а! **2.4.**

Әнсалу

%4 Балалар,ата-аналарыңдыжақсыкөресіңдерме?Иә.

%4 Олайболса,ата-анатуралыәндіайтып,үйреніпалайық.БотаБейсенованыңәні«Ат а-ананытыңдаймыз».

Әнді хормінбесінешығып, үнтаспағақосылыпайтады.Шумағын - жекедауыста,қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Музыкалық жетекші әнгедирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап,бірге аяқтауларынқадағалайды.

%4 Балалар,тамаша,әндіжақсыайтыпжатырсыңдар!Жарайсыңдар!

Педагогбалаларғаәнүйретудіжалғастыраотырып,«Ақылдытақтадағы»әнніңырғақтықсурет інкөрсететінүлкен,кішішиелергеқарап,әнніңырғағындәлсақтап,алақансоғыпжаттықтырад ы.

%4 Балалар,тамашаәнімізгеқосылуға«әншібұлбұлдар»дакелді.

Балаларға бұлбұлдармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыкалықжетекшіайтылыпжатқанәннің үшшумағынүштопқаайтқызып,қай ырмасын барлық топ қосылып орындаудыүйретеді.

2.5. «Сылдырмақ»музыкалық-дидактикалықойыны.

Мақсаты.Аспаптыңүнінестуарқылытабудыүйрету.

Ойыншарты:музыкалықжетекшібөлменіңішіндесылдырмақтысылдырлатадыда, бір жерге тығып қояды. Балалар сылдырмақтың үнін естіп, тауып алуларыкерек.

%4 Балалар,қазір«Сылдырмақ»әніойналады,сендерсолсылдырмақтыңқайжердеекенінта уыпалуларыңкерек.
МузыкалықжетекшіЕ.Хасанғалиевтің«Сылдырмақ»әнінқосады,соләнніңәуеніменбалаларсыл дырмақтыіздейді.Тапқанбалажеңімпазатанады.
%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагогбалалардыңбүгінгіалғанбілімдерінпысықтаумақсатында: -

Балалар,бүгінұйымдастырылғаніс-әрекетінқандайәнтыңдадық? -

К.Қуатбаевтың«Ақәжем»әнін.

- Әжелердіңболғаныжақсығой,балалар,солайма?Иә!

- Балалар,бүгінқандайәнайтудыүйрендік?БотаБейсенованың«Ата-ананытыңдаймыз»әнін.

%4 Алотбасыныңболғаны-үлкенбақыт!

%4 Отбасымызбақыттыболуыүшін,бізбір-біріміздіренжітпей,құрметтеуімізкерек.

%4 Бәрекелді,балалар,бүгінгіоқуқызметіндежақсыбелсенділіккөрсеттіңдер,рақмет,бәрі не!

%4 Балалар,ойындыдажақсыойнадыңдар.Балал арризаболыпқалады.

%4 Балалар,оқуқызметіаяқталды,сауболыңдар!

Музыка: Жау, жау, жаңбыр

Күні 19.09

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуге үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. Сөздік жұмыс

"Жау, жау, жаңбыр!", "Табиғат әлемі", "Қыдырамыз, билейміз!", "Тамшылар", "Там, там дейді, ақ жаңбыр", "Керемет!", "Жарайсыңдар!" сөздерін пайдалану. Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан табиғатта жаңбырдың пайда болуы және жауғаны туралы көрініс көрсету, "Жаңбыр" дидактикалық ойыны, "Тышқандар" ойыны.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, даңғара (бубен), кішкентай шелек, алты орташа құрсау, ойыншық қоян, басқа да жаңа ойыншықтар, кемпірқосақ бейнеленген таңбалауыштар.

Үлестірме материалдар:

Кемпірқосақ бейнеленген таңбалауыштар, бала санына қарай даңғаралар. Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. – Балалар, сендер жаңбырдың жауғанын жақсы көресіңдер ме? Міне, жарайсыңдар! Жаңбырдың қалай пайда болатынын білесіңдер ме? Керемет, жарайсыңдар!

Педагог интербелсенді тақтадан табиғат және жаңбырдың пайда болып жауғаны туралы көрініс көрсетеді.

- Балалар, тақтаға қарап, жаңбырдың қалай пайда болатынын бақылайықшы! Алдымен күн райы бұзыла бастайды, яғни күннің көзін бұлт басады, бұлт қоюланып, бұйра бола бастаған кезде, жаңбыр ақырын тамшылап жауа бастайды, жаңбырдың дыбысын естідіңдер ме? Қатты жауып барып, қайтадан ақырындап жауып, тоқтайды. Балалар, күн шыға бастағанда екінші жақтан не пайда болды?
- Кемпірқосақ.
- Балалар, кемпірқосақтың шыққан бейнесі қандай әдемі? Жаңбыр қалай жауады екен? "Там-там" дейді екен. Жаңбырдың қалай пайда болатынын көрдіңдер, балалар! Енді, балалар, менімен бірге тақпақты және қимылды қайталаймыз:
- Жау, жау, жаңбыр, жау, жаңбыр (балалар жұдырықтарын бір ашып, бір жұмады),
- Ақ шелекке құй, жаңбыр (балалар қолдарын жоғары көтереді).
- Шелегімді берейін (балалар қолдарын жанына жібереді),
- Жаңбырыңнан бер, жаңбыр (балалар алақандарын жоғары жаяды). Балалар педагогпен бірге сөз бен қимылдарды қайталап отырады.

Б. Бейсенованың " Жау, жаңбыр" әні естіліп, музыкалық жетекші бір қолында су толы кішкентай шелек пен даңғара, екінші қолында су болып қалған ойыншық қоянмен кіріп келеді:

- Балалар, қараңдаршы, менімен бірге қонаққа ойыншық қоян келді! Өзі жаңбырдың астында қалып, су болып қалса да жаңбыр суын шелегімен ала келіпті және қолында даңғарасы бар. Амандасайық, балалар. Сәлеметсіз бе! Қоян сендермен бірге "Жау, жаңбыр" әнін естігісі келеді. Кәне, балалар, бәріңде даңғара бар ма? Әнді тыңдап отырып, даңғараны бірге ұрайық! Қандай керемет ән, тыңдаңдаршы, балалар! Ненің дыбысын естіп тұрсыңдар? Жаңбырдың.

Жаңбырдың тамшысымен бірге даңғараны ұрайықшы. Бум, бум, бум! Балалар, даңғараны

ұрамыз! Керемет, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Педагог залдағы орындықтарда отырған ойыншықтарға қарап:

- Балалар, қараңдаршы, қандай ойыншықтар? Бәрі де жап-жаңа. Кім әкеліп қойды екен? Бұл ойыншықтар бізге не үшін келді екен! Балалар, ойыншықтар бізге келіп қалған екен, оларға арнап "Ойыншықтар" әнін айтып берейікші!

Алдыңғы оқу қызметінде осы әнді үйренгенбіз, сендерге ұнады ма, балалар? Сол әнді айтып көрейікші, балалар! Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз, тақтаға қарап отырып, әнді айтамыз

- Біздерде бар, қуыршақ, Ойыншықтар ойнайды, Бұзау,
қозы, құлыншақ. Айтқаныңды тыңдайды.
Ойыншықтар ойнайды, Тыңдамаса ұрысқа, Емес олар
ұрыншақ. Тұрғызамыз бұрышқа.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап отырып, тағы да қайталап айтайықшы! Керемет! Біздің ойыншықтарымыз көп, балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар

қабылдағанша айтқызады. Жаңа ойыншықтармен танысуға уақыт береді.

2.2. "Жаңбыр" дидактикалық ойыны.

- Балалар, қазіргі ойын "Жаңбыр" деп аталады. Екі топқа бөлінесіңдер. Екі топтың алдында бірдей суреттер бар. Алдында интербелсенді тақтадан жаңбырдың қалай жауатынын көрдіңдер. Енді, еденде жатқан суреттерден тауып, жаңбырдың қалай жауатыны туралы суреттерін рет ретімен орналастырыңдар. Мен сендердің ілген суреттеріңе қарап бағалаймын.

Педагог орналастырылған суреттерді тексеріп, дұрыс тапқан балалардың тобын мақтайды. Топтың балалары қателескен жағдайда педагог интербелсенді тақтадан жаңбырдың пайда болуы себептерін тағы да пысықтайды. Жақсы ойнаған топтың балаларына кемпірқосақ бейнесі салынған таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, портфолиоларыңды ашып, таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог:

- Балалар, алдымен кең, әдемі шеңбер жасап алайық, музыка басталғанда менімен ілесе жүріп, адым қимылдарын жасауға дайындаламыз.

Музыкалық жетекші Е. Макшанцеваның "Марш" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, бірінің артынан бірін жеңіл адыммен жүргізіп, арасында музыка сипатына қарай шашыраңқы жүріспен жүру керектігін көрсетеді. Балалар жүргенде аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде қарапайым адыммен сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық
жетекші өзі көш бастап, көрсетіп жүреді. Арасында балалардың өздеріне адымдатады. Әсіресе, аяқ, қол үйлесімділігін музыка сипатына сай сәйкестендіру маңызды екендігін

ескертеді.

2.4. Педагог:

- Балалар, кәне, маған қарай тез келіп, әдемі шеңбер жасап беріңдерші! Жарайсыңдар!

Енді, мені тыңдаймыз. Музыкалық жетекші М. Раухвергердің «Қыдырамыз, билейміз» шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақтық қимылдарды жасауды үйретеді.

Балалар шеңбер бойымен еркін жүріп, өздерінің қалаған бағыты мен орнында қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, денелерін қозғалтады, айналады, жеңіл секіреді. Арасында жаңа ойыншықтарды қолдарына алып, билейді. Музыкалық жетекшінің көрсетуімен балалар ерікті қимылдарды орындайды. Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақты қимылдармен үйлесімді болуы тиіс. Билегенде балалардың жүздерінен жадыраған, көтеріңкі көңіл-күй білінуі керек.

2.5. "Тышқандар" ойыны.

Педагог:

%4 Балаларкірпіңбейнебаяндағыкөрінісінеқызығақарайды.

%4 Балалар,мынауқайаң?Кірпі.

%4 Кірпісүйкімдіме?Иә.

%4 Қандайкүйтыңдадық?«Ақсаққұлан»күйінтыңдадық.

%4 Сендеркандайәнүйрендіңдер?«Кірпі»әнін.

%4 Кәне, балалар,әнді тағыбір қайталапжіберейікші! Жарайсыңдар!

%4 Балалар,бүгінгіоқуқызметінебәріңжақсықатыстыңдар!Бәрітамашаболды,балалар!

%4 Оқуқызметіаяқталды,сауболыңдар!

-

Музыка: Аңдардан нені үйренеміз?

Күні 16.11

Оқу қызметінің мақсаты
Кірпі туралы әнге балалардың қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауысқа арналған жаттығуларды орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысын және ырғақты қимылдарды музыкамен үйлесімді орындауға жаттықтыруды пысықтау.
Сөздік жұмыс
«Жабайы табиғат әлемі», «Түлкі мен қаздар», «Ақсақ құлан», «кірпі» сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау,

портфолио, бейнебаян көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, жабайы табиғат әлеміндегі аңдардың суреттері, қатты картоннан істелінген сағат, дидактикалық ойын топтамасы, түрлі-түсті картоннан жасалған моншақтар, портфолио, кірпі бейнеленген таңбалауыштар, сәбіздердің нақпішіні, аңшы қаруы.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Кірпі бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Сәлемдесу Оқу қызметі басталысымен Е. Тиличееваның «Марш» атты шығармасының әуеніне
балалар залға қатар түзеп, адымдап кіреді.
Педагог:
- Балалар, денені түзу, басты жоғары көтеріп, тік ұстаймыз. Тізені жоғары көтеріп адымдаймыз. Жүріп келе жатқанда арақашықтықты сақтаймыз. Міне, жарайсыңдар! Балалар адымдап жүріп, залдың ортасына келіп тұрады. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бізді орман тұрғындары қонаққа шақырып жатыр. Сендердің әндеріңді естіп, бірге ойын ойнағылары келетіндері жайлы айтты.
- Ендеше, барамыз ба?
Балалардың жауаптары.
Педагог интербелсенді тақтадан ормандағы тіршілікті көрсетеді. Кірпі:

- Менің атым - Кірпі
Тоным үрпі-түрпі.
Бұл тонымнан кейде Қашады
аңдар үркіп-үркіп. Жеймін десе
жұлқып, Қаламын тоңды қымтап.

Арландар да сонда
Алады аузын жыртып.
- Біздің алдымыздан кірпі шығып, орман тұрғындарымен дос болуға шақырады.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші:
Балалар, тақтаға қарайықшы?!

%4 Тақтадан не көріп тұрсыңдар, балалар? Түлкі мен қазды. Жақсы.

%4 Түлкі мен қаз не істеп тұр? Құшақтасып тұр.

%4 Балалар, бүгін түлкі мен қаздар туралы әуенге ырғақты қимылдар жасауды үйренеміз. Музыка басталмай тұрып, түлкі мен қаздың қимылдарын орнымызда жасап, жаттығып алайық.

%4 Кәне, бәріміз жұптасамыз. Бір түлкі және бір қаз болып тұра қалайық.

%4 Балалар, суреттегі түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстаймыз. Жарайсыңдар! Бәріміз бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтауға үйренеміз. Балалар К. Қуатбаевтың «Түлкі мен қаздар» шығармасына музыкалық-ырғақты қимылдарды жасауға жаттығады. Педагог музыканың сыр-сипатына сай, вальс биінің қарапайым қимылдарын жасауды балаларға үйретіп, қимыл мен музыканың үйлесімділігін сақтауларын бақылайды. Балалар екі жұптан орындарында тұрып айналады. Орындарында тұрып екі жағына кезек-кезек тербелу қимылдарны жасайды. Шеңбер бойымен екеуден қол ұстасып жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым «галоп» қимылдарын жасап,

орындарында тұрып жеңіл айналады. Орындарында тұрып қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, бір орында айналады. Соңында тағы да шеңбер бойымен жүріп, сол қолдарын жоғары көтереді, аяқтарымен қарапайым «галоп» қимылдарын жасап, орындарында тұрып жеңіл айналып биді аяқтайды.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

%4 Балалар, біз құлан туралы күйді қосып көрейік. Мүмкін, құлан бізді тез тауып келер. Ендеше, «Ақсақ құлан» күйін тыңдайық.

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз

Музыкалық жетекші балаларға қазақ халқының «Ақсақ құлан» күйін балалар күйді қабылдағанша тыңдатады.

Педагог әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, күй қандай аспапта орындалған? Домбырада. Тамаша!

%4 Күй не туралы? Ақсақ құлан туралы. Жарайсыңдар!

%4 Балалар, бұл күйді кім шығарғанын білесіңдер ме?

Балалар үндемей қалады.

%4 Балалар, «Ақсақ құлан» халық күйі, сондықтан халық арасынан шыққан күй деп айтамыз.

%4 Енді, балалар, «Ақсақ құлан» күйін тағы да тыңдаймыз!

Музыкалық жетекші балаларға күйді тыңдата отырып, күйдің сыр-сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

%4 Балалар, біз бүгін қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.

%4 Күйді шығарған кім? Халық.

%4 Күй қандай аспапта орындалады? Домбырада.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Аңшы мен қояндар» ойыны

%4 Балалар, орман қояндары бізбен бірге ойын ойнағылары келеді екен.

Ойын шарты: бір-бір сәбіз ұстаған қояндар музыка әуеніне жерге жатып аунап, аяқтарын тыпырлатады немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып. «Пух - Пух» деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан-жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отырады немесе жата қалады. Қозғалған қоян айыпты болады. Ән салып не би билеп айыбын өтейді.

2.3. Дауысқа арналған жаттығулар

Музыкалық жетекші дауысты жаттықтырудың алдында балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып алады.

%4 Балалар, дауысқа арналған жаттығуларды менімен бірге қайталаймыз.

Алдымен аралар болайық:

Аралар
Арамыз, біз арамыз, Әнге
салып барамыз. Жу-жу-жу-
жу-жу-жу. Қызыл, жасыл
гүлдерден, Балды сорып
аламыз. Жу-жу-жу-жу-жу-
жу.

%4 Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз. Жарайсыңдар!

%4 Балалар, ән айту үшін құлағымызға жаттығу жасаймыз.

%4 Кәне, бәріміз мұрынмен дем алып, сол деммен қолымыздағы гүлді үрлеу арқылы сыртқа шығарып үрлейміз. Жарайсыңдар!

%4 Енді, балалар, менімен бірге дауысқа арналған жаттығуларын жасаймыз.

%4 Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
%4 Ля - ля - ля - ля - ля - ля - ля
%4 Ми - ми - ми - ми - ми - ми - ми
%4 Ми - ми - ми - ми - ми - ми -
ми Жарасып тұр сәніміз, Ән
шырқайық бәріміз. Естіген жұрт
таң қалсын,
Әдемі ән шырқалсын. Тамаша!

2.4. Ән салу

Қ. Шілдебаев «Кірпі» әні.
(әні: Қ. Шілдебаев).

%4 Балалар, алдыңғы оқу қызметінде қандай әнді үйрендік?
%4 Иә, дұрыс айтасыңдар, кірпі әнін үйрендік. Ендеше, кірпіге арналған әнімізді айтып берсек қалай болады екен.
%4 Қ. Шілдебаевтың әні «Кірпі». Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс аламыз. Ән айтуға дайындаламыз. Алдымен, балалар, әнді мұқият тыңдап алайық Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындайды. Музыка жетекшісі әнге дирижер болады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!
Ән үйренуді жалғастырады. Музыкалық жетекші әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соқтырып жаттықтырады.
%4 Балалар, тамаша! Әнімізді тағы да қайталайық.
Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызады, қайырмасын барлық топ бірге қосылып орындауды үйретеді.
Кәне, балалар, шапалақтап отырып сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!
%4 Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз. Жарайсыңдар!
Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатады. Балалар қабылдағанша айтқызады.
Музыкалық жетекші тақтадағы аудиожазбаға қосылып балалармен бірге айтады.

2.5. «Әнді орналастыру» музыкалық-дидактикалық ойындар

Ойын шарты: музыкалық үйшікте әндерге сәйкес суреттер бар. Балалар күйсандықта берілген әуенді тыңдайды. Дұрыс шешімін тауып, керекті әннің карточкасын апарып салады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында:

%4 Балалар, сендерге оқу қызметі ұнады
ма? Балалардың жауаптары.
%4 Бүгін бізді қонаққа кім шақырды? Орман қояндары.
%4 Қандай күй тыңдадық? «Ақсақ құлан» күйін.
%4 Күйді қандай аспаппен ойнайды?
%4 Домбыра аспабымен.
%4 Жарайсыңдар, балалар!
%4 Сендер қандай ән үйрендіңдер? «Кірпі» әнін.
%4 Балалар, оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар! Рақмет!
%4 Бүгінгі оқу қызметі аяқталды. Сау болыңдар!

Музыка: Қорқақ қоян

Күні 21.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету;
ырғақты қимылдарды музыкамен сәйкестендіре орындауға үйрету; жабайы табиғат әлемі туралы ұғым беру. Балалардың жаңа әнге деген қызығушылығы мен әуестенушілігін арттыру; әннің сөздік мазмұнын жатқа айта білуге үйрету; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін мен ырғақты сезіне білу қабілетіндамыту; әнді орындау кезінде дұрыс тыныс алу техникасына жаттықтыру; ырғақты қимылдар мен би элементтерін музыкамен сәйкестендіре жасауға үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру. Сөздік жұмыс

"Қоңыр аю қорбаңбай", "Қорқақ қояндар", "Жабайы табиғат әлемі", "Жұппен айналу", "Керемет!", "Жарайсың!" сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан жабайы табиғат әлеміндегі аю мен қояндар туралы үзінді көрсету, "Аюды құрастыр?" дидактикалық ойыны, "Қорқақ қоян" ойыны.
Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қашықтықтан басқарылатын ойыншық аю, жабайы аңдар бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР Жабайы аңдар бейнеленген таңбалауыштар. Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыка жетекшісі көңілді әуен қосады, балалар қатармен шеңбер жасапмузыка залына кіреді.

1.2. Ән "Көңілді күн"

Балалар жарты шеңбер құрады. Педагог пианино сүйемелдеуімен амандасады.Сә-ле-мет-сің-дер-ме!

%4 Сә-ле-мет-сіз-бе!

%4 Балалар, мына қорапты қараңдаршы, мына қорапта бірдене бар сияқты, білдім,білдім

бұны сайқымазақ ұмытып кеткен болар, сайқымазақтың қорабына ұқсайды екен.

%4 Ендеше, барлығымыз "Ахалай, махалай" деп айтайық.

Педагог қорапты шайқайды, бір жағына ашқанда қораптың іші бос болады, алекінші жағын ашқанда қораптан қоян шығады.

Мәссаған бұл сиқырлы қорап екен, бұны қалай сайқымазақ ұмытып жүр.

1.3. ~~Аудиозапись - стук в дверь~~

%4 Балалар, біреу есікті қағып тұрған секілді, тыңдандаршы.

Балалар, мұқият тыңдайды.

%4 Бәлкім бұл сайқымазақ болар. Мен есікті ашайын.

Педагог сырттан сайқымазақ ойыншығын алып кіреді.

%4 Иә, дәл өзі екен. Сайқымазақ сендерге сиқыр көрсетуге келіпті.

%4 Ендеше, бәріміз тамашалайық. Педагог Т.

Ломованың «Қояндар» әуенін ~~**Ән "Қоян"**~~

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады?
- Қояндар туралы.
- Балалар, қояндар қалай секіреді екен?
- Балалар қолдарымен қимыл жасай отырып, қоянның қалай секіретінін көрсетеді.
- Тамаша, балалар!

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. - Балалар, сендерге қоян ойыншықтарын алып келіпті, ойыншықтар әнін үйреніп алсақ қайтеді.

Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,денемізді еркін ұстаймыз.

С. Сапарбайдың «Ойыншықтар» әні.

~~Ән "ойыншықтар"~~

- Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар ойнайды,
Емес олар ұрыншақ.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы!

2.2. «Аңшы мен қояндар» дидактикалық ойыны.

Ойын шарты: Бір - бір сәбіз ұстаған қояндар музыкамен жерге жатып аунап, аяқтарын тыпырлатып немесе би қимылдарын жасап секіреді. Сәбіз ұрлап жатқан қояндарды аңшы көріп қалып. "Пух!","Пух" - деп атады. Қояндар орындарынан тұрып, жан - жаққа қашады. Музыка тоқтағанда тырп етпей отыра, не жата қалады.

Қозғалған қоян айыпты болып, ән немесе би билейді.

2.3. Педагог:

- Балалар, орнымызда тұрып, ақырын айналамыз. Қазір музыка әуенімен біргежүреміз. Музыкалық жетекші Е. Арненің «Адыммен айналу» шығармасының әуеніне балаларға бірінің артынан бірі жеңіл адыммен жүру керектігін көрсетеді.

~~Ән "Адыммен айналу"~~

Адыммен айналғанда балалар аяқ-қол үйлесімділігін сақтап, денелерін түзу, еркін ұстаулары қажет. Жүргенде адымды сол аяқпен бастап, 3-қадамға келгенде сол аяқпен аяқтау керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап, көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарындатұрып, адымдайды. Марш адымы жеңіл, көтеріңкі көңіл-күймен орындалады.

2.4. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, қазір қойылатын әуеннің ырғағына жұппен билеудің қимылдарын үйренеміз. Әуен басталмас бұрын жұппен билеу элементтерін қайталап алайық. Музыкалық жетекші балаларды жұппен тұрғызып,

Ән музыка сипатына сай жұптық қимылдарды жасауды үйретеді. Ұл балалар қолдарымен қыз балаларды биге шақырып, иіліп тағзым жасайды. Ұл балалар қолдарымен қыз балалардың белдерінен ұстап, педагогпен бірге жұппен айналуадымдарын жасайды. Ұл балалар орындарында тұрады, қыз балалар өзі тұрғанорнын айналып, шағын шеңбер бойымен жұп адымын жасайды. Жұптар шеңбербойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, түсіреді, орындарында тұрып, жеңілсекіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек айналдырып, қолдарын жанына созады. Аяқтарымен сол жанына, орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар мен музыка үйлесімділігі музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. «Сылдырмақтар» М.Раухвергер

Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады,сылдырмақты оң қолдарында ұстайды.Қоян – шеңбердің ортасында.Музыка сүйемелдеуімен барлығы сылдырмақта ойнайды,екі аяқпен секіреді.Музыка аяқталуымен балалар сылдырмақтарын тығады,қоян сылдырмақтарды іздейді.Ойын осылай жалғасады.Келесі жолы қонаққа қуыршақ келеді, ол балаларға орамал таратып,ойнауға ұсынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

- Балалар, оқу қызметі аяқталғанша қорбаңбай аюдың қонжықтарының қарындары ашып қалыпты ғой, іздеп жатыр екен. Қоңыр аю қорбаңбай бізбенқоштасқысы келеді. Онда қорбаңбай аюға не дейміз, балалар? Сау болыңыз!
- Бүгін бізге қандай қонақ келді, балалар?
- Аю.
- Аю сендерге нені сыйға тартты?
- Ән.

- Қандай ән?

- «Қояндар» әнін.

- Сендер қандай ән үйрендіңдер?

- «Қоңыр аю қорбаңбай» әнін.

- Кәне, балалар, әнді тағы бір қайталап жіберейікші! Жарайсыңдар!

- Балалар, бүгін оқу қызметінде бәрің жақсы қатыстыңдар! Бәрі тамаша болды, балалар!

Оқу қызметі осымен аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Қоңыраулар сыңғыры

Күні 23.11

Оқу қызметінің мақсаты

Нәзік сырлы, классикалық музыкаға балалардың ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалықжетекшіге ілесіп ән айту қабілетін жетілдіру; музыка мен қимылдағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс

«Ғажайыптар әлемінде», «Адыммен айналамыз», «Қоңыраулар үні», «Кел,билейік» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 **КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР**

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қатты картоннан жасалған үш кит, музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және төртке бөлінген түрлі-түсті үш карта және балаларғаарналған музыкалық аспаптар, керме, қоңырау бейнеленген таңбалауыштар.

%4 **ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**

Қоңырау бейнеленген таңбалауыштар.

Оқу қызметінің барысы

%4 **КІРІСПЕ**

БӨЛІМ Сәлемдесу

Музыкалық жетекші Е. Арненің «Адыммен айналу» атты шығармасын қосып,балаларды залға кіргізеді. Балалар педагогтің айтуы бойынша денелерін тік

ұстап, тізелерін жоғары көтеріп, салтанатты адыммен айнала жүріп, залдың ортасына келіп тоқтайды.

Педагог:

%4 Балалар, сендер «Ғажайыптар әлемінің» не екенін білесіңдер ме? Иә.

%4 Қайдан білесіңдер? Балабақшадан. Міне, жарайсыңдар!

%4 «Ғажайыптар әлемі» дегеніміз не? Ғажайыптарымен таңғалдыратын кейіпкерлер әлемі. Жарайсыңдар, балалар!

%4 Олай болса, балалар, сол ғажайыптар әлеміне ризашылығымызды білдірейікші! Ғажайыптар әлемі (балалар қолдарын жанына жібереді),

Неткен ғажап, әдемі! (балалар қол білезіктерін айналдырады).Сондай ғажап әлемге (балалар қолдарын жоғары көтереді).

%4 Рақмет! Рақмет! Рақмет (балалар қолдарын жанына жібереді)!

Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

%4 Бәрекелді, балалар!

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, алдыңғы оқу әрекетінде біз К. Қуатбаевтың «Түлкі мен қаздар» атты шығармасындағы түлкі мен қаз сияқты қалыпты ұстап, жұппен билеудің қимылдарын үйренгенбіз. Бүгін де жұппен билеу қимылдарын үйренеміз.

Алдымен, әуен басталмас бұрын жұппен билеу элементтерін қайталап алайық.

Музыкалық жетекші балаларды жұппен тұрғызып, «Күн мен түн» халық әуенінің (Аудиозапись народной мелодий "День и ночь", минусовка) сипатына сай жұптық қимылдарды жасауды үйретеді. Ұл балалар «түн» болып, қолдарымен қыз балаларды биге шақырады. Иіліп құрмет білдіреді. Ұл балалар қолдарымен қыз балалардың белдерінен ұстап, педагогпен бірге жұппен айналу адымдарын жасайды. Ұл балалар орындарында тұрады, қыз балалар «күн» болып, өзі тұрғанорнын айналып, шағын шеңбер бойымен жұп адымын жасайды. Жұптар шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, төмен түсіреді, орындарында

тұрып жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, қолдарын оң жаққа, сол жаққа кезек- кезек айналдырып жанына созады. Аяқтарымен сол жағына, орнына, оң жағына,орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар мен музыка үйлесімділігі музыкалықжетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

Музыкалық жетекші балалардың қимыл мен әуенді қабылдау және үйлесімді орындауларына көңіл бөледі.

%4 НЕГІЗГІ

БӨЛІМ Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балалардың назарын тақтаға аударады:

%4 Балалар, тақтадан нені көріп тұрсыңдар?

%4 Гүлді. Жақсы!

%4 Балалар, қандай гүл?

Балалар ойланып қалады. Балалардың ойлануына мүмкіндік бере отырып,педагог балаларға тағы да сурет көруді ұсынады:

%4 Балалар, енді мына суретке назар аударайықшы?!

Балалар суретке қарап, қоңырау екендігін айтады.

Педагог суретке қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, екі суретке тағы да қараңдаршы, екі сурет бір-біріне ұқсай ма?

Ұқсайды. Дұрыс.

%4 Балалар, гүл мен қоңырау бір-біріне ұқсаса, гүл қалай аталады деп ойлайсыңдар?

Балалар ойланып қалады.

%4 Балалар, екі суреттің түстері ғана әртүрлі, аталуы бірдей.

Балалар жарыса жауап береді.

%4 Қоңырау! Қоңырау!

%4 Әрине, балалар, бұл гүл далада өсетін жабайы қоңыраугүл.

%4 Балалар, осы қоңыраулар туралы әдемі музыка бар, сол музыканы естіп көрейікші?

Шығарма «Қоңыраулар сыңғыры» деп аталады. Шығарманың авторыавстриялық

композитор Вольфганг Моцарт.

%4 Балалар, бәріміз композитордың аты-жөнін қайталайықшы. Вольфганг Моцарт. Тамаша!

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

Музыкалық жетекші балаларға В. Моцарттың «Қоңыраулар сыңғыры»шығармасын тыңдатады. Педагог әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, музыка қандай аспапта орындалған? Күйсандықта. Тамаша!

%4 Музыка не туралы? Қоңыраулардың сыңғыры туралы. Жарайсыңдар!

%4 Балалар, бұл музыканы кім шығарғанын білесіңдер ме?

Балалар үндемей қалады.

%4 Балалар, бұл әуенді австриялық композитор Вольфганг Моцарттың жазған. Қайталаймыз, жарайсыңдар!

%4 Енді, балалар, «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын тағы да тыңдаймыз! Музыкалық жетекші балаларға шығарманы тыңдата отырып, шығарманың сыр-сипаты мен мағынасын түсіндіреді.

%4 Балалар, біз бүгін қандай музыка тыңдадық? «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасын.

%4 Шығарманың авторы кім? Вольфганг Моцарт. Тамаша!

%4 Музыка қандай аспапта орындалады? Күйсандықта.

%4 Керемет, балалар!

«Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімінбекіту.
Ойын жабдығы: қатты картоннан жасалған үш кит.

Ойынның барысы: балалар үш шеңбер (үш топ) жасап тұрады. Әр топтың ортасында қолына «кит» ұстаған бала тұрады. «Марш» әуені ойнағанда, шеңберде тұрған балалар бір орында адымдайды. Ал «полька» әуені ойнағанда, балалар «полька» биін билейді, «Достық» әні ойнағанда, шеңбердегі балалар әндетеді. Музыкалық жетекші музыкалық материалды өз қалауына және тақырыпты бекіту қажеттілігіне қарай таңдайды. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындаса, сол топ жеңеді. Жақсы ойнаған топтың балаларына қоңырау бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.
Педагог:

%4 Балалар, осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма? Таңбалауыштарыңды сол портфолиоге салуды ұмытпаңдар.

Дауысқа арналған жаттығулары

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

%4 Балалар, орманда бір сарышұнақ келе жатып гүлді кездестіреді. Оның гүлге қызыққаны сондай, қасына барып мұрнымен ұзақ иіскейді.

%4 Балалар суретке қарайықшы?!

%4 Балалар, сарышұнақ сияқты гүлді иіскейміз. Енді, тілдің ұшын тістеп, тілді оңжәне сол жақ тістермен кезек басамыз, тілді таңдайға тигіземіз, тілді алға созамыз, тіл астын көрсетеміз. Жарайсыңдар!

%4 Енді, балалар, сарышұнақ иіскеген гүл де қоңырауға ұқсайды, солай ма? Бірақ, суреттегі қоңыраугүл емес.

%4 Балалар, менімен бірге қайталаймыз. Қоңыраулар «дин» дейді, Сыңғырлайды, «дин» дейді, Сыңғырлайды қоңырау, «Дин-дин-дин» дейді қоңырау.

%4 Тамаша, әрі қарай жалғастырамыз. Ахау, егигай, Ән сал, бозторғай, Біз әніңді үйреніп, Күнде ән сап жүрейік.

%4 Тамаша!

%4 Балалар, енді бәріміз, ара болайықшы?! Аралар, Арамыз, біз арамыз, Әнге салып барамыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

Қызыл, жасыл гүлдерден, Балды сорып аламыз. Жу-жу-жу-жу-жу-жу.

%4 Жарайсыңдар!

Ән салу

Ән айтудың алдында музыкалық жетекші балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында сурет көрсетеді.

%4 Балалар, тақтадан не көріп отырсыңдар? Балаларды. Дұрыс.

%4 Балалар не істеп жатыр? Билер жатыр. Тамаша!

%4 Балалар, қараңдаршы, барлық әлем балалары жерді айналып билеп жатыр. Иә.Балалар да қызыға қарайды.

%4 Балалар, олар үнемі көңілді болуы үшін «Кел, билейік» әні бар. Сол әнді үйреніп алайық, содан кейін біз де билейміз!

%4 Балалар, қазір Б. Байқадамовтың «Кел, билейік» әнін айтамыз. Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныстап, ән айтуға дайындаламыз. Алдыменәнді мұқият тыңдап алайық.

(Аудиозапись. Песня Б. Байкадамова "Давай, потанцуем!")

%4 Балалар, әнді ақырын менімен бірге қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз.

Музыкалық жетекші балалармен бірге ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, әннің шумағын - жекедауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Музыкалық жетекші дирижерлық қызмет көрсетеді. Музыкалық жетекші балалардың әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. Музыкалық жетекші әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша! Әнімізді тағы да қайталайық.

Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызады, қайырмасынбарлық топ бірге қосылып орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақ соғып сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

%4 Балалар, әнді бәріміз қосылып айтамыз, жарайсыңдар!

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатады. Балалар әнді қабылдағаншаайтқызады. Соңында музыкалық жетекші тақтадағы аудиожазбаға қосылып, балалармен бірге ән айтуды аяқтайды.

%4 Енді, балалар, бәріміз орнымыздан тұрамыз. Би қимылдарын еркін орындап отырып, әнді бірге айтамыз.

«Өз аспабыңды тап» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: аспаптардың дыбысын ажырата білуді балаларға үйрету.Ойын жабдығы: музыкалық аспаптардың суреттері бейнеленген түссіз карточкалар және төртке бөлінген түрлі-түсті үш карта, балаларға арналғанмузыкалық аспаптар, керме.
Ойынның барысы: жүргізуші керменің артындағы аспаптардың жанына төрткебөлінген түрлі-түсті картаны қояды, ал түссіз картаны ойнайтын балаларға

таратып береді. Ойынға бір жүргізуші, екі бала қажет. Балаларға аспаптардың дауысын тағы да бір рет тыңдатып, ән айта бастайды. Ойын осылай басталады.Жүргізуші суреттің бір бөлігін көтеріп, сол аспапта ойнап тұрып:

%4 Мен қандай аспапта ойнадым? - деп сұрайды.

Дұрыс жауап берген балаға түсті картаның бір бөлігі беріліп, ол карта түссізкартаның үстіне қойылады. Ойын карта жабылғанша жалғаса береді.

%4 ҚОРЫТЫНД

Ы Педагог:

%4 Балалар, «Ғажайыптар әлемі» қандай керемет! Ән де айтасың, би де билейсің, солай ма, балалар? Иә.

%4 Балалар, біз қандай шығармамен таныстық? «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасымен.

%4 Қандай ән айттық? «Кел, билейік» әнін.

%4 Балалар, сарышұнақтың гүлді иіскеуі де ғажап емес пе? Иә.

%4 Бүгін оқу әрекетінде бәрі ғажап, әдемі болды!

%4 Балалар, бүгін оқу әрекетіне бәрің жақсы қатыстыңдар.

%4 Керемет! Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

Музыка: Қыс әні

Күні 28.11

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың қыс туралы әннің сыр-сипатын түсініп, ажырата білу қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетІн қалыптастыру; қоңырау аспабында шығарма мазмұнынасай ойнай білу дағдысын жетілдіру.

Сөздік жұмыс

«Алақай, қыс келді!»,«Қыс әні», «Қысқы би», «Қысқы қоңыраулар үні»,

«Тамаша!», «Бәрекелді!» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, көрініс көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қоңыраулараспабы,

әндегі ырғақтың суретін көрсететін үлкен және кіші қаршалар картотекасы, «Әнші торғайлар» макеті, қыс кезеңі бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қыс кезеңі бейнеленген таңбалауыштар, әр балаға арналған қоңырау аспаптары.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ

БӨЛІМ Релаксация

«Қысқы ғажайыптар».

Педагог оқу қызметінің алдында Е. Тиличееваның «Марш»

шығармасына салтанатты адымдар жасатып балаларды залға кіргізеді. Педагог балалардың музыка әуенімен жасаған адымдарына қарап:

%4 Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз. Жарайсыңдар!Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады). Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Қимылдарды менімен бірге ілесе орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.
Педагог:

%4 Орнымызда тұрып, музыка әуенімен қолымызды шынтақ тұсынан бүгіп, бірге қозғаймыз және қол білезіктерін айналдырамыз. Тамаша!

%4 Енді, орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтағықпен бірге қозғаймыз. Жарайсыңдар!

%4 Орнымыздан оң жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап айналамыз.

%4 Енді орнымыздан сол жақ иығымызға бұрылып, нәзік қимыл жасап айналамыз.

%4 Ақырындап кілемге отырамыз, екі тіземізді көтеріп, қолымызды бүгеміз. Тіземіздің үстіне қойып, иегімізге саусағымызды тіреймiз, бір-бірімізге қарап күлімсіреймiз. Жарайсыңдар!
Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

%4 Балалар, тамаша болды, рақмет!

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың назарын аудару мақсатында қолымен шапалақтайды:

%4 Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасына би элементтерін үйренуді әрі қарай жалғастырамыз.
(Аудиозапись песни М.Старокадомского "Зимняя пляска").

Музыкалық жетекші М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасыныңәуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай
ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да, шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұптарға бірігіп, орындарында тұрады. Өзі тұрған орнын

айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап айналады. Аяқтарымен сол жағына, орнына,оң жағына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады. М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасы бойынша музыкалық жетекші қарапайым вальс элементтерін енгізеді.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ән тыңдау

Ән тыңдаудың алдында музыкалық жетекші балалардың назарын тақтаға аударады:

%4 Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

%4 Тақтадан не көріп тұрсыңдар? Балаларды. Жақсы!

Педагог жыл мезгіліне қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

%4 Балалар, суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыс. Жарайсыңдар!

%4 Қыс мезгілі екенін қайдан білдіңдер? Қар жауып тұр, балалар далада ойнапжүр. Тамаша, балалар!

%4 Ал, қыс мезгілі сендерге ұнай ма, балалар? Иә.

%4 Олай болса, балалар, қыс туралы әдемі ән бар, естіп көрейікші? Д. Ботбаевтың «Қыс әні» шығармасы. Әнін жазған сазгер Д. Ботбаев.

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.

(Аудиозапись песни Д. Ботбаева «Зимняя песня»).Қыстың күні көңілді,
Ағартады өңірді, Аққаламен ойнаймыз, Шынықтырып денені.

%4 Кәне, балалар, шапалақ соғып отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән өте көңілді екен, балалар, солай ма? Иә.

Педагог бір баладан өзі білетін әннің әуенін «- ля, - ля» буыны арқылыорындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

Музыкалық жетекші балаларға әнді қабылдағанша тыңдатады.

Педагог әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша!

%4 Қандай сазгерлерді білеміз? Нұрғиса Тілендиев, Қуат Шілдебаев, Өтебай Байділдаев. Жарайсыңдар!

%4 Әннің сөзін кім жазады? Ақын. Жақсы!

%4 Әнді орындайтын адамды кім дейміз? Әнші. Керемет!

%4 Балалар, қандай ырғақты әндерді білеміз? «Әй-әй, бөпем», «Күз», «Бақшаға барамын». Тамаша, балалар!

Педагог балаларға ән тыңдап болған соң, мынадай сұрақтар қояды:

%4 Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? Қыс туралы.

%4 Әуенін жазған сазгер кім? Д. Ботбаев.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

«Үлкен - кішкентай» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды ұзақ және қысқа дыбыстарды ажырата білугеүйрету; музыканың ырғағын сезіне білуге баулу.

Ойынның барысы: музыкалық жетекші балаларға әуенді тыңдата отырып, жолдакімнің келе жатқанын және сол адамның жүрісін қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Ауыр жүріс болса, яғни, үлкен адамның жүрісін ұзақ шапалақпен білдіреді.

Баланың жеңіл жүрісі болса, қысқа шапалақпен ажырата отырып, көрсету керектігін айтады. Ұзақ және қысқа дыбыстарды дұрыс ажырата білген балаларға қыс бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

Педагог:

%4 Балалар, осы жылдан бастап әрқайсында жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштарыңды да сала беріңдер.

Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық беріледі. Кәне, портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші! Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

Дауыс жаттығулары

Педагог балалармен ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөз ортасындадем алу жүргізілмейді. Педагог мынадай бағытта дауысқа арналған жаттығуларды жүргізеді.

%4 Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар!

%4 Енді менімен бірге қайталаймыз.Біз
көңілді балалармыз,
Бір орында тұрмаймыз.

%4 Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
Біз сабырлы балалармыз,Біз апайды тыңдаймыз.

Ля-ля-ля (екі рет қайталанады).

%4 Жарайсыңдар, балалар!

%4 Енді, балалар, менімен бірге дауыс жаттығуларын жасаймыз.

%4 Балалар, енді тырналар қалай дыбыстайды екен? Көрейік.Аспан ашық, дала кең, Кел, қоныңдар тырналар.

Мен сендерге жем берем, Дос
болайық, тырналар. Тырау-
тырау-тырау-тырау! Тырау-
тырау-тырау-тырау!

%4 Тамаша!

Ән салу

Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдап едік? Қыс туралы.

%4 Балалар, қыс айын жақсы көресіңдер ме?
Балалардың бәрі бірдей дауыстап:

%4 Иә!

%4 Олай болса, барлығың қыс айын өте жақсы көретін болғандықтан қыс мезгіліне арналған "Қыс" деген ән бар, сол әнді үйреніп алайық?!

%4 Қ. Шілдебаевтың әні «Қыс», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

%4 Алдымен, балалар, әнді ақырын, менімен бірге қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыкалық жетекші балалармен бірге ән айтуды бастайды. Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Музыкалық жетекші дирижер болады. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтарының суретін көрсететін үлкен қаршалар, кіші қаршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» келді.

Педагог торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, балаларды ән салуғашақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлықтоп қосылып орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

%4 Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» да сендерге қосылып айтады. Музыкалық жетекші бірнеше рет әнді қайталатып, балалар әнді қабылдағанша айтқызады.

Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыкалық жетекші балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:

%4 Тыңдайықшы, балалар, мен қазір қоңырау аспабында ойнаймын. Сендерменімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

%4 Балалар, қоңырауларды алайық! Енді, балалар, музыканы тыңдап отырып, қыс қызығын тамашалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, балаларға қыс мезгілінен көріністөрсетеді.

%4 Қыс көрініс қандай керемет, балалар! Енді музыканы тыңдай отырып, меніменбірге қоңырау соғамыз.

В. Моцарттың «Қоңыраулар үні» шығармасы.

Педагог балаларға әнді тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнап болған соң, музыкалық жетекші балаларға сұрақ қояды:

%4 Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.

%4 Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар!

%4 Тамаша, балалар! Балалар, дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1, 2 - 1, 2 бастаймыз.Педагог балалармен бірге шығарманы тыңдап отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

«Музыкалық әткеншек» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балаларды музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету. Ойынның барысы: музыкалық жетекші «Әткеншек» әнін орындайды және балалардан әткеншектің қалай қозғалатынын сұрайды. Балалардан музыканың өзгеру темпін қимылмен көрсетуді және сұрақтарға жауап берулерін сұрайды:

%4 Музыка қай кезде тез ойнады?

%4 Музыка қай кезде баяу ойнады?

%4 Музыканың сипаты қандай?

%4 Әткеншек қалай қозғалады (жылдам қозғалады, ақырын қозғалады, баяу қозғалады, тоқтайды)?

%4 Балалар, мына суреттегі әткеншекке қараңдаршы. Осы әткеншекті жай ғанаитерсек, қалай қозғалады? Музыка ойнаған кезде әткеншектің қозғалуын көз алдарыңа елестетіп отырыңдар.

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің соңында педагог:

%4 Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз ерекше өтті, байқадыңдар ма? Иә.

%4 Бүгін қыс туралы екі әнмен таныстық. Қоңырау аспабында ойнадық.

%4 Балалар, бүгін қай шығарманың желісіне қоңырау аспабында ойнадық? В. Моцарттың «Қоңыраулар үні» шығармасына.

%4 Балалар, біз бүгін оқу әрекетінде қандай ән тыңдадық және қандай ән айтуды үйрендік, кім айтады? Айгүл мен Шыңғыс айтады. Жарайсыңдар!

%4 Қыс туралы ән тыңдап, қыс туралы ән айтуды үйрендік.

%4 Бүгін сендер өте белсенді болдыңдар, балалар, рақмет!

%4 Оқу қызметі аяқталды, сау болыңдар!

-

Музыка: Қыс бояулары, Қысты сағыдық.

Күні 30. 11/ 5.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға қыс туралы әнді түсініп, оның сыр-сипатын ажырату қабілетін дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білу қабілетІн қалыптастыру; қоңырау аспабында шығарма мазмұнынасай ойнай білу дағдысын жетілдіруді пысықтау.

Сөздік жұмыс

«Алақай, қыс келді!», «Қыс әні», «Қысқы би», «Қысқы қоңыраулар үні» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, көрініс көрсету, музыкалық-дидактикалық ойындар.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио,

қоңырау аспабы, әннің ырғақты суретін көрсететін үлкен және кішкентай қар қиыршықтары картотекасы, қыс кереметі бейнеленген суреттер.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Қар қиыршықтары бейнеленген таңбалауыштар, әр балаға қоңырау аспабы. **Оқу қызметінің барысы**

1.1. КІРІСПЕ БӨЛІМ**Сәлемдесу**

Оқу қызметінің алдында Е. Тиличееваның «Марш» шығармасының әуеніне балалар залға салтанатты түрде адымдап кіреді. Педагог балалардың музыкаәуенімен бірге жасаған адымдарына қарап:

%4 Денемізді тік ұстаймыз. Жарайсыңдар! Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).

%4 «До-ре-ми» Өмірбек Байділдаев.До-
ре-ми, до-ре-ми
Үйреніп аламын.

Фа-соль-ля, соль-ля-си, до-до-до.Деп
әнге саламын.
До-ре-ми, до-ре-ми.

Нотаның аттарын

Фа-соль-ля, соль-ля-си, до-до-до.Деп
күнде жаттадым.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың назарын аудару мақсатында қолымен шапалақтайды:

%4 Балалар, қазір «Қысқы би» музыкасына би элементтерін үйренуді әрі қарай жалғастырамыз.

Музыкалық жетекші М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасына балаларды шеңберге тұрғызып, музыканың сыр-сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарынжасайды да, шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды.

Балалар жұппен бірігіп, өздері тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды.

Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңілсекіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап айналады. Аяқтарымен сол жағына, орнына, оң жағына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады. Музыкалық жетекші М.Старокадомскийдің «Қысқы би» (Пр.48) шығармасының әуеніне қарапайым вальс элементтерін енгізеді.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

%4 **1. Ән тыңдау**

Педагог балаалрға суретті көрсетеді.

%4 Балалар, мына суретте ормандағы аң жасырынып қалыпты. Мұқият қараңдаршы, қай аң тығылып қалған екен?

%4 Иә, дұрыс айтасыңдар қоян.

%4 Балалар, қысқы орман әдемі, иә?

%4 Ендеше, қысқы орманға барып көрейік.

Педагог интербелсенді тақтадан қысқы орманды көрсетеді.

%4 Балалар, қысқы орман қандай әдемі, иә? Мына әдемі көрініске қарап, «Қыс әнін»тыңдап көрсек қалай болады?
Балалардың жауаптары.

%4 Олай болса, балалар, қыс туралы әдемі ән бар, естіп көрейікші? Д. Ботбаевтың «Қыс әні» шығармасы. Әнін жазған сазгер Д. Ботбаев.

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
-Қыстың күні көңілді,
Ағартады өңірді,
Аққаламен ойнаймыз,
Шынықтырып денені.

%4 Кәне, балалар, шапалақтап отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән өте көңілді! Солай ма, балалар? Иә.
Педагог бір баладан өзі білетін әннің әуенін «- ля - ля» буыны арқылыорындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.
Музыкалық жетекші балалар қабылдағанша әнді тыңдатады.

Педагог әнге қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, ән жазатын адамды кім деп атаймыз? Сазгер. Тамаша!

%4 Қандай сазгерлерді білеміз? Нұрғиса Тілендиев, Қуат Шілдебаев, Өтебай Байділдаев. Жарайсыңдар!

%4 Әннің сөзін кім жазады? Ақын. Жақсы!

%4 Әнді орындайтын адамды кім дейміз? Әнші. Керемет!

%4 Балалар, қандай ырғақты әндерді білеміз? «Әй-әй, бөпем», «Күз», «Бақшаға барамын». Тамаша, балалар!
Балалар әнді тыңдап болған соң, педагог сұрақтарын қояды:

%4 Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдадық? Қыс туралы.

%4 Әуенін жазған сазгер кім? Д. Ботбаев.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Қояндар» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерінажырата білуге

баулу.
Ойынның барысы: музыкалық жетекші балаларға:

%4 Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндаркөңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті.
Педагог балаларға билеп жатқан қояндардың суретін көрсетеді.

%4 Қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса, балаларынабесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыкалық жетекші балалардан сурет бойынша қояндардың не істеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды.

2.3. Дауысқа арналған жаттығулар

Педагог балалармен бірге ән салу алдында дауыс жаттығуларын орындауы міндетті болып табылады. Дем алу ән айту кезінде қалыптасады. Дем алу ән айтардың алдында жүргізіледі және музыкалық шумақтан кейін жүргізіледі. Сөзортасында дем алу жүргізілмейді, сондықтан педагог мынадай бағытта дауыс жаттығуларын жүргізеді:

%4 Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз.
Жарайсыңдар!

%4 Енді, балалар, менімен бірге қайталаймыз.Біз
көңілді балалармыз,
Бір орында тұрмаймыз.

%4 Ля - ля - ля (екі рет қайталанады).

Дем алу бір жолдан кейін жүргізіледі және ән шумағы ақырын, әрі асықпай орындалуы керек.
Біз сабырлы балалармыз,Біз
апайды тыңдаймыз.

%4 Ля - ля - ля (екі рет қайталанады).

%4 Жарайсыңдар, балалар!

%4 Енді, балалар, менімен бірге дауысқа арналған жаттығуларды жасаймыз.

%4 Балалар, тырналар қалай дыбыстайтынын көрейік.
Аспан ашық, дала кең,
Кел, қоныңдар, тырналар!
Мен сендерге жем берем,
Дос болайық, тырналар!
Тырау-тырау-тырау-тырау!
Тырау-тырау-тырау-тырау!

%4 Тамаша!

2.4. Ән салу

Қ. Шілдебаев «Қыс» әні.(әні:
Қ. Шілдебаев).
Педагог балаларды үш топқа бөледі, балаларға қыс мезгілінің суретібейнеленген пазлдарды таратады:
Балалар қандай сурет құрастырдыңдар? Иә, қыс мезгілінің суретін құрадық.

%4 Олай болса, Қ. Шілдебаевтің «Қыс» әні. Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кеңтыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

%4 Алдымен, балалар, әнді маған қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз.
Музыкалық жетекші балалармен ән айтуды бастайды.

Әнді хор мінбесіне барып, үнтаспаға қосылып айтады. Шумағын - жеке дауыста,

қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Музыкалық жетекші әнге дирижерлық етеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кішкентай қарларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» келді.

Педагог балаларды торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуғашақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлықтоп бірге қосылып орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақтап отырып сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

%4 Бүгін өте көңілді болды! Солай ма, балалар? Әнді бәріміз қосылып айтамыз,

«әнші торғайлар» да сендермен бірге ән айтады.

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыкалық жетекші балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп береді де:

%4 Тыңдайықшы, балалар, қазір қоңырау аспабында ойнаймын. Сендер меніменбірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә.

%4 Балалар, қоңырауларды алайық! Енді, балалар, музыка тыңдап отырып, қыс қызығын тамашалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қыс мезгілінен көріністер көрсетеді.

%4 Қыс көрінісі қандай керемет! Қараңдаршы, балалар! Енді, музыканы

тыңдап отырып, менімен бірге қоңырау соғамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар үні» шығармасы.

Педагог балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде қоңырауларды ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнапболған соң, музыкалық жетекші балаларға сұрақ қояды:

%4 Шығармада не туралы айтылады? Қоңыраулар туралы.

%4 Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар!

%4 Тамаша! Балалар, дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз. 1, 2 - 1, 2 бастаймыз.

Педагог балалармен бірге шығарманы тыңдап отырып, қоңырауларды сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Bells» музыкалық-дидактикалық ойын

Ойынның мақсаты: балалардың дауысты дыбыс арқылы ажырата білу қабілетіндамыту.

Ойын шарты: әуеннің сыр-сипатына қарай қоңырауларды пайдалану. Педагог

балаларды үш топқа бөледі, балалардың әрқайсында қоңыраудың үш

түрі (үлкен, орташа және кішкентай). Егер, кең өлшемдегі әуен естілсе, ойыншылар үлкен қоңырауды көтеруі керек. Қалыпты әуенге орташа, ал тыныш,ақырын ойналатын әуенге кішкентай қоңырауды көтеріп, сылдырлатуы керек.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Оқу қызметінің аяғында:

%4 Балалар, бүгінгі оқу қызметіміз қалай өтті?

%4 Қандай ән үйрендік? Қай мезгілге байланысты?

%4 «Қыс әнін» өттік. Қыс мезгіліне байланысты.

%4 Балалар, бүгін қандай шығарма желісінде қоңырау аспабында ойнадық? В. Моцарттың «Қоңыраулар үні» шығармасына.

Музыка: Жаса, елім!
Күні 7.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы отансүйгіштік сезімін қалыптастыру; ұжыммен және жеке ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу, би қимылдарын еркін орындау қабілеттерін, зейінін дамыту.

Сөздік жұмыс

«Жайнай бер, Қазақстаным», «Жаса, елім!», «Бүгін қай күн?», «Елтаңбасыелімнің» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, көрініс көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, қоңырауараспабы, қояндардың билеп жатқан суреті, қояндардың ұйықтап жатқан суреттері, әртүрлі реңктегі карточка жаймалары. Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар, әр балаға арналған қоңырау аспаптары, әр балаға әртүрлі реңктегі карточка жаймалары.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Сәлемдесу

Балалар залға Д. Шостаковичтің «Марш» шығармасының әуеніне салтанатты түрде адымдап кіреді. Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғанда орындарынан тұрады. Тағзым етіп, оң қолдарын жүрек тұсына қойып, әнұранғақосылады.Әнұран аяқталғанда музыкалық жетекші:

%4 Балалар, біз қай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз? Қазақстанда. Жарайсыңдар!Осы желтоқсан айында біздің еліміздің Тәуелсіздік алған күні тойланады. Енді, балалар, еліміздің құрметіне тағзым етейік:

Тәуелсіз елім (балалар қолдарын жоғары көтереді),

Кең байтақ, жерің (балалар қолдарын жанына жібереді). Сәлем ал, менің (балалар қол білезіктерін айналдырады), Жасарған елім (балалар қолдарын жанына жібереді).

%4 Балалар, жарайсыңдар! Тамаша!

Педагог тақпақ пен қимылдарды балалармен бірге қайталайды.

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың назарын аударып:

%4 Балалар, қазір А. Мельниковаңың «Жаса, елім!» музыкасына жұптасып билеудіңжаңа

элементтерін үйренеміз.
(Аудиозапись песни А. Мельниковой "Да здравствует страна").

Музыкалық жетекші А. Мельниковаңың «Жаса, елім!» шығармасына балалардыжұппен шеңберге тұрғызып, музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбердегі адымдарды жасайдыда, шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұпқа бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адымдау элементтерін жасайды.

Орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңілсекіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап айналады. Аяқтарымен сол жағына, орнына, оң жағына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап,гүлдің бейнесін көрсетіп, биді аяқтайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

%4 1. Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балалардың назарын тақтаға аударады:

%4 Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

%4 Тақтадан не көріп тұрсыңдар? Нұр-Сұлтан қаласын. Жақсы.

Педагог астанаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, суретті Нұр-Сұлтан қаласына ұқсатқандарың неліктен? Президент отыратын үй Нұр-Сұлтан қаласында. Жарайсыңдар!

%4 Нұр-Сұлтан қаласындағы Президент отыратын үй қалай аталады? Ақорда. Тамаша, балалар!

%4 Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Балалар, қайталайықшы! Резиденция. Жарайсыңдар!

%4 Балалар, суреттен басқа нені байқап тұрсыңдар? Отшашу атылып жатыр. Жарайсыңдар!

%4 Балалар, ондай отшашу қай кезде болады? Мерекелерде. Тамаша!

%4 Ал, біздің елімізде қандай мереке болады? Тәуелсіздік күні. Керемет!

%4 Олай болса, балалар, осындай әдемі күндерге арналған ән бар, естіп көрейікші?С. Мұхамеджановтың «Бүгін қай күн?» әні. Әнін жазған сазгер С. Мұхамеджанов.

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
(Аудиозапись песни С. Мухамеджанова «Какой день?»)Бүгінгі күн көңілді,
Көтереді көңілді, Отшашулар ойнайды, Жайнатады өңірді.

%4 Кәне, балалар, шапалақ соға отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы! Керемет! Ән өте көңілді, балалар, солай ма? Иә.

Педагог бір балаға өзі білетін әннің әуенін «- ля, - ля» буыны арқылы орындауды,екінші балаға сөзін тақпақтап айтуды ұсынады.

Музыкалық жетекші әнді балалар қабылдағанша тыңдатады және әнге қатыстыой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? «Бүгін қай күн?» әні.

%4 Әуенін жазған сазгер кім? С. Мұхамеджанов.

%4 Ән қандай күнге арналған? Көңілді күнге.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Қояндар» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажыратуды үйрету..

Ойынның барысы:

Музыкалық жетекші балаларға:

%4 Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндаркөңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті.

Балаларға қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді.

Қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесікжырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Музыкалық жетекші балалардан суретке қарап қояндардың не істеп жатқанынайтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды.

Жеңімпаз балаларға бәйтерек бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді.

Педагог:

%4 Балалар, осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштарыңды да сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық беріледі.

2.3. Дауысқа арналған жаттығулар

Педагог:

%4 Балалар, орындықтың шетіне отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз. Жарайсыңдар!

%4 Енді, менімен бірге қайталаймыз.

%4 га-га,

%4 ду-ду,

%4 ко-ко,

%4 ля-ля.

%4 Жарайсыңдар.

%4 Балалар, ешкі лағын қалай шақырады, естідіңдер ме?

%4 Олай болса, менімен бірге қайталап отырамыз.

Лағым
Шөре-шөре, лағым, Тентек
болма, шырағым,Секектеме,
деміңді ал, Селтеңдемей
құлағың.

%4 Тамаша.

%4 Балалар, көкек қалай шақырады?

Балалар:

%4 Кө-кек, кө-кек.

%4 Жақсы.

%4 Ендеше, балалар, бәріміз көкек болайық.

Көкек Ағашта биік,

Бір құсты көрдік.
Сайрайды сол құс,

Сайрайды талмай.
Кө-кек, кө-кек, Аты
оның содан,
Атанған кө-кек.

%4 Тамаша, жарайсыңдар, балалар!

2.4. Ән салу

С. Қалиев, Д. Омаров «Елтаңбасы елімнің» әні.(әні: С. Қалиевтікі, сөзі: Д. Омаровтікі).
Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударады:

%4 Балалар, біз бүгін қандай ән тыңдап едік?

%4 Иә, «Бүгін қай күн?» әнін тыңдадық.

%4 Балалар, қандай мереке келіп қалды?

Педагог көрсеткішпен рәміздердің суреттерін көрсетеді.

%4 Иә, мемлекетіміздің Тәуелсіздік алған күні жақындап қалды.

%4 Балалар, тәуелсіз дегенді қалай түсінесіңдер?

%4 Мағынасын кім біледі?

%4 Иә, еліміз ешкімге тәуелді емес, мемлекетіміздің өз рәміздері бар, халқымызеркін өмір сүреді.

%4 Балалар, рәміздерді, халқымызды, жерімізді құрметтеуіміз керек.

Тұнығындай көңілдің Елтаңбасы елімнің.
Неткен ғажап әдемі, Ортада аспан әлемі!

%4 Еліміздің бейнесі – ел рәміздері. Бұл – тәуелсіздіктің жеңісі.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау Музыкалық жетекші балалардың бәріне қоңырауларды үлестіріп:

%4 Балалар, тыңдайықшы, қазір мына қоңырау аспабында ойнаймын, ал сендерменімен бірге қайталап отырасыңдар, келістік пе? Иә. Қоңырауларды алайық,балалар! Енді, балалар, музыканы тыңдай отырып, еліміздегі мерекені тамашалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, еліміздің Тәуелсіздік күніне арналған көріністерінен сурет көрсетеді.

%4 Қараңдаршы, балалар, отшашулар қандай керемет! Музыканы тыңдап отырып,менімен бірге қоңырауларды ұрамыз. В. Моцарт «Қоңыраулар сыңғыры» шығармасы.

Педагог балаларға шығарманы тағы да тыңдатып, музыканың қай бөлігіне келгенде қоңырауларда ойнау керектігін айтады. Қоңырау аспабында ойнапболған соң, музыкалық жетекші балаларға сұрақ қояды:

%4 Балалар, бұл қоңырауларды еліміздің тәуелсіздік мерекесіне арнап ойнап жатырмыз, солай ма?

Балалар бастарын изейді.

%4 Шығармада не туралы? Қоңыраулар туралы.

%4 Балалар, бұл шығарманың авторы кім? В. Моцарт. Жарайсыңдар!

%4 Тамаша, балалар!

Балалар дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге қоңырауларды сыңғырлатамыз.1, 2 - 1, 2 бастаймыз.
Педагог балалармен әнді тыңдап отырып, қоңырауларды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Ақырын қатты» музыкалық-дидактикалық ойын Ойынның мақсаты:

балалардың тембрлік есту қабілеттерін дамыту.

Ойынның барысы: балаларға түстері бір болғанымен, әртүрлі реңктегі карточкажайлары

беріледі.
Көгілдір – ақырын музыка, қара көк – қатты музыка, көк – орташа.

Әрі қарай музыкалық жетекші әнді ақырын, қатты және орташа темтеорындайды. Балалар музыканы тыңдап отырып қолдарындағы таңбалауыштарыменкарточкаларды жабады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Музыкалық жетекші балаларға ризашылығын білдіріп:

%4 Балалар, бүгінгі оқу қызметіне өте белсенді қатыстыңдар.
Балалар қуанып қалады.
%4 Қоңырау аспабында керемет ойнадыңдар! Тамаша болды!

%4 Балалар, бүгін қандай ән тыңдадық? С. Мұхамеджановтың «Бүгін қай күн?» әнін тыңдадық.
%4 Қандай ән айттық? С.Қалиевтің «Елтаңбасы елімнің» әнін айттық.
Жарайсыңдар!
%4 Балалар, тақтаға қарап, еліміздің елтаңбасын көрсетіңдерші?!
%4 Жарайсыңдар, балалар!

%4 Балалар, бүгінгі оқу қызметіне бәрің жақсы қатыстыңдар! Оқу қызметі сендергеұнады ма?
Жақсы, сау болыңдар!

-

Музыка: Жаңа жыл, Жаңа жыл сыйлықтары
Күні 12.12 /14.12
Оқу қызметінің мақсаты
Балаларға Жаңа жыл туралы әнді айтқызу арқылы есте сақтау қабілеті мен әннің сөздік мағынасын түсіне білу қабілетін дамыту; музыкалық жетекші және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айтқанда ырғақты сезіне білу қабілетін қалыптастыруды пысықтау.

Сөздік жұмыс
«Қош келдің, Жаңа жыл!», «Адымдау және жүгіру», «Ай жарқырап тұр», «Жаңа жыл жыры» сөздерін пайдалану.
Әдіс-тәсілдер
Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.
Құрал-жабдықтар
%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР
Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, жаңа жылдық ойыншықтар, шырша ойыншықтары, музыкалық аспаптар, «Музыкалық калейдоскоп» дидактикалық ойынына арналған суреттер.
%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР
Шыршаға ілінетін ойыншықтар бейнеленген таңбалауыштар, Оқу қызметінің барысы
%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ
%4 **1.** Сәлемдесу

Балалар залға кіре бергенде музыкалық жетекші Н. Надененконың «Адымдау және жүгіру» шығармасын ойнайды. Балалар залды айнала жүріп, салтанатты түрде адымдайды және музыканың жеңіл де жылдам ойналған сыр-сипатына сай жүгіреді. Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, музыканы тыңдаймыз, денемізді тік ұстаймыз, тіземізді жоғары көтереміз, жеңіл жүгіреміз. Міне, жарайсыңдар!
Балалар музыка аяқталғанда залдың ортасына келіп тұрады. Педагог:
%4 Балалар, қандай мейрам жақындап қалды?

%4 Иә, бәріміз асыға күтетін жаңа жыл мейрамы.

%4 Аяз ата келгенге дейін, біз әндер мен тақпақтарымызды жаттап алу керекпіз. Ал, сендер дайынсыңдар ма?
Балалардың жауаптары.

%4 Балалар, мына тақпақты жаттап алайық:

Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып.
Келді алыс сапардан, Аяз
ата оралып.
Қуаныш Ахметов

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың көңіл-күйлерін көтеру мақсатында:

%4 Балалар, Жаңа жыл жақындап қалды. Қазір А. Бестібаевтің «Вальс» музыкасымен жұптасып билеудің басқа да элементтерін үйренеміз.
Музыкалық жетекші А. Бестібаевтің «Вальс» шығармасына балаларды жұптастырып шеңберге тұрғызады. Музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын
жасайды да, шеңбер бойымен адымдап бара жатқан балаларды бақылайды. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адымдау элементтерін жасайды. Орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді. Орындарында тұрып, жұппен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап айналады. Аяқтарымен сол жағына, орнына, оң жағына, орнына жаттығуларын жасайды. Соңында барлық балалар бірігіп, үлкен шеңбер жасап, гүлдің бейнесін жасап биді аяқтайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуімен орындалады.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ән тыңдау

Педагог қыс мезгілі, жаңа жылдың суреттерін балаларға көрсетеді.

%4 Жаңа жыл мерекесі ұнай ма?

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. Антонио Вивальдидің «Қыс» шығармасы.

%4 Балалар, шығарма қалай аталады? «Қыс».

%4 «Қыс» шығармасының авторы кім? Антонио Вивальди.

%4 Италиялық композитор Антонио Вивальди. Жарайсыңдар!

%4 Енді, балалар, тақтадағы суретке қарап отырып, шығарманы тыңдаймыз. Балалар тақтадағы суретке қарап отырып, Антонио Вивальдидің «Қыс» шығармасын ықылас қоя тыңдады. Музыкалық жетекші музыканың сипатына көңіл бөліп, балаларға түсіндіріп отырады.

%4 Кәне, балалар, кім айтады? Шығарма қалай аталады? «Қыс». Тамаша!

%4 Шығарма авторы кім? Антонио Вивальди. Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Шырша ойыншықтары» музыкалық-дидактикалық ойын.

Ойынның мақсаты: әр аспаптың әуенін еске сақтауға үйрету.

Ойынның шарты: педагог шыршаның ойыншықтарын алдын-ала іліп қояды, әр ойыншықтың артында музыкалық аспаптар болады. Сол музыкалық аспаптың атауын естеріне түсіру керек. Тапқаннан кейін, балаларға әр аспаптың әуенін қосады, қай әуен қай аспапқа сәйкес екенін айтады.

2.3. Дауысқа арналған жаттығулар

Педагог ән салудың алдында балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

Педагог балаларға картон қағаздан жасалған аспаптардың бейнесін (домбыра, қобыз, сыбызғы, дабыл) үлестіріп береді.

%4 Балалар, бәріміз «Көңілді музыканттар» болайықшы!?

Балалар қуанып қалады.

%4 Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, онымен ойнау ерекшелігін көрсету керек.

%4 Мен сөздерін айтып отырамын, сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар. Керек жерінде сөзін қайталайсыңдар, мысалы, «дан-диги-дан»деп қайталайсыңдар.

%4 Бастаймыз, балалар!

Домбыраны қолға алып,
Ән айтамыз толғанып.
Дан-диги-дан. Қобыз
аспап киелі, Оны бәрі
сүйеді.
Пара-ри,пара-ри.
Сыбызғыны үрлейміз,
Жалқаулықты білмейміз.
Ду-ду-ду.
Трам-та соқса барабан,
Қызыға жұрт қараған.
Трам-та-та.

%4 Жарайсыңдар, балалар! **2.4.** Ән салу

Б. Бейсенова «Жаңа жыл» әні. (әні мен сөзі: Б. Бейсенова)

%4 Балалар, қандай мереке жақындап қалды?

%4 Б. Бейсенованың әні «Жаңа жыл». Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тыныс алып, ән айтуға дайындалайық.

%4 Алдымен, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз. Музыкалық жетекші балалармен бірге ән айтуды бастайды. Әнді хор мінбесіне барып, үнтаспаға қосылып айтады. Шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындайды. Музыкалық жетекші әнге дирижерлық етеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кішкентай қар қиыршықтарына қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, «әнші торғайлар» әнімізге қосылғалы келіпті.

Балаларды торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызып, қайырмасын барлық топ бірге қосылып орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақпен сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

%4 Бүгін өте көңілді балалар болды! Солай ма, балалар? Әнді бәріміз қосылып айтамыз, «әнші торғайлар» сендермен бірге ән айтады. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Балалар оқу қызметінде отырғанда орыс халқының «Ай жарқырап тұр» атты әуені естіледі. Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, тыңдайықшы, ненің дыбысы шығып жатыр!

Балалар еленděп отырғанда педагог есік жаққа барып, көп сылдырмақты алып кіреді:

%4 Балалар, қараңдаршы, бізге көп сылдырмақтар алып келіпті. Сылдырмақтарды алайық, балалар! Енді, балалар, жаңа әнді тыңдап отырып, сылдырмақ аспабында ойнайық! Педагог орыс халқының «Ай жарқырап тұр» атты әуенін қосады.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

%4 Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

%4 Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

%4 Балалар, дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге сылдырмақтарды сыңғырлатамыз. 1, 2 - 1, 2 бастаймыз.

Педагог балалармен әнді тыңдап отырып, сылдырмақтарды бірге сыңғырлатып жаттықтырады.

2.6. «Музыкалық калейдоскоп» музыкалық-дидактикалық ойыны. Ойын барысында әндерді тыңдау арқылы әуенін танып, Луллий шеңберіндегі калейдоскоптың сағат тілін сол ойыншыққа бұрып қояды немесе ойыншықты таңдап алады.

Ойынның аяғында балаларға шырша ойыншықтары бейнеленген таңбалауыштарды таратады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог оқу қызметінің аяғында:

%4 Балалар, жаңа жылға дайын екенсіңдер, әндерді үйде тағы да қайталаңдар.

%4 Қандай ән тыңдадық?

%4 «Қыс» шығармасын.

%4 Қандай ән айтуды үйрендік?

%4 «Жаңа жыл» әнін.

%4 Балалар, сендерге оқу қызметі ұнады ма?

Балалардың жауаптары.

%4 Жарайсыңдар, балалар! Оқу қызметіне белсене қатыстыңдар.

Музыка: Шырша жыры

Күні 21.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға шырша туралы әнді тыңдатып, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілеті мен ән айтудағы тыныс алу техникасындамыту.

Сөздік жұмыс

«Жаңа жылдық сыйлықтар», «Қош келдің, Аяз ата!», «Шырша жыры», «Аяз ата сыйлығы» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, теңіздіңәртүрлі толқыны бейнеленген карточкалар, үлкен және кіші шыршалар картотекасы, «Әнші құстар» макеті, шырша бейнеленген таңбалауыштар.

%4 **ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР**

Шырша бейнеленген таңбалауыштар, әр балаға теңіздің әртүрлі толқыны бейнеленген карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

%4 **КІРІСПЕ**

БӨЛІМ Релаксация

«Жаңа жылдық ертегі».

Педагог оқу қызметінің алдында И. Гуммельдің «Жүгіру» атты шығармасына балаларды залға жеңіл жүгіртіп кіргізеді. Педагог балалардың музыка әуенінежүгірген қимылдарына қарап:

%4 Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз, жеңіл, әдемі ырғақты сақтап жүгіреміз.

%4 Балалар, қардың ауада қалықтап ұшатынын білесіңдер ғой? Иә. Қазір біз тербетіліп жүгіреміз. Жарайсыңдар! Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).

Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Маған ілесіп қимылдарды орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Педагог:

%4 Балалар, екі қолымызды жоғары көтеріп, әдемі айқастырып, аяқтың ұшымен қалықтап, оң жаққа ақырын айналамыз. Жарайсыңдар! Енді, балалар, аяқтың ұшына тұрып, оң жаққа ақарындап айналамыз, сол жаққа ақырын айналамыз.Тамаша!

%4 Орнымызда тұрып, музыка әуенімен қолымызды шынтағымызбен бүгіп, бірге қозғаймыз және қол білезіктерін айналдырамыз, тамаша.

%4 Енді, орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтақпен бірге қозғаймыз, жарайсыңдар!

%4 Орнымыздан оң жақ иығымызға қарай бұрылып, нәзік қимыл жасап айналамыз,

%4 Енді, орнымыздан сол жақ иығымызға қарай бұрылып, нәзік қимыл жасап айналамыз.

%4 Аяқтың ұшымен ақырын, екі тіземізді кезек көтеріп, қолымызды бүгіп, тіземіздіңүстіне қоямыз. Орнымызда тұрып айналамыз. Жарайсыңдар!

Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

%4 Балалар, тамаша болды! Рақмет!

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші:

- Балалар, бүгін біз «Табиғат әуені» шығармасының оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақты қимылдар жасап, жұптасып билеудің басқа да элементтерінүйренеміз

Музыкалық жетекші «Табиғат әуені» шығармасының оркестрлік нұсқасына балаларды екіден жұптастырып шеңберге тұрғызады. Музыканың сипатына сайырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен екеуден қолұстасып, вальс адымдарын жасайды да шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл қалықтап жүгіреді. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адымдау элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбербойымен адымдап жүреді. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл

секіреді. Соңында әрқайсысы өздері тұрған орындарында жеке-жеке айналып, аяқтың ұшымен жеңіл адымдар жасайды.
Жұппен бірігіп шеңберді айналып, қайтадан қол ұстасып, жеңіл жүгіріп барыптоқтап, бір-біріне қарама-қарсы қарап биді аяқтайды.

%4 НЕГІЗГІ

БӨЛІМ Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балаларға:

%4 Балалар, қыс айы керемет, солай ма? Иә.

%4 Балалар, жақында қандай мейрам болады? Жаңа жыл болады. Жақсы.

%4 Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

%4 Суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар? Аяз атаны. Дұрыс!

Педагог Аяз атаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Аяз ата кім, балалар? Сыйлық алып келетін Ата. Дұрыс.

%4 Балалар, Жаңа жылда Аяз атадан сыйлық күтесіңдер ме? Иә.

%4 Балалар, Жаңа жылда Аяз атадан басқа кімнен сыйлық күтесіңдер? Ата-анамыздан. Тамаша!

%4 Балалар, Аяз ата туралы керемет шығарма бар, сол шығарманы тыңдап көрейікші?!

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. Б. Дәлденбаевтің «Қош келдің, Аяз ата» әні.

%4 Балалар, шығарма қалай аталады? «Қош келдің, Аяз ата».

%4 «Қош келдің, Аяз ата» шығармасының авторы кім? Б. Дәлденбаев.

%4 Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Балалар «Қош келдің, Аяз ата» әнінықылас қоя тыңдайды. Музыкалық жетекші музыканың сыр-сипатына көңілбөліп, балаларға түсіндіріп отырды.

«Теңіз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыканы есту, тыңдау, көру қабілеттеріндамыту.
Ойынның барысы: балаларға үнтаспадан теңіздің дыбысы қосылған әуенді естірту. Балалар әуенді тыңдап болған соң, оны талқылап өз ойларымен бөліседі. Музыкалық жетекші композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әртүрлі көңіл-күйге балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын,бірде қатты, бірде жәй естіледі. Содан соң музыкалық жетекші балаларды суретте көрсетілген теңіздің әртүрлі толқынымен таныстырады.

Музыкалық жетекші балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әртүрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

Жақсы ойнаған балаларға Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

Дауысқа арналған жаттығулар

Музыкалық жетекші балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:

%4 Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік?
Балалар орындықтың шетіне отырады.

%4 Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).

%4 Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, әндетіп қосылуымыз керек.

%4 Уууааооо.

%4 Уууууууууу,

%4 Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:

%4 Га-га-га,

%4 Ду-ду-ду,

%4 Ко-ко-ко,

%4 Ля-ля-ля.

%4 Тамаша, балалар!

Ән салу

Л. Хамидидің «Шырша жыры» әні.
(әні: Л. Хамиди).
Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, Жаңа жыл қарсаңыңында шыршаны безендірдіңдер ме? Иә.

%4 Шыршаны бәрің жақсы көресіңдер ме?
Балалардың бәрі бірдей дауыстап:

%4 Иә!

%4 Олай болса, балалар, сендер Жаңа жылды асығып күтіп жүрген соң, «Шыршажыры» әнін дайындадық. Сол әнді үйреніп алайық?!

%4 Л. Хамидидің «Шырша жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

%4 Алдымен, балалар, маған қосылып ән айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз.
Музыкалық жетекші балалармен ән айтуды бастайды.

%4 Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақты суретін көрсететін үлкен және кішкентай шыршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» келді.

Педагог балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуғашақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызады. Қайырмасынбарлық топ қосылып, бірге орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақ соғып, сөздерін тағы да қайталап айтайықшы!
Керемет!

%4 Бүгін өте көңілді болды. Солай ма, балалар? Әнді бәріміз қосылып айтамыз,

«әнші құстар» да сендермен ән айтқылары келеді. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, кеше біз сылдырмақ аспабында ойнадық!

%4 Сылдырмақпен қандай әнді ойнадық?

%4 «Ай жарқырап тұр» атты орыс халқының әуенін. Жарайсыңдар!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» атты орыс халқыныңәуенін балаларға тағы да тыңдатады.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

%4 Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

%4 Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

%4 Балалар, дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге сылдырмақтарды сыңғырлатамыз. 1, 2 - 1, 2 бастаймыз.

%4 Тамаша, балалар, бүгін кешегіден жақсы ойнадыңдар!

Педагог балалармен әнді тыңдап отырып, сылдырмақтарды бірге сыңғырлатады.

«Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын (тембрді айыруға арналған ойын)

Ойынның мақсаты: балаларға дауыс тембрін ажырата білуді үйрету.

Ойынның барысы: балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақтағы балаларға теріс қарап отырған бала ән салған баланың дауысын тануы керек.Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.

Көп бала бар бөлмеде,Бірі
ғана ән салады.
Ал сырттағы

Кім екен деп тамсанады

Бір бала былай деп әндетеді.
Мен бақытты бөбекпін, Таудай
биік талабым,
Ән мен күйге зерекпін,
Бірден қағып аламын.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог көтеріңкі көңіл-күймен:

%4 Балалар, Аяз атаның сыйлығын асыға күтіп жүрсіңдер ме? Иә.

%4 Балалар, енді мейрамда дем аламыз, Жаңа жылдарың құтты болсын! Рақмет!

%4 Бүгінгі оқу қызметінде қандай әнді тыңдадық? Қандай әнді үйрендік? Балалар,кім айтады? Аяз ата мен Шырша жыры туралы болды.

%4 Жарайсыңдар, балалар! Жаңа жылда Аяз атадан алған сыйлықтарыңды кейінбәріміз жиналғанда көреміз. Солай ма, балалар? Иә.

%4 Балалар, оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Жасыл шырша жаныда

Күні 19.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызығушылығы мен ықыласынояту; әнді көтеріңкі көңіл-күйде, эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ырғақтың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; жаңа жыл туралы ұғым беру. Балалардың шырша туралы әнді тыңдау кезінде зейінін және Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсіне білуге үйрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; топпен ән айту кезінде ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; би қимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Қош келдің, Жаңа жыл!", "Жаңа жыл – жаңа нұр", "Жаңа жылға дайындық","Көрдік аяз атаны", "Тамаша!", "Бәрекелді!" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Ғажайып сәт, психогимнастика, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс, пысықтау, портфолио, интербелсенді тақтадан жаңа жылға дайындық шараларынан көрініс көрсету, "Қанша Аяз ата?" дидактикалық ойыны,"Аяз" ойыны. Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, Санта Клаус бала, Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар, биге арналған сақиналар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Музыкалық жетекші балалармен залға кіре бергенде, арттарынан жүгіріпСанта Клаус бала кіреді:

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Сәлеметсіз бе, әнші апай! – деп асығыс амандасып, орындыққа жайғасады.

Балалар таң қалып тұрғанда музыкалық жетекші:

- Балалар, Санта Клаус балаға амандаспаймыз ба? Сәлеметсіз бе, Санта Клаусбала! Міне, жарайсыңдар!
- Иә, Санта Клаус бала, ортамызға қош келдіңіз!
- Мен Аяз атаның тапсырмасымен келдім. Балалардың Жаңа жылға дайындықтары қалай, қалай ән тыңдап, қалай ән айтады екен, соны көруге келдім. Дайындықтары жақсы болса, Аяз ата да сыйлықтарымен тез келеді.
- Кәне, балалар, дайынбыз ба? Олай болса, Санта Клаус балаға дайындығымызды көрсетейік! Алдымен, балалар, Жаңа жыл туралы тақпақтыжәне қимылды менімен бірге қайталаймыз (психогимнастика):
- Жаңа жыл – жаңа нұр (балалар қолдарын жоғары көтереді),
- Жаңа бақыт – жаңа жыл (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Жайнап біздің бақшаға (балалар қол білезіктерін айналдырады),
- Келсін тағы жаңа жыл (балалар қолдарын жанына жібереді).
- Балалар, "Қош келдің, Жаңа жыл!" – деп айтайықшы! Тамаша!

Педагог балалармен бірге тақпақ пен қимылдарды қайталайды

1.2. Музыкалық жетекші балалармен дайындалып жатқанда ортадағы шыршаның шамдары жанады:

- Балалар, қараңдаршы, шыршамыздың шамдары жанды!

Балалар таң қалып отырғанда педагог:

- Балалар, Жаңа жыл тез келсін десек, Жаңа жылда шыршамыз жарқырап жансын десек, шырша туралы ән тыңдайық! Енді, балалар, жаңа ән тыңдай отырып, қалаларда шыршаны қалай безендіріп жатыр екен, соны тамашалайық!Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қалаларда шыршаны қалай безендіргенін көрсетеді.

- Балалар, қараңдаршы! Шыршалар қандай әдемі! Енді, әнді тыңдаймыз.

К.Қуатбаевтың «Жасыл шырша жанында» әуені.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

- Әнде не туралы айтылады?
- Жасыл шырша туралы. Тамаша, балалар!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Музыкалық жетекші Санта Клаус:

- Балалар, Аяз ата туралы ән біле ме? – деп сұрайды.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, біз бүгін оқу қызметінде қандай ән тыңдадық?
- Жасыл шырша туралы әнді.
- Қазір Аяз ата туралы әнді айтып үйренеміз. Ән «Аяз ата» деп аталады. Балалар,бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз.
- Ақ таяғын таянып,
Таңмен бірге оянып.
Аяз ата келіп тұр, Ақ
күпіге оранып.
- Кәне, балалар, сөздеріне шапалақтап тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!Бүгін өте көңілді балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз. Санта Клаус
бала да бізбен қосылып әндетіп отыр.

Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша
айтқызады.

2.2. "Қанша Аяз ата?" дидактикалық ойыны.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, интербелсенді тақтадан не көріп тұрсыңдар? Дұрыс, Аяз аталарды.Тақтаға мұқият қарап алыңдар. Интербелсенді тақтаға қарап, суреттердің ішінен қанша Аяз атаны табуға болады? Бес санына дейін санаймын, тақтаны өшіремін.

Балалар естеріне түсіріп, ойша қанша Аяз ата бар екенін есептейді. Балалар қателесетін болса, педагог "Дұрыстап ойлан!" – дейді. Жеңімпаз балаларға Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

- Балалар, сендерде осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенінұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштардан бастап сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық беріледі. Кәне, портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші, маған!

Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз шеңбер жасап тұрайықшы! Енді, менің аяқ киімімнің тықылдаған дыбысын тыңдаңдар. Естідіңдер ме? Сендер де өз аяқ киімдеріңніңдыбысын естігілерің келе ме? Ендеше, бәріміз бірге аяқтарымызбен топылдатамыз. Жарайсыңдар! Қазір музыка әуенімен қимылдарды қайталаймыз.Музыкалық жетекші «Етіктер» шығармасының әуеніне балаларды шеңбермен бойымен бірінің артынан бірін тұрғызады.

Балалар шеңбер бойымен тұрып, музыкада етіктің дыбысы шығатын кезде аяқтарын жеңіл адыммен топылдатады. Балалар музыка әуенімен шеңбер бойымен айналып, жартысына келгенде етіктің дыбысы шығатын кезде тағы да топылдатулары қажет. Педагогтің белгі беруі бойынша "Етіктеріміз қайда екен?" дегенде жүріп келе жатып, аяқтарын алдарына шығарып, көрсетеді. "Етіктерімізжүрді" дегенде музыка әуеніне сәйкес аяқтарымен топылдатып жүру керектігі ескертіледі. Басында музыкалық жетекші өзі бастап көрсетіп жүреді. Арасында музыка тоқтағанда балалар орындарында тұрып адымдайды.

Балалардың
адымдары жеңіл, ырғақты болуы тиіс.

2.4. Музыкалық жетекші балаларға шыршаның астында жатқан шыршаның жасанды бұталарын қолға алуды қадағалайды. Әрбір баланың екі қолында жылтыраған жасанды шырша бұталары болады.

Музыкалық жетекші:

- Балалар, "Шырша" биін билегілерің келе ме? Олай болса, шеңбер құрайық. Музыкалық жетекші Шарль Гуноның "Вальс" шығармасының әуеніне балаларды шеңберге тұрғызып, музыка сипатына сай ырғақты қимылдарды сақиналарменжасауды үйретеді.

Педагог балалармен бірге шеңбер бойымен шырша бұталарын жоғары ұстап, айналады.

Балалар орындарында тұрып, қолдарындағы шырша бұталарымен өзітұрған орнын айналып, шеңбер адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, шырша бұталарын жоғары көтереді, орындарында тұрып жеңіл секіреді.

Орындарында тұрып шырша бұталарымен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезекқарап айналады. Шырша бұталарын жоғары ұстап аяқтарымен сол жанына,орнына, оң жанына, орнына жаттығуларын жасайды. Шырша бұталарымен орындалатын би қимылдары музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады.

2.5. "Аяз" ойыны.

Педагог балаларды шеңбер бойынша тұрғызып:

- Балалар, сендер беттерің тоңғанда қалай жылытасыңдар? – деп сұрайды. Балалар беттерін уқалап көрсетеді.
- Балалар, аяз ысқырып, қандай дыбыс шығарады екен, тыңдап көрейікші! Музыкалық жетекші интербелсенді тақтаны қосып, аяздың ысқырған дыбысын тыңдатады да:

- Балалар, мен қазір аяз ысықырығынан басқа да дыбыстарды қоямын. Басқа дыбыс естілгенде аяқтарыңды топылдатасыңдар, аяздың ысқырығы естілгендебеттеріңді алақандарыңмен жауып, екі жаққа кезек бұрыласыңдар.

Музыкалық жетекші балалар аяздың дыбысын дұрыс қабылдағанша ойынды 2-3рет қайталай алады.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Міне, балалар, Санта Клаус бала сендердің оқу қызметтеріңе қатысып, ризаболды. Солай ма, Санта Клаус бала?
- Иә, өте риза болдым. Енді, менің кетуім керек. Басқа да балабақшаларға барып, балалардың Жаңа жылға дайындықтарын көруім керек. Сендермен өтеқызық болды.
- Балалар, Санта Клауспен қоштасып, үйіне шығарып салуымыз керек қой! Балалар, бәріміз жаңа жылдың алдында Санта Клаус балаға тілек айтайықшы:
- Санта бала, Санта бала,
  Сағынады барлық бала.
  Жаңа жылда қауышайық,
  Амандықпен Санта бала.
- Кәне, Санта Клаус бала, саған рахмет! Біз сені сағынатын боламыз. Біз дежақсы демалдық. Сау болыңыз!
- Біз қандай ән тыңдадық? Біз қандай ән үйрендік? Маған кім айтады?
- «Жасыл шырша жанында» әнін тыңдадық және «Билейміз Аяз атамен» әнінайтуды үйрендік.

- Балалар, оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Шырша жыры

Күні 21.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларға шырша туралы әнді тыңдатып, әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; топта ән айту қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілеті мен ән айтудағы тыныс алу техникасындамыту.

Сөздік жұмыс

«Жаңа жылдық сыйлықтар», «Қош келдің, Аяз ата!», «Шырша жыры», «Аяз ата сыйлығы» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, сурет көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, портфолио, теңіздіңәртүрлі толқыны бейнеленген карточкалар, үлкен және кіші шыршалар картотекасы, «Әнші құстар» макеті, шырша бейнеленген таңбалауыштар.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Шырша бейнеленген таңбалауыштар, әр балаға теңіздің әртүрлі толқыны бейнеленген карточкалар.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ

БӨЛІМ Релаксация

«Жаңа жылдық ертегі».

Педагог оқу қызметінің алдында И. Гуммельдің «Жүгіру» атты шығармасынабалаларды залға жеңіл жүгіртіп кіргізеді. Педагог балалардың музыка әуенінежүгірген қимылдарына қарап:

%4 Денемізді тік ұстаймыз, басымызды салбыратпай түзу ұстаймыз, жеңіл, әдемі ырғақты сақтап жүгіреміз.

%4 Балалар, қардың ауада қалықтап ұшатынын білесіңдер ғой? Иә. Қазір біз тербетіліп жүгіреміз. Жарайсыңдар! Шеңбер жасап, залдың ортасына келіп тұрамыз (балалар кілемнің үстіне келіп тұрады).

Музыкалық жетекші балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, қазір ойналатын музыкамен бірге қимылдар жасаймыз. Маған ілесіп қимылдарды орындайсыңдар, келістік пе? Иә. Онда бастаймыз.

Педагог:

%4 Балалар, екі қолымызды жоғары көтеріп, әдемі айқастырып, аяқтың ұшымен қалықтап, оң жаққа ақырын айналамыз. Жарайсыңдар! Енді, балалар, аяқтың ұшына тұрып, оң жаққа ақарындап айналамыз, сол жаққа ақырын айналамыз.Тамаша!

%4 Орнымызда тұрып, музыка әуенімен қолымызды шынтағымызбен бүгіп, бірге қозғаймыз және қол білезіктерін айналдырамыз, тамаша.

%4 Енді, орнымызда тұрып, музыка әуенімен солға бір-екі адым жасаймыз, қолымызды шынтақпен бірге қозғаймыз, жарайсыңдар!

%4 Орнымыздан оң жақ иығымызға қарай бұрылып, нәзік қимыл жасап айналамыз,

%4 Енді, орнымыздан сол жақ иығымызға қарай бұрылып, нәзік қимыл жасап айналамыз.

%4 Аяқтың ұшымен ақырын, екі тіземізді кезек көтеріп, қолымызды бүгіп, тіземіздіңүстіне қоямыз. Орнымызда тұрып айналамыз. Жарайсыңдар!

Балалар педагогпен бірге қимылдарды қайталайды.

%4 Балалар, тамаша болды! Рақмет!

Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші:

- Балалар, бүгін біз «Табиғат әуені» шығармасының оркестрлік нұсқасына музыкалық-ырғақты қимылдар жасап, жұптасып билеудің басқа да элементтерінүйренеміз

Музыкалық жетекші «Табиғат әуені» шығармасының оркестрлік нұсқасына балаларды екіден жұптастырып шеңберге тұрғызады. Музыканың сипатына сайырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Балалар шеңбер бойымен екеуден қолұстасып, вальс адымдарын жасайды да шеңбер бойымен қол ұстасып, жеңіл қалықтап жүгіреді. Балалар жұппен бірігіп, аяқтың ұшымен жеңіл адымдау элементтерін жасайды, орындарында тұрып, өзі тұрған орнын айналып, шеңбербойымен адымдап жүреді.

Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Соңында әрқайсысы өздері тұрған орындарында жеке-жеке айналып, аяқтың ұшымен жеңіл адымдар жасайды.
Жұппен бірігіп шеңберді айналып, қайтадан қол ұстасып, жеңіл жүгіріп барыптоқтап, бір-біріне қарама-қарсы қарап биді аяқтайды.

%4 **НЕГІЗГІ**

БӨЛІМ Ән тыңдау

Музыкалық жетекші балаларға:

%4 Балалар, қыс айы керемет, солай ма? Иә.

%4 Балалар, жақында қандай мейрам болады? Жаңа жыл болады. Жақсы.

%4 Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

%4 Суреттен нені көріп тұрсыңдар, балалар? Аяз атаны. Дұрыс!

Педагог Аяз атаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтар қояды:

%4 Аяз ата кім, балалар? Сыйлық алып келетін Ата. Дұрыс.

%4 Балалар, Жаңа жылда Аяз атадан сыйлық күтесіңдер ме? Иә.

%4 Балалар, Жаңа жылда Аяз атадан басқа кімнен сыйлық күтесіңдер? Ата-анамыздан. Тамаша!

%4 Балалар, Аяз ата туралы керемет шығарма бар, сол шығарманы тыңдап көрейікші?!

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз, денемізді еркін ұстаймыз. Б. Дәлденбаевтің «Қош келдің, Аяз ата» әні.

%4 Балалар, шығарма қалай аталады? «Қош келдің, Аяз ата».

%4 «Қош келдің, Аяз ата» шығармасының авторы кім? Б. Дәлденбаев.

%4 Енді, балалар, шығарманы тыңдаймыз. Балалар «Қош келдің, Аяз ата» әнінықылас қоя тыңдайды. Музыкалық жетекші музыканың сыр-сипатына көңілбөліп, балаларға түсіндіріп отырды.

«Теңіз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың музыканы есту, тыңдау, көру қабілеттеріндамыту. Ойынның барысы: балаларға үнтаспадан теңіздің дыбысы қосылған әуенді естірту. Балалар әуенді тыңдап болған соң, оны талқылап өз ойларымен бөліседі. Музыкалық жетекші композитордың жазған әуеніндегі кездесетін әртүрлі көңіл-күйге балалардың көңілін аударады. Әуенде толқын бірде ақырын,бірде қатты, бірде жәй естіледі. Содан соң музыкалық жетекші балаларды суретте көрсетілген теңіздің әртүрлі толқынымен таныстырады.

Музыкалық жетекші балаларға музыканы қайтадан тыңдатқыза отырып, балалардан теңіздің әртүрлі толқынын карточканың көмегімен көрсетуді сұрайды.

Жақсы ойнаған балаларға Аяз ата бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.

Дауысқа арналған жаттығулар

Музыкалық жетекші балаларды орындықтарға ыңғайлы отырғызып:

%4 Балалар, дауыс жаттығуларын жасар алдында қалай отырушы едік?
Балалар орындықтың шетіне отырады.

%4 Балалар, ерінмен жаттығу жасаймыз (еріннің үстін және астын тістеу, ерінді алға

бүрістіру, көңілді кейіпке ену, астыңғы ерінді түсіру - көңілсіз кейіпке ену).

%4 Енді, балалар, дауысты дыбыстарды әндеткенде келесі дауысты дыбысқа кедергісіз, әндетіп қосылуымыз керек.

%4 Уууааааоо.

%4 Уууууууууу,

%4 Енді, балалар менімен бірге қайталаймыз:

%4 Га-га-га,

%4 Ду-ду-ду,

%4 Ко-ко-ко,

%4 Ля-ля-ля.

%4 Тамаша, балалар!

Ән салу

Л. Хамидидің «Шырша жыры» әні.
(әні: Л. Хамиди).
Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, Жаңа жыл қарсаңында шыршаны безендірдіңдер ме? Иә.

%4 Шыршаны бәрің жақсы көресіңдер ме?

Балалардың бәрі бірдей дауыстап:

%4 Иә!

%4 Олай болса, балалар, сендер Жаңа жылды асығып күтіп жүрген соң, «Шыршажыры» әнін дайындадық. Сол әнді үйреніп алайық?!

%4 Л. Хамидидің «Шырша жыры», бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

%4 Алдымен, балалар, маған қосылып ән айтамыз, дауысымызды қатты шығармаймыз.

Музыкалық жетекші балалармен ән айтуды бастайды.

%4 Әнді хор мінбесіне барып айтады. Үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақты суретін көрсететін үлкен және кішкентай шыршаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап,алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші құстар» келді.

Педагог балаларға құстармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуғашақырады. Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызады. Қайырмасынбарлық топ қосылып, бірге орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақ соғып, сөздерін тағы да қайталап айтайықшы!

Керемет!

%4 Бүгін өте көңілді болды. Солай ма, балалар? Әнді бәріміз қосылып айтамыз,

«әнші құстар» да сендермен ән айтқылары келеді. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар қабылдағанша айтқызады.

Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, кеше біз сылдырмақ аспабында ойнадық!

%4 Сылдырмақпен қандай әнді ойнадық?

%4 «Ай жарқырап тұр» атты орыс халқының әуенін. Жарайсыңдар!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, «Ай жарқырап тұр» атты орыс халқыныңәуенін балаларға тағы да тыңдатады.

Педагог балаларға әнді тыңдатып, сұрақтар қояды:

%4 Әнде не туралы айтылады? Айдың жарқырағаны туралы.

%4 Балалар, ай қалай жарқырайды екен? Анық. Тамаша, балалар!

%4 Балалар, дыбысты тыңдап отырып, менімен бірге сылдырмақтарды сыңғырлатамыз. 1, 2 - 1, 2 бастаймыз.

%4 Тамаша, балалар, бүгін кешегіден жақсы ойнадыңдар!

Педагог балалармен әнді тыңдап отырып, сылдырмақтарды бірге сыңғырлатады.

«Ән салған кім?» музыкалық-дидактикалық ойын (тембрді айыруға

арналған ойын)

Ойынның мақсаты: балаларға дауыс тембрін ажырата білуді үйрету.

Ойынның барысы: балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақтағы балаларға теріс қарап отырған бала ән салған баланың дауысын тануы керек.Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.

Көп бала бар бөлмеде,Бірі
ғана ән салады.
Ал сырттағы

Кім екен деп тамсанады

Бір бала былай деп әндетеді.
Мен бақытты бөбекпін, Таудай
биік талабым,
Ән мен күйге зерекпін,
Бірден қағып аламын.

%4 ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог көтеріңкі көңіл-күймен:

%4 Балалар, Аяз атаның сыйлығын асыға күтіп жүрсіңдер ме? Иә.

%4 Балалар, енді мейрамда дем аламыз, Жаңа жылдарың құтты болсын! Рақмет!

%4 Бүгінгі оқу қызметінде қандай әнді тыңдадық? Қандай әнді үйрендік? Балалар,кім айтады? Аяз ата мен Шырша жыры туралы болды.

%4 Жарайсыңдар, балалар! Жаңа жылда Аяз атадан алған сыйлықтарыңды кейінбәріміз жиналғанда көреміз. Солай ма, балалар? Иә.

%4 Балалар, оқу қызметі ұнады ма? Жақсы, сау болыңдар!

Музыка: Дала аппақ

Күні 26.12

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

«Қыс қызығы», «Дала аппақ», «Аққала», «Қысқы серуен» сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, баяндау, көркем сөз, миға шабуыл, кері байланыс,пысықтау, портфолио, суретті көрсету, музыкалық-дидактикалық ойын.

Құрал-жабдықтар

%4 КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, дидактикалық ойын топтамасы, үнтаспа, шарлар, аспаптар бейнеленген картотекалар, портфолио, әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен және кішкентай қар ұлпалары картотекасы, «Әнші торғайлар» макеті, металлофондар, өрнекті қар ұлпалары бейнеленген таңбалауыштар, әр балаға суретті карточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын.

%4 ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Өрнекті қар ұлпалары бейнеленген таңбалауыштар, балалардың әрқайсына металлофон, әр балаға аспаптар бейнеленген картотекалар, әр балаға суреттікарточкалар: үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын.

Оқу қызметінің барысы

%4 КІРІСПЕ БӨЛІМ

%4 1. Сәлемдесу

Балалар Е.Тиличееваның «Жылқы адымы» атты шығармасының әуеніне педагогтің көрсетуі бойынша «жылқы адымы» жаттығуын жасап залға кіреді. Педагог балаларға:

%4 Балалар, мойнымызды сәл иеміз, енді жылқы сияқты жүріп келе жатып, шоқырақтап жүреміз. Жарайсыңдар!

Балалар жылқы адымынан кейін жай адымға ауысып, залдың ортасына келіптұрады. Педагог:

%4 Балалар, бәріміз үлкен, әдемі шеңбер жасап тұрайықшы! Міне, жарайсыңдар!Қазір, балалар, қыс айы. Қыс сендерге ұнай ма? Иә.

%4 Енді, балалар, жаңа қыс айына сәлемімізді жолдайық, қимылдарды меніменбірге жасаймыз:

Дала аппақ, қар аппақ (балалар қолдарын жандарына созады), Айналаның бәрі аппақ (балалар қолдарын жоғары көтереді).
Жаңа қысты қарсы алып (балалар құшақтарын жаяды),

Күнде айтамыз біз тақпақ (балалар қол білезіктерін айналдырады).

Педагог балалармен бірге қимылдарды қайталайды.

%4 Балалар, жарайсыңдар!

1.2. Музыкалық-ырғақты қимылдар

Музыкалық жетекші балалардың назарын аудару мақсатында қолымен шапалақтайды:

- Балалар, қазір орыс халқының «Ах вы, сени» әуеніне музыкалық-ырғақты қимылдар жасауды үйренеміз

Музыкалық жетекші орыс халқының «Ах вы, сени» әуеніне балаларды шеңберге тұрғызады. Музыканың сипатына сай ырғақты қимылдарды жасауды үйретеді. Педагог балалармен бірге шеңбер адымдарын жасайды да «галоп» адымын балаларға көрсетеді. Балалар жұптасып тұрады. Өзі тұрған орнын айналып «галоп» адымын жасайды. Шеңбер бойымен жүріп, қолдарын жоғары көтереді, орындарында тұрып, жеңіл секіреді. Орындарында тұрып жұптарымен оң жаққа, сол жаққа кезек-кезек қарап айналады. Аяқтарымен сол жағына, орнына, оң жағына, орнына жаттығуларын жасайды. Қимылдар музыкалық жетекшінің көрсетуі бойынша орындалады. Орыс халқының «Ах вы, сени»

әуеніне орындалатын негізгі адымдар «галоп», «тарпылдату», «аяқты қайшылау».

%4 НЕГІЗГІ БӨЛІМ

%4 1. Ән тыңдау

Музыкалық жетекші ән тыңдаудың алдында балалардың назарын тақтаға аударады:

%4 Балалар, бәріміз тақтаға қарайықшы?!

%4 Тақтадан кімдерді көріп тұрсыңдар? Балаларды. Жақсы.

Педагог жыл мезгіліне қатысты ой қозғау мақсатында балаларға сұрақтарқояды:

%4 Балалар, суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? Қыс. Жарайсыңдар!

%4 Қыс мезгілі екенін қайдан білдіңдер? Қар жауып тұр, балалар далада ойнапжүр. Тамаша, балалар!

%4 Балалар, қыста далада ойнап келген соң, кешке үйде не істейсіңдер?Балалар ойланып қалады.

%4 Музыка тыңдайсыңдар ма?

Кейбір балалар кешке қарай музыка тыңдайтындарын айтады. Олай болса, балалар, қысқы кеште тыңдап отыратын әдемі музыка бар, естіп көрейікші? М.Глинканың «Полька» шығармасы. Әуенін жазған М. Глинка.

%4 Балалар, бәріміз ыңғайланып отырып, қолымызды тіземіздің үстіне қоямыз,

денемізді еркін ұстаймыз.
Балалар музыканы тыңдап отырғанда музыкалық жетекші оның сыр-сипатымен таныстырады, мәнін түсіндіреді. Балалар музыкалық шығарманы тыңдап, сыр- сипаты мен екпінін анықтайды.

%4 Кәне, балалар, шапалақтап отырып, әуенді тағы да қайталап тыңдайықшы!

Керемет! Өте тамаша шығарма, балалар, солай ма? Иә.

Музыкалық жетекші шығарманы балалар қабылдағанша тыңдатады. Педагог шығармаға қатысты ой қозғау мақсатында балаларға «полька» биітуралы түсінік береді:

%4 Балалар, полька деген сөз жарты қадам мағынасын білдіреді. Балалар, бұлшығарма жұптасып билеуге арналған би. Қайталайықшы, балалар! Тамаша!

%4 Балалар, полька әуенін жазған орыс халқының ұлы композиторы, классик Михаил Глинка. Қайталайықшы, балалар. Жарайсыңдар!

%4 Композитор, классик - музыкалық шығармалары бүкіл әлемге танымал болған,атақты сазгер. Қайталайықшы, балалар! Жақсы!
Педагог балаларға шығарманы тыңдап болған соң, сұрақтар қояды:

%4 Балалар, біз бүгін қандай шығарманы тыңдадық? Полька.

%4 Полька деген сөз қандай мағынаны білдіреді? Жұппен билеу деген сөз. Тамаша!

%4 Әуенін жазған сазгер кім? Михаил Глинка.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

2.2. «Шар ұшты!» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әуен ырғағына ілесіп шеңбер жасап тұруғаүйрету.
Ойынның көрнекілігі: үнтаспа, шарлар.

Ойынның барысы: балалар шеңбер жасап шардың үлкендігін, пішінін көрсетеді.

«Шар үрлейміз!» - деген белгіге балалар ортаға жиналып, аузымен үрлей отырып, шеңбер құрастырады. «Шар ұшты!» - дегенде музыка ырғағымен шеңбер жасап айналады. Дабыл соғылғанда балалар шардын жарылғаның көрсетіп, қолдарын босатып жібереді. Осы шартты орындай алмаған бала әннемесе тақпақ айтып, би билейді. Жақсы ойнаған балаларға өрнекті қар бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі. Педагог:

%4 Балалар, осы жылдан бастап әрқайсыңда жеке портфолио бар екенін ұмытқан жоқсыңдар ма? Сол портфолиоға бүгінгі алған таңбалауыштарыңды да сала беріңдер. Жылдың аяғында кімнің портфолиосы толық болады, сол балаға сыйлық беріледі. Балалар, маған портфолиоларыңды ашып көрсетіңдерші!
Жарайсыңдар, енді таңбалауыштарыңды салып қойыңдар.

2.3. Дауысқа арналған жаттығулары Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

%4 Балалар, денемізді тік ұстап, орындықтың шетіне отырамыз.

%4 Балалар, тауда келе жатып, бір-бірімізден көз жазып қалдық. Бір-бірімізді табуүшін қалай айғайлаймыз?
Балалар, үндемей қалады.

%4 Балалар, алдымен ақырын «ауууу» дейміз. Кәне бәріміз, ақырын «ауууу» дейміз.Балалар қайталайды.

%4 Біздің дауысымызды ешкім естімеді, енді сәл дауысымызды көтеріп, тағы да «ауууу» дейміз. Балалар
қайталайды.

%4 Балалар, дауысымызды ешкім естімеген сияқты ғой, енді қаттырақ "ауууу"дейміз. Балалар қайталайды. Сол кезде «ауууу» деген жаңғырық естіледі.

%4 Естідіңдер ме, балалар, біз іздеген адамдар табылды.

Педагог балаларға картон қағаздан жасалған аспаптарды (домбыра, сыбызғы,қобыз, дабыл) үлестіріп береді.

Балалар, бәріміз «Көңілді музыканттар» болайықшы!?Балалар таңырқап қалады.

Балалар, аспаптардың үнін әндете отырып, аспапты ұстау, аспапта ойнау ерекшелігін көрсетуі керек.

%4 Мен сөздерін айтып отырамын, сендер аспаптарда ойнап отырасыңдар, керек жерінде сөзін қайталайсыңдар. Мысалы, «дан-диги-дан» дегендеқайталайсыңдар.

Бастаймыз, балалар!
Домбыраны қолға алып,
Ән айтамыз толғанып.
Дан-диги-дан. Қобыз
аспап киелі,Оны бәрі
сүйеді.
Пара-ри,пара-ри.
Сыбызғыны үрлейміз,
Жалқаулықты білмейміз.
Ду-ду-ду.
Трам-та соқса барабан,
Қызыға жұрт қараған.
Трам-та-та.

%4 Жарайсыңдар, балалар!

2.4. Ән салу

Л. Хамидидің «Дала аппақ» әні.(әні: Л. Хамиди).
Музыкалық жетекші:

%4 Балалар, қыстыгүні дала қандай түрге енеді?

Балалардың бәрі бірдей дауыстап:

%4 Аппақ!

%4 Олай болса, балалар, қыс мезгіліне арналған «Дала аппақ» деп аталатын әнбар. Сол әнді үйреніп алайық?!

%4 Л. Хамидидің әні «Дала аппақ». Бәріміз орындықтың шетіне отырып, кең тынысалып, ән айтуға дайындалайық.

%4 Алдымен, балалар, әнді ақырын менімен қосылып айтамыз, дауысымыздықатты шығармаймыз. Музыка жетекшісі балалармен ән айтуды бастайды. Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды.

%4 Балалар, әніміз тамаша айтылып жатыр! Жарайсыңдар!

Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен қар ұлпалары, кіші қар ұлпаларына қарап, әннің ырғағын дәлсақтап, алақан соғып жаттықтырады.

%4 Балалар, тамаша әнімізге қосылуға «әнші торғайлар» да келді.

Балаларға торғайлармен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады.Музыкалық жетекші әннің үш шумағын үш топқа айтқызады, қайырмасын

барлық топ қосылып орындауды үйретеді.

%4 Кәне, балалар, шапалақ соғып әннің сөздерін тағы да қайталап айтайықшы! Керемет!

%4 Бүгін өте көңілді болды. Балалар, солай ма? Әнді бәріміз қосылып айтамыз,

«әнші торғайлар» да сендермен ән айтады. Музыкалық жетекші балаларға әнді қайталатып, балалар әнді қабылдағанша айтқызады.

2.5. Музыкалық аспаптарда ойнау

Музыкалық жетекші балалардың бәріне металлофонды үлестіріп береді де:

%4 Балалар, қазір мен мына металлофон аспабында ойнаймын, ал сендер меніменбірге қайталап отырасыңдар. Келістік пе? Иә.

%4 Балалар, металлофонды алдымызға ыңғайлап қояйық. Балалар, металлофондаойнауға дайындалайық!

Педагог интербелсенді тақтаны қосып, қыс мезгілінен көрініс көрсетеді.

%4 Қандай көрініс көріп тұрсыңдар, балалар! Аппақ таулар. Дұрыс.

%4 Таудың басынан не байқап тұрсыңдар? Желді. Тамаша!

%4 Балалар, қыстыгүні тау басындағы жел қандай болады? Суық. Жақсы!

%4 Ал, қыстыгүні жылы жел бола ма? Болмайды. Жарайсыңдар!

%4 Енді, музыканы тыңдап отырып, менімен бірге металлофонда ойнаймыз.

